

Дәріс сабақтары

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіне реформалар жүргізу бүгінгі заманғы қоғамға сай кәсіби мамандарды даярлау ісін жетілдіруді қажет етеді. Осындай жағдайда жоғарғы білікті, мұрағаттарда жұмыс істей алатын, түрлі бірлестіктердегі іс қағаздарын жүргізуге қабілетті мамандарға деген сұраныс жылма-жыл арта берері де анық.

Студенттер мен оқытушыларды мұрағат ісіне оқытып, дайындаған кезде пәндер кешені арасынан «Мұрағаттану негіздері» курсы маңызды орын алады. Ол болашақ қызметкерлерді мұрағаттану ісі бойынша теориялық, әдістемелік біліммен сусындатып, мұрағаттануда жұмыс жасаудың жай-жапсарын айқындап береді.

Әйтсе де, республикада бұл мамандыққа қатысты арнайы жазылған оқу құралдары жоқ десе де болады. Әсіресе қазақ тіліндегі оқулықтарды күндіз шаммен іздеп таппайсың. 2003 жылы баспадан М. Хасанаев және басқа авторлар (М.Дәкенов, т.б.) бірлесіп орыс тілінде «Архивоведение» атты орыс тілінде оқу құралын шығарған болатын. Енді сол жобаның негізінде әрі ұлттық тілде қоғамға жетпей кемшін кетіп жатқан бірқатар олқылықтарды толықтыру мақсатында аталмыш оқу құралы болашақ тарихшы мамандарға және іс-қағаздарын жүргізушілерге, сондай-ақ қалың көпшілікке ұсынылып отыр.

Оқу құралында мұрағат ісін ұйымдастырудың тарихи кезеңдері, республикалық мұрағат қызметінің негізгі теориялық-методикалық мәселелері, олардың құрамы мен мазмұны, қазіргі кездегі өзекті проблемалары, мұрағат ісі бойынша заңнама сауалдары қарастырылады. Бүгінгі таңдағы мұрағат мекемелерінің ғылыми жұмысын ұйымдастыру мен әдістемесіне ерекше назар аударылған.

Бірінші тарауда Қазақстанда мұрағат ісінің кеңестік дәуірде қалыптасуы және қазіргі күнгі дамуы, сондай-ақ осы кезеңдердегі заңнамалық негіз талданған.

Екінші тарауда Ұлттық мұрағат қорының негізгі дерек көзі болатын Қазақстандағы кейбір ірі мұрағаттардың құрамы мен мазмұны, Мемлекеттік мұрағаттардың құрылу тарихы сөз болады.

Үшінші тарауда мынадай бағыттар ашылып көрсетілген: сақталуды қамтамасыз ету, құжаттардың құндылығына сараптама; мұрағаттарды жабдықтау; құжаттық материалдарды есептеу; ғылыми-ақпараттық аппарат жүйесі, қорларды ғылыми-практикалық пайдалану, т. б.

Оқу құралының соңында қосымша ретінде жекелеген тақырыптарды жан-жақты түрде ашып көрсету үшін орыс тілінде азын-аулақ материалдар берілді. Бұл авторлардың пікірінше ұзақ жылдар бойы орыс тілінде жүргізіліп келген құжаттар мәніне терең үңілуге, іс-қағаздарының тұрпатына,

мұрағат мекемелеріндегі материалдар кескіндеріне терең үңілу үшін де аса қажет.

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Мұрағаттану негіздері пәнін оқуды бастамас бұрын төмендегі кәсіби терминдердің мән-мағынасымен танысып алған жөн, себебі олар негізгі түсініктемелік аппаратты құрайды және мұрағат терминологиясына кіретін кейбір мәселелерді нақтылай түседі.

Мұрағат ісі – Ұлттық мұрағат қорын құрайтын мұрағат, мұрағат қорлары мен коллекциясының қалыптасуын, оларды сақтау мен пайдалануды ұйымдастыратын жеке және заңды тұлғалардың қызмет аясы.

Мұрағат құжаты – сақталған немесе қоғам үшін маңызы болғандықтан сақталуы тиіс, сондай-ақ оның иегері үшін құнды болып табылатын құжат.

Мұрағат – мұрағаттық құжаттар жиынтығы, мұрағат мекемесі, сондай-ақ мұрағаттық құжаттарды қабылдап, оны пайдаланушылар мүддесі үшін сақтайтын мекеменің, бірлестік немесе кәсіпорынның құрылымдық бөлімі.

Мұрағат қорлары – қор жасаушы қызметі аясында қалыптасқан және бір немесе бірнеше белгілері бойынша топтастырылған құжаттар жиынтығы.

Мұрағат коллекциясы – өзара тарихи және логикалық тұрғыдан байланыстағы құжаттар жиынтығы.

Ведомстволық мұрағат – мемлекеттік заңды тұлғаның мекемесі немесе құрылымдық бөлімі, онда жинастыру, уақытша сақтау және Ұлттық мұрағат қорына кіретін, сонымен қатар оның құрамына кірмейтін құжаттарды пайдалану істерімен айналысады.

Мемлекеттік мұрағат – жинастыру (сатып алу, иелікке алу), тұрақты сақтау мен Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру құқығына ие мекеме.

Құжаттар көшірмесінің мемлекеттік сақтандыру қоры – мемлекет үшін аса маңызды және олар жоғалған кезде орны толмайтын Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттар көшірмесінің сақтандыру жиынтығы.

Құжат – материалдарда реквизиті бар әрі оны идентификациялауға болатын ақпараттар.

Ұлттық мұрағат қоры – барлық мұрағаттардың, мұрағат қорлары мен коллекциясының, құжаттық ескерткіштердің, ұлттық құндылықтар ретінде танылған ерекше тарихи, ғылыми, саяси немесе мәдени мәні бар құжаттардың жиынтығы.

Жеке мұрағат – жинастыратын, сақтайтын және Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын, сондай-ақ оның құрамына енбейтін құжаттарды пайдаланатын мекеме немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімі, не болмаса жеке тұлғаның қызметі кезінде қалыптасқан мұрағаты, жиналған (иелік еткен) құжаттары.

1. «Мұрағат ісі» түсінігі нені білдіреді?
2. «Мұрағат» түсінігі не мағына береді?
3. Сіз мұрағаттанудың негізгі терминдерін қалай түсінесіз?

I. ҚАЗАҚСТАНДА МҰРАҒАТ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1.1 Қазақстанда мұрағат ісінің бастауларының алғышарттары

«Мұрағат» сөзі Еуропада дүниеге келген, түп – төркіні құжат қоймасы, жинақталған құжат қазынасы деген ұғымды білдіреді. Ресейде бұл сөз ресми түрде Петр I заманынан бері қарай сіңіскен. 1724 жылғы 5 тамызда Мәскеу Коллегия конторы жанынан «мемлекеттік және т.б. ескі іс - ағаздарың [20, 53 б.] үшін ведомстволық мұрағат ашу ұйғарылады. Міне, осылайша мұрағат ісі негіз қалап, келер ғасырларға шеру тартып жөнелген.

XIX ғасырдың 70 жылдарында таңдаулы мұрағатшылардың жұмыла көмектесуімен журналист Н.И. Новиков «Көне Ресей библиофикасының он томдығын дайындап шығаруы зиялы қауым ойында мұрағат атаулыға ізгі сүйспеншілікті оятып кетеді. Ескіден мирас болып сақталған мұндайлық қазына барынан мүлдем бейхабар қалың жұртшылық хатқа түскен жазба мұраларды, таңғажайып ескі грамоталарды, шежіре беттерін қолдан қолға өткізе отырып оқып, мұрағат күдіретіне таң – тамаша қалысады. Көп ұзамай Ресейдің әртүрлі қиырларына ескі құжаттар мен іс қағаздарын іздестіріп, жинау, бір жүйеге түсіріп қаттау мақсатында түрлі археографиялық экспедициялар шығарылды. 1811 жылы мұрағат жанынан құрылған «Мемлекеттік грамоталар мен келісім шарттарды басып шығару комиссиясың XIII-XVIII ғасырлардағы 1000 тарихи құжатты қамтитын бас томдық жинақты жарыққа шығаруы мұрағат жұмысына тың тыныс беріп өтеді [17, 31 б.]. Өйткені, 1812 жылғы Отан соғысында жеңіп шыққан Ресейдің тап сол кездегі рухани өмірде патриоттық сипаты ерен аталмыш жинақтың алғашқы үш томы өте – мөте серпінді қызмет атқарған еді. Енді әдебиетші, тарихшылардың рухани толысып – түлеген бір топ шоғыры өмірге тың туындылар әкеледі. Н.М. Карамзиннің 8-томдық «Ресей мемлекетінің тарихың атты еңбегінің үш мыңдық данасы небары 25 күннің ішінде тарап кетуі де заман мүддесі мен жұртшылық ынтызарын әйгілей түскені шүбәсіз. Нақ осы жылдарда Мәскеудің коллеждық мұрағатында әлденеше дипломаттар, мемлекеттік және әскери қайраткерлер, публицистер мен әдебиетшілер тырнақалды қадамдарын жандандырады.

Қазақ елінің тарихында мұрағат істерінің дамуының көш басында Ішкі Орда тұратындығы сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралың заңында «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры – Қазақстан халқының тарихи – мәдени мұрасының ажырамас бөлігің деп көрсетілген. Қоғамның тарихи тәжірибесін бейнелейтін мұрағат құжаттарының құндылығы мен маңыздылығы ерекше. Еліміздің аса бай рухани қазынасы болып табылатын мұрағат ісі XVIII ғасырдан, яғни 1794

жылдан бастау алады [25, 2 б.]. Ол туралы былай делінеді: «Іздестіру, зерттеу жұмыстарының нәтижесі бүгін мүлдем басқаша тиянаққа келтіріп отыр. Бұл деректерге қарағанда Қазақ елінің қағазға түскен алғашқы мұрағаттары мен құжаттары және солар сақталған қоймалардың іргетасы осыдан 200 жыл бұрын қаланған. Екінші сөзбен айтқанда қазақ өлкесіндегі тұңғыш мұрағат құжаттары мен мән – мағынасы зор басқа да жазба мағлұматтар 1794 жылдан бастау алып, олар Бөкей ордасының өмір сүруімен, оның билеушісі Бөкей ханның жүргізген әмірімен байланысты қалыптасқан.

Мәселен, Бөкей ханның, оның серіктестері мен қол астында қызмет қылған адамдардың тиісті орындарға жолдаған, иә сол орындармен жазысқан хаттары мен басқа да құжаттар осы мұрағаттың негізін құрайды [21, 52 б.]. Бұл құжаттарда Ішкі Орданың (Бөкей Ордасының) саясаты, экономикасы, тұрмысы, әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі, тілі туралы һәм көршісі Ресеймен қарым – қатынасы хақында мәліметтер айтылған.

Кейіннен аталмыш мұрағатың қоры таратылып, сол қорда тұрған құжаттардың бар әмбесі басқа құжаттардың құрамына кіріп, сіңісіп кеткен. Бірақ жоғарыда көрсетіліп өткен фактінің өзі Қазақ елінде мұрағат ісі нақ сол 1794 жылы туды деп айтуымызға толық негіз береді. Өйткені табылып отырған құжаттар - өзгермейтін, дау – дамайсыз, бұлтартпас айғақтар.

ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 тамыздағы № 1135-ші «Қазақстандағы мұрағат ісіне 2000 жылға атты қаулысында Қазақстан тарихында мұрағат ісінің пайда болуын былайша атап көрсетеді: «Алғашқы мұрағат Батыс Қазақстан аймағындағы Ішкі орда қалыптасып, Бөкей хандығының мұрағаты атауымен белгілі болды [27, 12 б.]. Міне, сол мұрағат қоры Қазақстан Республикасының қазіргі Ұлттық мұрағат қорының басты бөлігін құрайды.

Ішкі ордадағы мұрағат ісінің бастауында Әбілхайыр ханның ұрпағы Бөкей сұлтан тұрды [18, 23 б.]. Ішкі ордада мұрағат жүргізу ісін жалғастырушы Жәңгір Бөкейұлы болғандығын 1925 жылғы 9 мамырда Бөкей губерниясы мұрағатының меңгерушісі В.И. Жабин өз баяндамасында атап көрсетеді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін Ресей федерациясы Астрахан облыстық мемлекеттік мұрағаты қорынан табылған деректерді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

1845 жылы тамызда Жәңгір хан өлгеннен кейін көп кешікпей Бөкей Ордасында хандықты басқару жөніндегі Уақытша Кеңес құрылғаны мәлім [5].

Осы ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің Ордаға қазыналық мекемелер салу жөніндегі 1876 жылғы 18 наурыздағы № 49 қатынас қағазға байланысты жасалған тізімдемеге назар аударсақ,

төмендегідей жағдайға қанығамыз. Тізімдемеде салынатын мекемелердің мынадай жобасы мен сметалары көрсетілген [22, 4-5 пп.]:

- 1) Ішкі Ордада салынатын қазыналық мекемелердің жобасы;
- 2) Ішкі ордаға көшетін басқармаға салынатын жайдың сметасы;
- 3) 84 казак – орыс тұратын әскери казарма сметасы;
- 4) Оларға арнайы салынатын ас үй мен наубайхана сметасы;
- 5) Казак – орыстардың мініс көліктеріне арналған ат қора сметасы;
- 6) Басқармаға қарасты мұрағат үйінің сметасы;
- 7) Салынатын мекемелерді құмнан қорғайтын кірпіш қабырғалар тұрғызу жөніндегі смета;
- 8) Ордадағы жәрмеңке өтетін аланды жөндей туралы смета [22, 21 п.].

Біз үшін бұл деректердегі құнды мәлімет Бөкей Ордасында өртке төзімді мұрағат үйін салу болып табылады.

Мұрағат үйінің ұзындығы 10 сажен (21 метр), ені 3 сажен (6 метр), ал биіктігі 6,5 аршын болып жобаланған.

Назар аударатын бір ерекшелік мұрағат үйін қызыл таспен салыну жоспарланып, өрт қауіпсіздігін сақтағаны.

Салынатын мұрағат үйінің кескіндемесінен байқайтынымыз мұрағат іші бөлмелерге бөлініп, әр бөлмеге арнайы терезелер салынған. Жобадан көріп отырғанымыздай, мұрағат үйінің сызбасы, фасады, кескіндемесі қоса көрсетілген. Смета бойынша мұрағат үйінің құрылысына керекті шеберлердің еңбек ақысы, атқаратын қызметтеріне дейін нақты көрсетілген.

Құрылысқа қажетті жер қазушы – 1, тас қалаушы – 2, жұмысшы – 1, ағаш шебері – 2, ағаш ұстасы – 2, пеш салушы – 2, сылақшы – 2, шатырды жабу жұмыстарына – 2, ұста -2, әйнек кесуші -2 адам алған [22, 17 п.].

Ішкі ордада салынатын қазыналық мекемелердің сметасын 1875 жылдың қантар айында жасақтаған сәулеткер, академик Вебель болды.

Жасақталған жобаны техникалық – құрылыс комитеті журналының жазуы бойынша, 1876 жылы 15 қантарда қарап, бекіткен комиссия төрағасы Н. Богдановский, мүшелері К. Маевский, Э. Киберь, А. Штукенбергг, В. Львов, П. Меркулов болды.

Жобаның түпнұсқасына сол жылдың 23 қантарында Санкт – Петербург қаласында Ішкі Істер министрі генерал – адъютант Тимагиев қол қойған [22, 12 п.].

Салынатын құрылысқа, яғни басқарманың кеңсесі үйіне 21.079 руб. 79 коп [22, 3 п.], мұрағат үйіне 10.999 руб. [22, 4 п.], әскери казак – орыстар орналасатын казармаға 28.020 руб. 4 коп. [22, 8 п.], ас үй мен наубайханаға 6962 руб. 1 коп. [22, 36 п.], ат қораға 7620 руб. 11 коп [22, 16 п.] ақша бөлінген.

Мұрағат үй құрылысының жүргізілуінен түйіндейтін қорытынды сол кезеңде де мұрағат істеріне ерекше көңіл бөлінгені назар аударарлық іс.

Ішкі ордадағы мұрағат ісінің бастауында Әбілхайыр ханның ұрпағы Бөкей сұлтан тұрды [20, 19 б.]. Ішкі ордада мұрағат жүргізу ісін жалғастырушы Жәңгір Бөкейұлы болғандығын 1925 жылғы 9 мамырда Бөкей губерниясы мұрағатының меңгерушісі В.И. Жабин өз баяндамасында атап көрсетеді.

Қазақстандағы мұрағат ісінің дамуына РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 1 маусымдағы «РСФСР – дағы мұрағат істерін орталықтандыру және қайта құру атты Декреті өзінің игі ықпалын тигізді.

Декретте көрсетілгендей:

- мұрағат құжаттары бүкілхалықтық меншік болып табылады;
- мұрағат құжаттарын сақтаудың орталықтандыру ісін жетілдіру;
- мұрағаттардың ведомствалар мен құжаттарды жинақтауда өзара тығыз байланысын орнату;
- мұрағат қорларын жинақтауды рационалды ұйымдастыру және пайдалану мәселелері күн тәртібінде тұрды [38, 21 б.]. Кеңес үкіметі бұл Декреттен кейін де ел аумағындағы мұрағаттардың сақталуы мен оны қорғауы ісі туралы төрт акті қабылдады [4]. Кеңес үкіметінің мұрағат істері туралы қабылдаған актілері Қазақстанды ақ гвардияшылар мен интервенттерден азат еткеннен кейін іле – шала жүзеге асырыла бастады. Қазақ әскери революциялық комитетінің бастамасымен кеңес орындары мен жергілікті тұрғындарғ үндеу тасталды. Үндеуде құрылып жатқан губерниялық мұрағат қорына төңкерістенн бұрынғы «қараусызң қалған құжаттарды, имениелерде табылған және жеке тұлғаларда жинақталған материалдарды тапсыру қажеттілігі туралы атап көрсетілді [5].

Қазақстан мұрағатының тарихы соңғы үш-төрт жылға дейін В.И. Лениннің «Ресей Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасында мұрағат ісін орталықтандыру және қайта құру туралы Декретінен басталадың - деп дәріптелді. Мұндай тұжырым Коммунистік партия идеологиясының әсерінен, не мұрағат құжаттарын терең зерттемеуден туды. Оған дәлел жеткілікті.

Кеңес үкіметі құрылғаннан кейінгі Бөкей губерниялық мұрағаты бюросының тұңғыш бастығы Михаил Корнеевич Дацконың «Мұрағаттағы деректерге қарағанда Бөкей мұрағаты 1794 жылы құрылғанң, - деп көрсетуі нақты айғақ болады. Екіншіден, М.К. Дацкодан кейін болған мұрағат меңгерушісі И.В. Жабин баяндамасында «Бөкей губернесінің мұрағаты Ішкі Қырғыз (қазақ) Ордасы кезінен бері, яғни, 1794 жылдан бастап ұйымдастырылды, бірінші мұрағаты хан құрды. Ол хан жанында болдың - деп тайға таңба басқандай етіп жазғанымен оған назар аударылмады, мән берілмеді [20, 23 б.].

Тек Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін Орал облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкерлері В.А. Иночкин мен М. Ащығалиевтің Астрахань мұрағатынан «Бөкей мұрағаты Ішкі Қырғыз Ордасында (қазақ) 1794 жылы ұйымдастырылды және ханның жанында ұйымдастырылып, оның кезінде өмір сүрдің - [17, 22 б.] деп жазылған деректі құжатты тапқаннан кейін еліміздің мұрағатының тарихы 1994 жылы екі ғасырға бір – ақ көтерілді.

1800 жылдың 30 желтоқсанында Астрахань губернаторының құпия кеңесшісіне жазылған хабарламадағы «Назад тому несколько лет по воле его Императорского величества в Киргиз-Кайсацкой Малой Орде учрежден Ханский совет из честных людей... Над коими ... утвержден Высочестепенный Букей сунан Нуралихановц, - деген сөз бәтуға тұрарлық. Осы хабарламағы «осыдан бірнеше жыл бұрынң [18, 15 б.] деген сөз хан мұрағатының құрылу мерзіміне сәйкес келеді.

Екінші айғақ – 1797 жылы 10 қарашада мұрағатшы Михеевтың Ішкі Орда Хан ставкасында өрттен қаупсіз «отқа жанбайтынң мұрағат қрылысының смета бойынша біткендігі туралы хабарламасы, құрылысқұны 10999 сом 34 тиын тұратын осы сметаға губерnelік инженер – архитектор Карл Маевскийдің жасаған жобасызбасы қоса тіркелгендігі, оны құрылыс – техника комитетінің бекітуі. Бұл деректер Қазақстан мұрағаты тарихының 1794 жылдан басталғандығына дау тудырмаса керек [22, 23 п.].

1917 жылға дейінгі Ішкі Ордадан басқа аймақтағы Қазақстан тарихына байланысты деректер патша өкіметінің Орынбор, Түркістан, Дала генерал – губернаторлықтары мен Шекара комиссиясында, Ішкі Істер министрлігі, Жер және Халық ағарту министрліктерінде, т.б. ведомстволық мекемелердің мұрағаттарында сақталды. Ол құжаттардың бірсыпырсы 1921 жылдан бастап Қазақстан мұрағаттары қорына өтті. Олардың ішінен ерекше бөліп назар аударарлық құжаттар: 1733 жылғы 17 мамырда Ресей елшісі майор Угрюмовтың Жоңғар ханы Галден Церенге барған сапары жөніндегі жазбалары, Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатына қатысты деректер [22, 36 п.]. Сырым, Махамбет, Есет көтірбарұлы, кенесары көтерілістері, сол кездегі әкімшілік, басқару жүйесі, халық тұрмысы, ел, жер жағдайына қатысты т.б. құжаттар. Сонымен қатар 1836 жылғы көтерілістің болу себептері туралы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың сұлтан Медет Шөкіұлына хаты, Кенесары Қасымовтың Шекті руы билерін көтеріліске шақырған хаты сирек кездесетін құнды құжаттар есеінде сақталуда.

Қазан төңкерісіне дейінгі негізгі құжаттардың алыс және таяу шетелдерде сақталғанына тарих куә. Оның әртүрлі заңды, заңсыз себеп – салдарлары бар. Ең алдымен, мұрағат жинау, сақтау ісінің қанымызға сіңбей, дәстүрімізге еенбеуі басты себеп болды.

Екіншіден, қазақ даласына жасалған қиян –кескі шапқыншылықтар, Ресейдің отарлау саясаты тарихи деректерді бір орталыққа жинақтауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да 1917 жылға дейінгі деректі құжаттар Қазақстан мұрағат қорларында кемшін.

Сол үші де Қазақстанда кеңестік мұрағат ісінің қалыптасуы 1918 жылғы 1 маусымдағы Декреттен басталатындығы дау туғызбайды. Бірақ Қазақстан аймағында мұрағат бірден қалыптасып кете алмады. Оған сол кездегі әскери интервенция, азамат соғысы, әкімшілік – аймақтық бөліну шаралары, Қазақстан астанасының бірнеше рет ауыстырылуы кері әсер етті.

Республиканың даму тарихымен бірге Қазақстан мұрағаты де елеулі кезеңдерді бастан кешті. Қазақстанда алғаш рет 1919 жылы РСФСР Бас Мұрағат Басқармасының Орынборда өкілдігі ашылды.

1920 жылдың наурыз, мамыр, шілде және желтоқсан айларында Кирөлкелік әскери комиссариаттың тарих – статистика бөлімі тарапынан мұрағат ұйымдастыру жөнінде мәселелер көтеріліп, ұсыныстар жасалды. 1921 жылы 5 сәуірде Қазақ Өлкелік Бас мұрағат ұйымдастырылды. Ол 1922 жылғы күзде Өлкелік Орталық мұрағат деп аталды [16, 29 б.].

Қазақстанның мұрағат ісін жақсарту мақсатында 1922-1936 жылдары арасында ҚазАССР Орталық өлкелік мұрағаты, губерниялық, уездік, аудандық мұрағаттар туралы бес рет Ереже қабылданды.

Өлкелік Орталық мұрағат 1925 жылғы шілденің ортасына дейін Орынбор қаласында, онан астананың Қызылордаға қоныс аударуына байланысты Қызылордаға көшіп келіп, 1928 жылдың аяғына дейін жұмыс істеді.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1938 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығымен Орталық мұрағат басқармасы және оның жергілікті мекемелері қазақ ССР-і Ішкі Істер Халық Комиссариатының қарауына берілді. Облыстық мұрағат мекемелері тиісінше Ішкі Істер Халық Комиссариаты басқармасының бөлімшелері болып табылды [18, 22 б.].

Қазақстан мұрағатының тарихы да «мың өліп, мың тірілген» өз халқымен тағдырлас. Әсіресе, 1917-1919 жылдар арасында мұрағат құжаттары жау мүлкіндей тоналды, тағдыр тәлкегіне түсті. Оған басты – басты мына деректер тілге тиек болады.

Ең алдымен, Қазақстанның алғашқы астанасы Орынбор губерниялық мұрағатының жәйі туралы 1919 жылы 23 қыркүйекте уақытша өкіл А.П. Михайлов, мұрағат комиссиясының бұрынғы мүшесі Л. Курашевский, халық ағарту бөлімінің өкілі С. Перторвтардың жасаған актісін оқып көрейік: «Бір сөзбен айтқанда, бұрынғы әскери мекемелердің мұрағат істері жойылған. Мұрағат ісінің мұндай қиратылуы бірінші рет большевиктердің Орынборға келуінен басталғандығы бізге белгілі. Олар мұрағаты тонады, оның үстіне мұрағаты өртеуге әрекеттенді. Осыдан кейін мұрағат иесіздікке ұшырады. Жергілікті тұрғындар, солдаттар, балалар мұрағат құжаттарын ұрлай

бастады. Бұл тонауды 1918-1919 жылдары келген казактар онан әрі жалғасытырды. Әсіресе, 1918-1919 жылдардың қысында тонау бұрынғыдан да күшейіп жергілікті тұрғындар буда – будасымен тасып отқа жақтың [22, 22 б.].

Астана болып тұрғар Орынбордағы мұрағаттың жағдайы осындай болғанда, Қазақстанның атты казактар мен бүлікшілер ойран салған алыс аймақтардағы мұрағаттардың қандай халде болғанын дәлелдеп жату артық.

Батыс Қазақстанда Кеңес өкіметінің алғашқы орнау жылдарында Бөкей мұрағатының халі мүшкіл болды. Сондықтан Қазақстан Өлкелік Орталық мұрағат меңгерушісі А.Л. Мелков ҚазАтком Президиумына 1925 жылғы 31 наурызда (№262) «Ордадағы мұрағат апатқа ұшырау жағдайында..Оны құтқарудың жалғыз жолы – Орынборға тездетіп жеткізу - [22, 19 п.] деп дабыл көтерді. Бұл дерек Бөкей хан мұрағатының тағдырын айқындайтындығы сөзсіз.

Үшіншіден, Қазақстан мұрағатын сөз еткенде, кейбір мекеме басшылары мұрағаттардағы деректен өздерінің, е туған – туыскандарының бұрынғы қылмысты әрекеттерінің негізін құрту үшін құжаттарды істен жыртып алды, тонады.

Оған дәлел ретінде 1922 жылы 18 наурызда Жетісу облыстық соты мұрағатындағы жағдай туралы облыстық мұрағат қорының ғылыми қызметкері Я.С. Войцеховскийдің жасаған актісін және оның өз бастығына хабарламасын оқып көрейік: «облыстық төтенше комиссия әкімшілігі тұтқындарға істерді тарқаттырып алып, аулаға лақтырған [22, 32 п.]. Кейін мұрағаттарды қайта жинатқанда бірсыпыра мұрағат құжаттары, тізімдемелері жоғалған. Әсіресе, бұрынғы келістіруші сот пен прокурор камерасындағы мұрағат істері төзгісіз бүлінген - деген сөздердің астарында көптеген сырдың жатқандығы айдан анық.

Төртіншіден, Қазақстанға қатысты мұрағат құжаттарына жаны ашымай, оны ел, мемлекет тарихы деп қарамаушылықтан (дұрысы халық байлығына, мемлекет тарихына қастандық жасаушылық деп ұғынса да артық емес) көптеген құжатты деректер буда – будасымен сатылғанын айту ләзім. Себебі 1922 жылы 8-ші желтоқсанда ҚазАССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы С. Сейфуллин Мұрағат құжаттарын сатуға, жоюға тиым салу туралы барлық кеңестік мекемеерге шұғыл хат жазды. Соған қарамастан Ғұбайдуллин, Ғалиасқаров дегендерге Орынбор округтік мұрағатбюро 1923 жылы (№9 акті) қазақ тарихына қатысты 1903-1917 жылдардағы 375 кітапты (7 пуд 20 қадақ), 24 наурызда (№2 акті) Орынбор және Самар губерниясы генерал – губернаторының және Шекара комиссиясының Торғай басқармасына қатысты 28 пуд, 12 шілде 1923 жылы (№141 - акі) Орынбор губерниясі бойынша 1897 жылы өткен Бүкілресейлік санақ (Орынбор губерниясы бұл кезде Қазақстанның қанша жері, елі қарағанын көзге

елестетіп көріңізші) материалдарынан 106 пуд, әртүрлі мекемелердің мұрағатынан 110 пуд мұрағатты, 2231 кітабын сатқан. Мұндай актілер саны жүздеп саналады. Қазақстан тарихына қатысты мыңдаған пуд мұрағат деректері әртүрлі әрекетпен жойылған. Ал онда қандай құжаттар кетті? Ол тізбені оқысаң жаның ауырып, жүрегі сыздайды. Оған көз жеткізу үшін тілге тиек етер деректі санаулылары мыналар: «генерал – губернатордың 1888, 1890, 1893, 1894, 1899, 1900, 1911-1913, 1915 жылдардағы есебіне Торғай облысы бойынша қосымшалар А.Е. Алекторовтың «Торғай облысының халық ағарту аласындағы очерктерің (1744-1898 жылдардың шежіресі), «1912, 1915 жылдардағы Торғай облысы туралы шолулар», «Торғай облысы бойынша 1871 жылғы село саның, «1865, 1869 жылдары Қырғыздарды (қазақтарды) ығыстыруң, «Қырғыз (қазақ) үйлері туралы т.б. қазіргі күні іздесең таптырмайтын құнды деректердің тізімін оқысың.н. Мысалы: «Орынбор губерниясындағы елді мекендердің тізімің деген кітап он тиынға, жоғарыда аталған А.Е. Алекторовтың очеркі 10 тиынға, 1912 және 1915 жылдарғы Торғай облысына шолулар 70 тиынға сатылған. Бірақ оларды сатуға Бүкілресей мұрағат басқармасы рұқсат берген [22, 122 п.].

Бесінші, Қазақстан астанаының Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға көшуі кезінде көптеген құнды деректі құжаттар бүлінген, жоғалған, ұрланған. Оның басты себебі алдын ала мұрағат құжаттарын сақтайтын, оларды жайғастыратын орынды дайындап алмай, тек әкімгершілік бұйрықпен орындалғандығы.

1928 жылы 8 қазанда Қазақстан Орталық мұрағатың уақытша бастығы Ибрагимов мекемелерді Алматыға көшіру жөніндегі үкімет комиссиясына «ең болмаса 1929 жылдың сәуір айына дейін көшуді тоқтатуды сұраймын, - деп хабарлағаны назарға алынбады. Ибрагимовтың бұл жанайқайы көрегендік болды. 1928 жылы желтоқсан айының басын Қордайда бір тең, үш жәшік мұрағат құжаттары жоғалып кетті. Мұндай жағдай Орынбордан Қызылордаға мұрағат құжаттарын көшіру кезінде де болған. Әрине, оны Орынбор губерниялық мұрағат қызметкерлерінің өздері ұйыдастырдың [18, 14 б.].

Мысалы, Н. Чернявскийдің Суф Аллаярдың «Суб уль аллаярң кітабының шағатай тілінен аудармасы мен түсіндірмесі және басқа да еңбектерін Қазақстанға жіберетін жерде ұрлап кетті. Оған қосымша мұрағат қызметкері А.Ф. Рязанов «Орынбор генерал – губернаторының кеңсесің және «Шекара комиссиясы қорындағың Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды Қызылордаға жіберу үшін буып – түйіп жатқанда алып қалып, оны Орынбор губерниялық мұрағатына қайта өткізген. Себебі бұл құнды құжаттың Қазақстанға кетуіне риза болмады, қимады. Бұл материалдарды мен губерниялық мұрағатта көрдім – деп жазады Қазақ Орталық мұрағатының мұрағаттанушысы Д.В. Гусев. – бұны сіздерге Орынбор губерниялық

мұрағатының қайтарғысы жоқ. Ол аздай –ақ 1927 жылы мен қорытынды жазған «Бөтен діндегілердің ісі жөніндегі комиссия қорын даң жібермей ұстап отыр. Бұлардан басқа да іріктелген Қазақ Орталық мұрағатына берілуге сөзсіз жататын 20 байлам тарихи материал бар. Бұларды үстірт қарағанда қызықты 2 іс қолға түсті. Атап айтқанда: 1872 жылғы жоғары жағында губернатордың қорытындысы жазылған «Ішкі орданың әкімгершілік құрылысың деген №17 іс, 2-шісі «Дала қырғыздарын (қазақтарын) басқару Ережесі және т.б. баспа материалдары [21, 40 б.]. Бір қызықтысы ХҮІІІ ғ. істері Гусевтің бұл хаты жоғарыдағы ойымызды айғақсыз дәлелдейді.

Алтыншыдан, республикаларды әкімшілік аймаққа бөлу Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды тартысқа түсірді. Қабылданған шешімге қарамастан Мәскеу, ленинград, Астрахань, Ташкент мұрағат басшыларының Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жасырып, бермей қалуға жасаған күйтырқы айдаларын айтпағанмен, 1926 жылы Омбы губерниялық мұрағатынан Ақмола губерниялық мұрағаты уақытша пайдалануға алған 196 іс тарихы назар аударарлық. Ол қандай құжаттар еді ? Қазақстан Орталық мұрағатының ғылым мұрағаттанушысы Д. Гусевтың қорытындысына қарағанда, олардың бәрі де тікелей Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттар. Атап айтқанда: 1822-1833 жылдар арасында Ортауынан Троицкіге дейін 5000000 десятина, Елек бойынан 600000 десятина құнарлы жерді Ресей отарлаушыларының қазақтардан тартып алғандығы туралы, Қайыпқали Есімов, Есет көтібаров, Исатай Тайманов, кенесары Қасымов басқарған қозғалыстарға қатысты (58 іс), 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілісіне қатысты (10 іс), патша үкіметінің қазақтарға жасаған қысымшылығын көрсететін (25 іс), Ақмолаоблысына жер аударылып келгендер туралы (82 іс), Қостанай уезіндегі 1919 жылғы көтеріліс жөніндегі (2 іс) құжаттар [22, 49 п.]. Бірақ Омбы губерниялық мұрағаты мен Сібір өлкелік және РСФСР мұрағат басқармалары 196 істің барлығын да РСФСР мүлкі деуден танбаған. «Сібір ғалымдары Кенесары көтерілісін зерттеп, Сібірге белгілі бір беллетрист осы дәуірге байланысты роман жазу үстінде. Оның бұл істі пайдалану құқығынан айруға ешқандай мүмкіндігім жоқ. – деп жазды №326/333 хатында Сібір өлкелік мұрағат меңгерушісі В. Вегман 18.04.27 жылы Қазақстан мұрағат меңгерушісі А.Л. Мелковқаң [22, 50 п.].

Ақырында олар Қазақстан Орталық мұрағат басшылары А.Л. Мелковты, оның ғалым мұрағатшысы В. Гусевті, Ақмола губерниялық мұрағат меңгерушісі Красноперцевті «Аздаған тар шеңбердегі патриотизм болуға ұмтылушылық, - деп кінәлауға дейін бардың [22, 48 п.].

Ұл даулы құжаттар жөнінде 1928 жылы 5 маусымда Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің Президиумы «Уақытша пайдалануға алған мұрағат материалдарын Омскіге қайтару Ақмола Аткомына ұсынылсын, - деп алған қаулысы 196 істің тағдырын қрдымға итеріп жіберді. Бұл қаулының заңсыз

алынғанын дәлелдеп республикалық, мұрағат меңгерушісі Болотников заң орындарына, Қазақстанның РСФСР – дың басшы органдарына шағым жасады, заңсыз қаулыны өзгертуды талап еттің [21, 23 б.].

Ал Жетісу, Сырдария губкомдары Қазақстанға өткеннен кейін Ташкендегі Қазақстан тарихына қатысты мұрағат құжаттарын алу да шырғалаңға түсті. Олар «қазіргі кезде экономикалық жағынан аудандастыру мәселесі жоспарлануда, 3-5 айдан кейін аудандар, округтер құрылу толық аяқталғаннан кейін мұрағаттарды көрсетілген органдар алуға тиістің, - деп бір шығарып салса, 1927 жылы 19 қарашада «Бұл материалдарды Ташкент университетінің профессорлары мен студенттері пайдаланды, -деп екінші рет түлкі бұлтаққа салды. Ал Ресей мұрағат басшылары құжаттарды Қазмұрағатқа қайтару хабары шығысымен мұрағат материалдарын жасыру үшін оның тізімдемелерін қайта жазды. Істің тақырыптарын өзгертті. Бұл тәсіл да кезінде көптеген материалдардың мұрағат қызметкерлерінің назарынан тыс қалуына себептің бірі болдың [37, 214 б.].

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан тарихына қатысты мұрағат материалдарын бөлудің, жинаудың дауы 1925 жылдың 26 маусымынан басталып, 1940 жылға дейін созылды.

Бірақ бұл Қазақстан тарихына қатысты материалдар толық жинақталды деген ұғымды туғызбайды. Оған бір ған дәлел: Астрахань олыстық мұрағатынан Орал облыстық мұрағат қызметкерлерінің Қазақстан тарихына қатысты 80 мыңнан астам құжаттың жатқандығын анықтап отырғанын айтсақ та жеткілікті.

Жетіншіден, Орынборда, Қызылордада, Алматыда мұрағат ережесіне сай келетін орын берілмегендіктен құжаттардың бірсыпырасы сапасын жойды. Оған сол кездегі мұрағат басшылары А.П. Михайловтың, А.Л. Мелковтың, Болотниковтың көтерген дабылдары және Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О. Исаевқа еліміздің ардагері С. Асфендияровтың 1929 жылы 29 сәуірде жазған хаты дәлел [17, 23 б.].

Ең соңғы мәселе кадрге байланысты 1925 жылы республикадағы бүкіл мұрағаттағы 41 қызметкердің екеуінің жоғары білімі, жетеуінің орта білімі, қалған отыз екі адамның, оның ішінде Қостанай, Жетісу мұрағат бюросы меңгерушілерінің білімі төмен болды. Сондықтан мұрағат құжаттарын жинақтаған, сұрыптаған, тәртіпке келтірген кезде мұрағат қызметкерлерінің білім деңгейі төмендіктен ғылымның барлық саласындағы мұрағаттың бірнеше мың пуд құнды құжаттары қоқысқа есептеліп, ескі – ұсқы қабылдайтын жерге тапсырылды.

Қазақстан аймағында 1921-1923 жылдар арасында 9 губерниялық мұрағат (оның ішінде Торғай, Адай уездеріндегілері губерниялық мұрағат дәрежесінде) болса, қазір әртүрлі дәрежедегі 220 мемлекеттік мұрағат бар [22, 22 п.].

Отанымыздың мұрағат қоры, жоғарыда айтылғандай, әртүрлі жағдаймен тоналғанына қарамастан Қазақстан тарихына, экономикасына, мәдениетіне, әдебиетіне, өнеріне қажетті құжаттар жеткілікті. Оған қосымша қазан төңкерісіне дейін және Қазақстанда Кеңес үкіметінің бастапқы орнауы кезінде жарық көрген газет – журналдар өз дәуірінің тыныс – тіршілігін, өмір көрінісін, мағлұматын беретін құнды құжаттар есебінде мұрағаттарда сақтаулы.

1919 жылы Қазақстанның мұрағатында небәрі 13 қор, 100-ге жетер – жетпес іс болса, қазір мұрағат қоры 55 мыңнан асып, іс 14 миллионға жетті [22, 15 п.].

Бұл мұрағат деректерінен жүзден астам құжаттар жинағы, бірнеше ондаған ғылыми зерттеу еңбектері, кинофильм, әдеби көркем шығармалар жарық көрді.

Олардың ішінде А.Ф. Рязановтың «Исатай Тайманов көтерілісің, Г. Сербариновтың «Бөкей Ордасындағы халықтардың толқуы: Сырым батыр, Бекет батырң, П.И. Рычковтың «торғай обылысы қырғыздарының этнографиясы бойынша ертектері, аңыз - әңгімелерің және «Торғай облысы халық ағарту ісі туралы очерк (1744-1808 жж.)ң, А.П. Чулошниковтың «Қазақ – қырғыз халықтары тарихы бойынша очеркң, Б. Герасимовтің «Семей облысына жер аударылған поляктарң, Т. Шонановтың «Қазақ жерінің мәселесің, М. Тынышбаевтың «Тарихтың беймәлім беттерің, т.б. күрделі еңбектер мұрағат құжаттары негізінде жазылды [21, 23 б.].

Қазақстан мұрағат қорындағы құжаттар тек тарих, әдебиет, кино саласында ғана емес, халық шаруашылығына, саясат мәселесіне де қызмет етті. Мысалы, 1933 жылы тек Жетісу және Семей губернияларында мұрағат деректері бойынша 619 қазба байлықтың көзі анықталды. 1939 жылдың шілде айынан бастап Қазақ ішкі істер Халық Комиссариаты өз билігіндегі мұрағаттарды саяси бағытқа көшірді. Барлық құпия материалдарды жинастырды. 27 категория бойынша азаматтарға карточка – анықтама толтырды.

Қазан төңкерісінің нәтижесінде Ресейде В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы саяси билікке келді. Большевиктер Ресейдің болашағын өздерінің қолы жетіп, іске асырған социалистік революциямен, соның нәтижесінде орнаған пролетариат диктатурасымен тікелей байланыстырды. Олардың алдында тұрған ендігі мақсат – қоғам өмірінің барлық салаларына түбегейлі өзгеріс жасау арқылы социализмге өту болды. Большевиктік басшылықтың ыждахаттылықпен қадағаланған бір саласы мәдениет құрылысы екені белгілі. Осы тұрғыда мәдени революция ілімін қоғамның рухани өмірінде түбегейлі өзгеріс жасайтын социалистік құрылыстың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастыру, большевиктік көшбасшыларының аса маңызды міндеттерінің бірі болды.

XX ғасырдың басында қоғам өмірінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер бұрын патшалы Ресейдің қол астында болып келген жерлерге өз әсерін тигізбей қоймады. Қазан қарулы көтерілісінің лебі Қазақстанға да жетіп, өлкенің оталық аудандарындағы билік Кеңестер қолына көше бастады. 1917 жылдың қазан айынан 1918 жылдың наурыз айына дейін кеңес үкіметі Қазақстанның ірі аудандарында толығымен орнады. Жаңа үкіметтің билікке келуімен елдің саяси, әлеуметтік – экономикалық және мәдени өмірінде қайта құру жұмыстары жүргізіле бастады.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары коммунистік партия және кеңес басшылығының алдында мұрағат құрлысы және ғылыми, тарихи құндылықтарды сақтау және қорғау, оларды бұқара халыққа жақындату мақсатында өте үлкен міндеттер тұрды. Бұл салада мына мәселелерді қамтыған іс – шаралар жүйесі жасалды [17, 23 б.]:

- жұмыс істеп жатқан мұрағаттарды есепке алып, мұрағат қорларын жинақтау;
- жеке меншік иелігіндегі құнды жинақтарды, мемлекеттендіріп, қорларға айналдыру;
- мұрағаттардың социалистік қоғамдағы рөлі мен орнын анықтап, оларды бұқаралық ағарту мекемесіне айналдыру.

Ел билігін қолына алған күннен бастап Кеңес үкіметі мұрағат ісіне басшылықты Халық ағарту комиссариатының жүктеді.

Мемлекеттік құрылыстың алғашқы күндерінен – ақ мұрағаттар мемлекеттік идеологиялық жүйенің ағымына сүңгіп кетті. 1918-1923 жылдары қабылданған декреттер мен қаулылар мемлекеттік жүйедегі мұрағаттардың алатын орны мен даму қарқының анықтап берді. Кеңес өкіметінің мәдениеті дамыту саласындағы бұл шаралары елдегі болып жатқан саяси, әлеуметтік – экономикалық жағдайлармен ұштасып, түрлі қиыншылық жағдайларға кездесіп отырды.

Елдегі мәдениет құрылысы мүдделері ғылымның дамуы мен ағарту жұмыстарының қолға алынуы, шашырап жатқан мұрағат қорларын іздестіріп, есепке алу және қорғау жұмыстарын ұйымдстыру мәселелеріне қатысты заңнамалық құжаттар сақталған. Атап айтсақ, 1918 жылы 10 қазан күні Халық комиссарлар кеңесі «Жеке адамдардың, қоғамдар мен мекемелердің меншігіндегі өнер туындыларын тіркеу және қорғауға алуң жөніндегі декретін жариялады [20, 41 б.]. Декреттің жарық көруі мұрағаттардағы « бүкіл өнер туындыларын тұңғыш рет мемлекеттік тіркеуден өткізуң туралы маңызды міндетті қойды. Зандық құжаттың негізінде мұрағаттарға сақтауға мүмкіндігі жоқ жеке адамдардың құжаттарын алуға құқығы болды. Осы жылдың 5 желтоқсан күні «Ғылыми құны бар құжаттарды қорғауға алуң жөніндегі декрет жарияланып, онда Халық ағарту комиссариаты Ғылым бөліміне барлық құнды құжаттарды

табысау міндеттелді. Осыған орай, Қырғыз Орталық атқару комитеті 1921 жылдың 7 ақпанында «Ғылыми құны бар құжаттарды қорғауға алу және сақтау туралың декретін жариялап, онда республикадағы бүкіл тарихи, мәдени құндылығы бар құжаттарды есепке алып, мемлекеттік тіркеуден өткізілу қажеттігі туралы айтылады [18, 17 б.].

Жаңа өкімет социализм құру мақсатында ең алдымен халық сауатсыздығын жоюды басты міндет деп біліп, мәдени дамудың қалған бағыттарын осы іске жұмылдырылды. Өз тарапынан елдегі мұрағат қорларындағы құжаттар арқылы халық ағарту ісіне үлестерін қосуға тиісті болды. Бірақ бұл міндетті жүзеге асыру мұрағат жұмысының нақтылы кеңестік талаптарға сай жаңа бағытын анықтауды қажет етті. Мұрағаттарды ұйымдастырып, олардың жұмысын бір жүйеге келтіру үшін қыруар қаржы және мамандар қажет болса, екіншіден қалыптасқан қоғамдық саяси ахуал (азамат соғысы, отарланған өлкенің жаңа қоғамға бетбұрысы) мұндай іс – шаралардың жүзеге асуына кедергі келтірді.

Байқап отырғанымыздай кеңес үкіметі орнаған алғашқы кезеңде мұрағат ісіні мемлекеттік деңгейде қарастырылып, оның дамуына байланысты маңызды іс шаралар атқарылған.

Бұл атқарылатын шаралардың маңыздылығын ескере отырып, сол кезеңдегі баспасөз материалдарын жинақтау да назарға алынған.

1.2 Мұрағат ісі туралы РСФСР ХКК -н декреттері және олардың Қазақстандағы мұрағат құрылысын ұйымдастырудағы маңызы

РСФСР құрамында Қазақ кеңестік мемлекеттіліктің құрылуы республикада мұрағат ісін ұйымдастыруды негізгі міндет ретінде алдына қойды.

Автономиялық республиканың мемлекеттік мұрағаттық қызметін құрылуына алғышарттар ретінде 1918-1919 жылдардағы мұрағат ісі туралы РСФСР ХКК-н заңдары негіз болды. 1918 жылы 26 сәуірде ХКК мәжілісінде В.И. Лениннің басшылығымен «Мұрағаттар мен кітапханалардың орталық басқаруын ұйымдастыру жөнінде баяндамасы тыңдалды []. Осы мәселе бойынша жоба қабылдау туралы ұсыныс қабылданды. Декреттің өңделген жобасын 1918 жылдың 27-28 мамырында РСФСР ХКК-і мүшелерінің талқылауына ұсынды, оның негізіне революцияға дейінгі мұрағат ісінің реформаторлары Н.В. Калачаев пен Д.Я. Самоквасованың идеялары енгізілді. Талқылауды ұйымдастырған атақты тарихшы, Халық ағарту комиссариатының орынбасары М.Н. Покровский болды [17, 21 б.].

Талқылаудың нәтижесінде 1918 жылғы 1 маусымдағы В.И. Ленин қол қойылған «РСФСР мұрағат ісінің қайта құрылуы және орталықтандыруы заң шығарылды [18, 29 б.].

Декреттің кейбір ережелерінің екіжақтылығына қарамастан мұрағат ісін орталықтандыру және құжаттарды сақталуын орталықтандыру мақсатындағы алғашқы заңды акті болып табылды. Онда былай делінді: ведомстволық мекемелер ретінде мемлекеттік мекемелердің мұрағаттары жойылады, ондағы сақталған істер мен құжаттар Бірыңғай мемлекеттік мұрағаттық қорын құрайды (1 бап.). Бірыңғай мемлекеттік мұрағаттық қорына 1917 жылғы 25 қазанға дейінгі мемлекеттік мекемелердің істері мен бір – бірімен хат алысулары кіреді. Мемлекеттік мұрағаттық қорды басқару мұрағат ісінің Бас басқармасына жүктелді (2 бап). Бас басқарма Халық ағарту комиссариатына ерекше бөлім құқығы ретінде кірді [3, 26 б.].

Сонымен, 1918 жылғы 1 маусымдағы декретке сай Бас мұрағат дербес орталық мекеме ретінде жоғарғы билік органдарына бағынды.

Декретке сай мұрағат қызметінің негізгі бағыттары анықталды :

- құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
- оларды сараптау жүргізу;
- тез және ғылыми пайдалану;
- құжаттармен жұмыс істейтін ведомстволық мекемелерге бақылау жасау.

Сонымен, мемлекеттік мұрағаттық қызметін жүйесі қалыптасты, Мұрағат ісінің Бас басқармасымен өздеріне тән ерекшеліктермен жаңа әлеуметтік институт құрылды.

Мұрағат ісі туралы бірінші декреттің ережелері ұлттық республикаларда, соның ішінде Қазақстанда мұрағат құрылысын ұйымдастыруда заңды негіз болып табылды.

Мұрағат ісінің қалыптасуы жергілікті жерлерде 1919 жылдары күшейді, РСФСР Халық комиссарлар кеңесі мұрағат ісі туралы төрт актіні бекітті.

1919 жылы 27 наурызда Халық Комиссарлар кеңесі «Мұрағат және бұрынғы әскерлердің таратылуы жөніндең декрет қабылдады. Ол 1918-1919 жж. қамтыды.

«Губерниялық мұрағат қорлары туралы Ережең 1919 жылғы 31 наурыздағы бірыңғай губерниялық мұрағат қорларын құру негізін салды. Губерниялық атқару комитеттері мұрағат істері мен құжаттарын сақтауда тез шараларды қабылдауды және де «губернияларда мұрағат ісін орталықтандыруда аяқтаудың, яғни оларды тиісті губерниялық, уездік, болыстық және де басқа қоймаларда орналастыру туралы шараларды іске асыруды қолға алды.. Губерниялық мұрағат қорының меңгерушісі болып мұрағат ісінің Бас басқармасы тағайындалды .

Ережеде былай делінді: мұрағат құрылысының жалпы мәселелерін және мұрағат қорларын сақтауды және жинақтауда маңызды жеке шараларды қарастыру және талқылау үшін арнайы Кеңес құрылды, оның құрамына жергілікті ғалымдар мен педагогикалық қоғамдардың, өкілдері, кітапхана, мұражай, губерниялық Кеңес депутаттардың жанындағы халықтық білім беру бөлімшесінің қызметкерлері кірді.

Жаңа кеңестік әкімшіл - әміршіл жүйенің қалыптасу жағдайында өткен және жаңа кезеңнің құжаттарын реттеу және ғылыми – практикалық сараптамадан өткізу туралы қажеттілік туды. 1919 жылы 31 наурызда РСФСР ХКК-і мұрағат істерін сақтау және жою туралы қаулысын қабылдады. Осы құжаттың бірінші бабында: «Барлық кеңестік мекемелердің, кәсіби және кооперативтік ұйымдардың аяқталған істері бес жылдан аспай сақтаулы тиіс, бірақ бірде бір құжат алынбау тиіс».

Тиісті мұрағат бөлімшесіне тұрақты сақталуына белгілеген мерзімінен өткенен кейін «тарихи материал» қатарына «тарихи, дипломатиялық қатынастар, саяси, қоғамдық, экономикалық маңызды құжаттар жатады».

Сонымен, декрет негізінде Мемлекеттік мұрағаттық қорға құжаттарды іріктеу принципінің ғылыми негіздеуі қойылды.

Қордағы құжаттардың әрі қарай сақталуын немесе оларды жоюды анықтайтын арнайы комиссиялар құрылды. Комиссия құрамына материалдарды өткізген мекемелердің төрағаларының қатысуымен мұрағаттардың жетекшілері кірді. Тарихи маңызы жоқ құжаттарды жою үшін оларды іріктеуден өткізу үшін арнайы нұсқаулар негізінде қатан қаралып отырды және бірнеше бақылау сатысынан өткізілді, бақылау комиссиясының қорытындысын, мұрағат істерінің Бас басқармасы ұсынылған тізім бекітіліп және жою актісіне мұрағат ісі бас басқармасының төрағасы қатысады. Жойылған істердің тізбелері тиісті мұрағаттардың тұрақты сақтауына қабылданды.

Кеңес өкіметінің құрылуының алғашқы жылдарында мұрағат істерін сақтау және жою туралы декреті - мемлекеттік сақтауға декреттерді қабылдауда ағымдық жұмыстардың бағыттары мен ұйымдастырылуын, негізгі принциптерін анықтайтын маңызды құжат болып табылады. Мұрағат ісінің бас басқармасының ережесі сол жылы МИББ –ң нұсқауларында нақтыланды. Онда мекемелердің қызметі бабында іс жүргізу, ұйымдастыру және құжаттарды сақтау жөнінде мұрағаттың бақылау құқығы бекітілді. Бақылауға ағымдық мұрағаттың кіріс және шығыс құжаттары алынды, яғни іс жүргізілуі, оның жалпы мұрағат мекемесіне беру тәртібі және де әрі қарай Мемлекеттік мұрағаттық қорға берілуі қарастырылды. Осылайша іс жүргізу және ведомстволық сақтау сатысында құжаттарды есепке алу негізі қаланды.

Істерді сақтау және жою туралы декреті мемлекеттік мұрағаттардың басқа кеңестік мекемелермен қарым қатынастарының құқықтық және

ұйымдастырушылық негізін қалады. Сонымен, мемлекеттік мекемелердің жаңа құрылым жүйесінде іс жүргізу және басқару саласын бақылау және реттеу мұрағаттардың қызметінің аясына жүргізілді.

1918-1919 жылдардағы РСФСР ХКК-і декреттері мұрағат құрылысының барлық маңызды мәселелерін қамтып, сақтауға берілетін құжаттардың барлық нысандарын тиесілі болды. 1918 жылғы 1 маусымдағы декрет бұрынғы үкіметтік мекемелердің мұрағаттарын, Уақытша үкіметі мекемелерінің хат алысуын және 1917 жылдың 25 қазанында (7 қараша) аяқталған істерді заң негізінде бекітті.

1918-1919 жылдарындағы РСФСР ХКК-ң мұрағат ісі туралы декреттері жалпы мұрағат құрылысының негізгі принциптерін қалап, мұрағатшылардың негізгі міндеттерін анықтады, яғни құжаттарды есепке алу, оларды мемлекеттік сақтауға іріктеу, сақтауды қамтамасыз ету және ғылыми пайдалану. Мұрағат істері туралы декрет Қазақстанда мұрағат құрылысын ұйымдастыруда маңызы зор.

Революцияға дейін Қазақстанның территориясын Ресей империясының әр түрлі әкімшілік орталықтары басқарған соң, отарлық мекемелердің қазақ халқының тарихын бейнелейтын көп мұрағат құжаттары Орынбор, Омбы, Ташкент, Астрахан қаларында шоғырланған.

Мұрағат құрылысының алғашқы жылдары азамат соғысымен тұспа тұс келген соң көп құнды құжаттар жойылып кеткен.

Қазақстанда алғашқы мұрағаттық мекемелерінің өлкелік мұрағаттық қорының құрылуына үлкен әсер Бас мұрағат басқармасының қызметі тигізді.

1919 жылы жаз айында РСФСР МИББ Ерекше комиссиясының мәжілісінде басқа кеңес республикаларына РСФСР Бас мұрағатымен байланыс жасау үшін өз өкілдерін жіберу туралы шешім шығарды және оларды РСФСР мұрағат құрылысы жөніндегі заң, ұйымдастырушылық - әдістемелік материалдармен таныстыру қажет деп шешті.

Алаш Орданың ұлттық – демократиялық өкімті жойылған соң, 1917 жылдың қараша айынан 1918 жылдың наурыз айына дейін кеңес билігі Қазақстанның барлық ірі аймақтарында құрылды.

Қазақстанда алғашқы мұрағат құрылысының барысын басқаратын мұрағат органдары 1920 жылы құрылды. Бұдан да отарлық жүйенің көрінісі байқалды. 1919 жылдың аяғында Ташкентке сапармен келген РСФСР Бас мұрағатының өкілі Орта Азияда мұрағат мекемелері жоқ деп, 1919 жылы 22 желтоқсанда Ташкентте қызмет атқаратын Түркістан ісі жөніндегі Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің комиссиясына мәлімдеді. Бір ай өткен соң, 1920 жылдың 21 қаңтарында Түркістан АССР үшін мұрағат істерінің Орталық басқармасын ұйымдастыру жөнінде бұйрық шығарды. Мамыр айының сол жылы Түркістанның ОАК-ң тиісті декреті қабылданды. Осы декрет бойынша мұрағат ітерінің Орталық басқармасының бас

меңгерушісі болып РСФСР Бас мұрағатының келісімімен Түркістан ОАК тағайындады. Жетісу және Сырдария обылыстары мұрағат ісінің Орталық басқармасына кірді. Ақмола және Семей обылыстарының территориясында 1920 жылы Омбы қаласында Сібір революциялық комитет құрған мұрағат басқармасы қызмет атқарды, ал – Орал, Торғай, Астрахан, Каспий жағалауларында, Орынбор, Алтай, Қазақ АҚСР құрамына кірген обылыстарда РСФСР –дің облыстық және губерниялық мұрағат мекемелері кірді. Алғашқы жылдарында Орынбор губерниясы мен Торғай обылысында Орынбор – Торғай губерниялық мұрағат құрылды, ол РСФСР –дің Бас мұрағатының Орынбор өкілеттілігінің басқармасына кірді .

Қазақстанда кеңес билігінің алғашқы жылдарында мұрағат ісін ұйымдастыру үшін РСФСР Бас мұрағатының Орынбор өкілеттілігінің қызметі үлкен әсерін тигізді, өйткені Қазақ АҚСР-дің бірінші астанасы Орынборда жаңа социалистік мемлекеттің үкіметтік мекемелері шоғырланған. Сонымен қатар, мұрағат ісі туралы лениндік декреттер Кеңес өкіметінің басқа заң актілерімен бұл жерде Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда тез іске асырылды. Бұл аймақтың Петербург пен Мәскеуге жақын орналауымен анықталады. Мұрағат ісі туралы декрет Орынборға В.И. Ленин қол қойылғаннан кейін - ақ тез жеткен. 1919 жылдың 31 наурызында РСФСР МІББ өкілеттілігімен арнайы нұсқаулар өңделді.

Орынбор бойынша МІББ өкілеттілігі А. Михайловтың 1919 жылдың қыркүйек айындағы қызметі ескі әскердің штабы мен басқармасын қараумен басталды «мұрағат үшін маңызды мұрағат істерді алу». Алғашқы өкілдері – А. Михайлов пен В.В. Иванов 1920 жылы жүргізген жұмыстары негізінде тарих үшін кеңес өкіметінің құжаттарын сақтап үлгерді, яғни алғашқы мерзімді басылымдар (газеттер, үндеулер, хабарландыру және б.), сонымен қатар, әлеуметтік – құқықтық маңызы бар заңның және нотариалдық құжаттар.

Сонымен қатар, 1919 жылдың 2 қыркүйегіндегі РСФСР МІББ өкілеттілігінің губерниялық әскери комиссариатының атына жолдаған хатында былай делінді, таратылған бөлімше мен штабтардың және бұрынғы тұрақты әскерлердің басқару мұрағаттары «үлкен көлемде ұрланып, жойылып жатыр».

Бұл мұрағаттарды сақтау тек тарихи зерттеулерді жүргізілуімен ғана емес, жеке адамдардың қызығушылығының қажеттілігінен туындады, әртүрлі анықтамалар негізінде құжаттар жинауға сұраныс басталды. Жергілікті жерлердегі бұзылған мұрағаттарды анықтау, «Ұлы революция және азамат соғысын басынан өткізген құжаттарын, отбасылық мұрағат қорларын жинақтау қолға алынды .

Орынбор – Торғай губерниялық мұрағатына қойманың жетпеушілігіне қарамастан, мұрағаттың жұмыс жасау барысында 1919-1920 жылдары 102

мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мұрағаттары тексерілді, оның ішінде 22 сақтауға қабылданды. Мұрағатта штат бойынша 4 қызметкерлер жұмыс жасады.

Қазақстандағы мұрағат құрылысын РСФСР-дың мұрағаттық мекемелері бақылауға алды, олар мұрағат ісін ұйымдастырылуына көмек көрсетті. Одақтас және автономиялық республикаларда ғылыми – ұйымдастырушылық мемлекеттік мұрағат жүйесін құру міндеттері қойыла бастады, революцияға дейінгі мекемелер қорларын есепке алуын аяқтау және шоғырлау.

РСФСР, Қазақстанда мұрағат құрылысы бойынша мәселелерді шешу үшін бірінші Бүкілресейлік мұрағатшылар конференциясын өткізу шешімі қабылданды.

II. XX ғ. 20-30 – ШЫ ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДА МҰРАҒАТ ІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

2.1 Өлкелік Орталық мұрағатының құрылу

Революцияға дейін қазақстанда ғылым мемлекеттік саясаттың объектісі және қамқорлығында болмады. Ол жартылай ресми, көбінесе қоғамдық негіздегі үйірмелерге, бөлімдерге, комитеттерге немесе қызығушылықтары бойынша қоғамдарға біріккен энтузиастардың шағын топтары қызметінің арқасында дамыды. Бұлардың қол жеткізген теориялық және эмпирикалық нәтижелері өлкенің экономикасы мен рухани ілгерлеуінде шешуші рөл ойнамады, жергілікті халықтың көп бөлігі үшін бейианыс болып қала берді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ғылыми – зерттеу жұмыстарын мемлекеттік басқару және ғылыми кадрларды ұйыстыру ісіне Кирревком,

кеінде ҚазАҚСР Халық ағарту комиссариаты жүзеге асырды. Мәселен, 1919 жылы орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінде жұмс тәжірибесін жинақтаған өлкетанушылар тобы Қазақ әскери комиссариаты штабындағы тарих – статистика бөлімі жанынан тарих, этнография, жаратылыстану – география секцияларын құрды. Кейін 20 жылдардың белгілі тарихшысы А.П. Чулошников айтқандай, тарих – статистика бөлімі міндетіне өлкені әскери жағынан ғана зерттеу емес, оны жан – жақты зерттеп, ғылыми жолмен алынған мәліметтерді дәріс, мақала түрінде насихаттау да кірді. Халық ағарту комиссариатының құрылуымен ғылым ісімен оның ғылыми комиссиясы айналысты. Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің қызметі кеңейді. Бұрынғы секцияларға тағы бір археологиялық секция қосылды. Аз уақыттың ішінде тарих секциясы орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің мұражайында сақталған мұрағаттық материалдарды қалпына келтірді. Археологиялық секция 150-дей қорған ашы.

Жиналған тәжірибе және ғылыми ізденістерінің кеңейген ауқымы 1920 жылы құрамында төрт секция бар Қазақстанды зерттеу қоғамының құрылуына әкелді. Сол жылы ғылыми – педагогикалық және физика – медициналық қоғамдар өз жұмысын бастады. 1921 жылдың күзінде Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімі Академиялық орталық болып қайта құрылды. Академиялық орталықтың құрамындағы маңыздылары Мемлекеттік ғылыми кеңес және Мемлекеттік суреткерлік кеңес еді. Ғылым және оның проблемалары Мемлекеттік ғылыми кеңестің, Көркем мәдениет мәселесі Мемлекеттік суреткерлік кеңестің қарамағында болды. Академиялық орталық ғылыми, оқу, ағарту және көркем қызметтің жалпы теориялық және бағдарламалық жағын басқарды.

Мұрағат ісін ұйымдастыру туралы алғашқы мәселе 1920 жылы 12 наурызда Қазақ өлкелік әскери комиссариатының мәжілісінде қойылды. Бөлім төрағасының орынбасары А.П. Чулошников ерекше ғылым мұрағат комиссиясының құрылуы туралы ұсынысын білдірді. Оған «Известия киргизского края» деген жергілікті журналында мақалаларын жариялап жүрген зерттеушілерді кіргізу жөнінде де пікірін айтты.

1920 жылдың 26 мамырыда Қазақ әскери революциялық комитетін ғылыми бөлімінің мәжілісінде орталық мұрағат қорын ұйымдастыру туралы мәселе қарастырылды.

Бұл бөлімінің құрылымында біраз өзгерістер болды – ғылыми бөлім, ғылыми сектор, республиканың Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығы. Осы орталық маңызды үкіметтік нұсқаулар мен қаулылар дайындады, олар Қазақстанда мемлекеттік мұрағат қызметінің негізін құрды.

1920 жылдың 15 шілдесінде Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғылыми комиссиясы мәжілісінде А.П. Чулошников

төрағалығымен мұрағат жөнінде мәселе қойылды. «Мемлекеттік үлгі бойынша орталық өлкелік мұрағат құру туралы мәселең Халық ағарту комиссариатының коллегиясында шешу туралы қаулы қабылданды [18, 26 б.].

Орынборда өлкелік мұрағат қорын құру туралы ұсыныс екі жағдай туғызды, өйткені автономиялық республикалардың құрылуы құқықтық тұрғыдан рәсімделген емес еді, қалада РСФСР Бас мұрағатына бағынған губерниялық мұрағат қызмет атқарды. Қалыптасқан жағдай туралы 1920 жылы 18 шілдеде губерниялық мұрағат меңгерушісі Мәскеуге хабарлады. Сол жылдың 12 тамызында РСФСР Бас мұрағаты былай деп түсінірді: «мұрағат қорларын орталықтандыру және басқару әкімшілік бөлімшілікке сай келу тиіс. Далалық республика үшін Өлкелік Қырғыз (Қазақ) мұрағат қорын ұйымдастыру мәселесі осы өлкені басқару жөніндегі мәселені шешкенге дейін ашық болды.

1920 жылы 4-12 қазан айында өткен Қазақ АҚСР кеңестердің құрылтай сөзіне қатысқан Орынбор – Торғай, Ақмола, Семей және Орал облыстарынан, Бөкей хандығынан делегаттар РСФСР құрамында автономиялық республиканың құрылуын жариялап, мұрағат ісін шешу туралы мәселені шешті.

1920 жылы 9 желтоқсанда Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімі секторға қайта құрылып, ол төрт бөлімнен тұрды. Бірінші рет бөлім құқығында Бас мұрағат басқармасы құрылды, ол мұрағат құрылысы мәселесімен айналысты.

1918 жылдың 1 маусымдағы РСФСР ХКК-і декретіне сай республикада жергілікті жерлерде мұрағат құрылысының ұйымдастырылуына жауапты мемлекеттік ұйым құрылды. Мұрағат істерінің басқармасы жеке мемлекеттік сала болмағандықтан, ол Халық ағарту комиссариатына бағынды. РСФСР –да мұрағат мекемелері Халық ағарту комиссариаты жүйесіне бағынды, сол кезде Халық ағарту комиссариатында сауатты және білікті мамандар жұмыс атқарды, сондықтан да Халық ағарту комиссариатына осындай міндет атқарылды.

1921 жылдың сәуір айында мұрағат істерінің басқармасы баяндама жасады, мұрағат ісінің қайта ұйымдастыру туралы және де бірнеше губерниялық қорлар құру, Орынборда Орталық өлкелік мұрағат ұйымдастыру жөнінде ұсыныс айтты. Онда революцияға дейінгі, кеңестік дәуірдің құнды құжаттары сақталады.

6 маусымда мұрағат істерінің Басқармасы барлық кеңестік, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен республика азаматтарына үндеу тастады, құжаттарды жинау және орталықтан сақтау жөніндегі қажеттілік туралы. Онда былай делінді: «оның маңызы тек замандастарына ғана емес, сонымен қатар келешек ұрпаққа, келешек тарихқа қажет, сондықтан да Қырғыз (Қазақ)

республикасында орталық қойманы ашу қажет, онда 1917 жылғы, өткен тарих туралы материалдарды жинақталуы тиіс.

Бір жыл бұрын, 1920 жылдың 21 қыркүйегінде халық Комиссарлар комиссариатының декреті бойынша Қазан революциясы мен РКП (б) тарихының материалдарын жинау және зерттеу жөнінде – партия тарихы құрылды, ол болашақ партиялық мұрағаттар жүйесінің негізін қалады. Партия тарихы өзінің мұрағатын және партиялық мұрағат жүйесін 1924 жылдан бастап құра бастады, ол жалғасын 30-шы жылдары да тапты.

Осыған байланысты мұрағат ісінің Басқармасының мемлекеттік сақтауына қабылданатын құжаттық материалдардың нақты категориялары анықталды.

Бірінші категорияға 1917 жылдың наурыз айынан басталған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттардың, кеңес билігін қолдаған саяси партиялардың, кәсіби одақтардың, қоғамдық ұйымдар комитетінің, Уақытша өкіметінің комитеттерінің мерзімді баспа материалдары жатты.

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттар мәжілісі мен съезд хаттамалары, стенограммалары, мерзімді баспа материалдары. Жоғарғы аталған ұйымдардың әр түрлі сипаттағы материалдары жатты.

Революциялық көзғалыс қайраткерлерінің суреттері, декреттері, бұйрықтары, нұсқулары, түсіндірме хаттары, альбомдары, естеліктері, диаграммалары жатты.

Халық ағарту комиссариатының автономиялық республикалардың Орталық атқару комитетіне 1921 жылдың бірінші жылдығының берген есебінде былай делінді: «Басмұрағат басқармасы ұйымдастырушылық жұмыстар кезеңінде болып отыр. Орынбор қаласында өлкелік мұрағатың ұйымдастыру жоспарын құрған. Істерді жинақтау және жүйелеуде қара жұмыстар жүргізіледі. Өлкелік мұрағаты ұйымдастыру үшін қойма қажет, ол қазіргі уақытта жоқ».

1921 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты Орталық өлкелік мұрағатқа қойма берілуін шешті және 1921 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан тарихында бірінші рет өлкелік мұрағаты өз қызметін бастады. Оның бірінші меңгерушісі болып Арман Гра тағайындалды. Алғашқысында мұрағаттың штаты бес адамнан тұрды: мұрағат меңгерушісі, бірінші және екінші топтағы мұрағатшы, іс жүргізуші және караулы. Сонымен қатар, 1921 жылдың соңына дейін мұрағатқа сақтауына 19 мекеме, есепке екі мекеме және 11 мекеменің мұрағатын алып келді. 1921 жылдың 20 желтоқсан айына дейін өлкелік мұрағатын штаты жеті адамға дейін көбейді, есептік қызметкерлер мен хатшы – машинистердің лауазымы енгізілді.

1922 жылдың 24 қаңтарында бірінші рет ресми Қазақ АҚСР-дің Орталық өлкелік мұрағаты туралы ереже бекітілді, республиканың халық ағарту комиссариаты жанындағы Бас мұрағатының төрағасы Михайлов дайындаған.

Мұрағат жинақталған, тарихи – маңызы бар Қазақстан территориясында бас сақтаушы статусына ие болды. РСФСР мұрағаттары сияқты өлкелік мұрағат мұрағат материалдарының сипатына байланысты бірнеше секцияға бөлінді: революция мұрағаты, революцияға дейінгі құжаттар секциясы, ғылыми – анықтамалық кітапхана. Сонымен қатар Орталық өлкелік мұрағаты қорының толықтыруы жай жүргізілді.

Азамат соғысы жылдары Орынбор қаласының және губерниялар мұрағаттары үлкен зиян шекті. Әскери, азаматтық және оқу орындарының көп мұрағаттары Сібірге эвакуация жасаған кезде алынды, сол кезде көп құжаттар жоғалған. Осындай жағдайға казак әскерлерінің, кадет корпустарының, қыздар институтының, Ташкент темір жолының, әскери бөлімшелерінің мұрағаттарын душар болды. Жергілікті жерлердегі мекемелер мұрағаттары сол кездегі идеологияға сай, кеңестік кезеңге дейінгі құжаттар еш маңызы жоқ деп ұрланған немесе өртеп жіберілген. Құйреу факторларының бірі қағаз жетіспеушілігі, сондықтан кеңсе үшін таза қағаздарды ендіру іске асырылды. Бұл құнды қорларды нашар жағдайға алып келді.

Мүліктің жетіспеушілігі, 1921 жылғы аштық және оның салдары жергілікті жерлерде мұрағат ісін ұйымдастыруда кері әсерін тигізді.

Мұрағат құжаттары сатып алуға ие болды. Мысалы, 1918 жылы Алматыда ескі мұрағаттар ашық түрде аукционға салынды. Жетісу обылыстық басқару қорынан аукционан 114011 іс және 727 кітаптар сатылды. Отарлық мекемелердің мұрағаттары өртке, су тасқынына душар болды. 1921 жылғы Алматыдағы белгілі су тасқынынан кейін құжаттарды дұрыс сақтамауына байланысты ұлттандырылған банк мұрағаттары жойылды.

Бас мұрағат мұрағат ісін басқару органы ретінде 1921 жылдың 5 сәуірінде құрылды, осы кезде А.П. Михайлов тағайындалды. Мұрағатісі Бас басқармасының штаты 8 қызметкерлерден тұрды: меңгерушісі, инспекторы, ғылыми қызметкері, бірінші топтағы мұрағатшы, іс жүргізуші, талқандаушы және таратушы. Халық ағарту комиссариатының құрамындағы Бас мұрағатының қызметі екісатылы құрылымдыққа бағынуымен қиындатты: Бас мұрағат, Академиялық орталық, халық ағарту комиссариаты, бұл өлкелік мұрағатын шаруашылық және қаржылық мәселелерін шешуді қиындатты. Губерниялар мен уездерде мұрағаттардың жағдайын тексеру үшін Бас мұрағат бірнеше анкеталарды өндеп, губерниялық атқару комитеттеріне жіберілді. Тексеру нәтижелері, революцияға дейінгі болыстық құжаттардың жойылғанын көрсетті. Осындай жағдайда губерниялық мұрағаттарда болды, ол жерлерде қорларды ұрлау жалғасты. Бас мұрағаттың сұраныстарына көп губерниялық атқару комитеттері жауап бермеді, олар адам мен мүліктің жетіспеушілігін көрсетіп, мұрағаттарды ғылыми – техникалық өңдеуден өткізу қажеттілігі тұрды. Ерекше жағдай да 1920 жылы құрылған Семей

губерниялық мұрағаты болды [18, 13 б.]. Мұрағат меңгерушісі Коншин Бас мұрағатымен байланыс жасап, қажетті нұсқауларды сұрап, өз кезегінде есеп беріп тұрды.

1920 жылдың сәуір айында құрылған Семей губерниялық мұрағаты жеті штаттан тұрды, 1921 жылы штат бес адамға қысқартылды, 1922 жылы қайтадан қысқартылулар болды және тек үш лауазым қалдырылды: меңгеруші, іс жүргізуші мен карауыл (ол таратушы да болды). Жаңа қабылданған мұрағаттар Орынбор мұрағатынан ерекшеленбеді, істер жүйленбеді, Қолчактың әскерлері бас тартқанда көп құнды құжаттар жойылған. Мұрағат өкілінің баяндамасында былай делінеді, Орынборда барлық мұрағат істері жойылды.

Мұрағат жүйесінің әлсіздігі (1921 жылы екі мұрағат жұмыс атқарды Орынбор және Семей), кадрлардың жетіспеушілігі, мұрағат ісінің жойылуы, Қазақ АҚСР үкіметін өлкедегі мұрағат ісінің жағдайына назар аударуына қадам жасауды мәжбүр етті.

Республиканың Халық ағарту комиссариаты өзінің жеке мәселелерімен айналысқан мұрағат құрылысының мәселесімен аз айналысты. 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссариатының коллегиясында мұрағат ісі Бас басқармасы жинақтау, сақтауды қамтамасыз ету, материалдық – техникалық жабдықтау мәселелері халық ағарту комиссариаты жағынан шешілмеді.

Республикадағы мұрағат құрылысының алғашқы кезеңін маңызды жағдайы 1922 жылдың 8 желтоқсанында жіберілген Қазақ АҚСР Халық комиссарлар кеңесінің жіберілген нұсқаулық хаты барлық кеңестік мекемелерге мұрағаттарды сатуға және жоюға тиым салу. Хатқа Қазақ АҚСР ХКК төрағасы С. Сейфуллиннің қолы қойылған. Онда былай делінген: «Несмотря на неоднократные запрещения продажи, порчи, уничтожения архивов и призывы хранить архивы как чрезвычайно ценные хранилища материалов по разнообразным вопросам истории, археологии, этнографии и другой науки края, замечено, до сего времени архивы е тольео не сохраняются достаточно бережо, но и находятся в условиях, угрожающих сохранности и даже распродаются без предварительного соглашения с Центральным архивом Казахской АССРң. Сол күні Қазақ АҚСР ХКК төрағасы С. Сейфуллин барлық кеңестік мекемелер мен кооперативтік ұйымдарды мемлекеттік тіркеуден өткізу туралы нұсқаулық хат жолдады.

Бұл шаралар еш нәтиже бермеді. Халық ағарту комиссариатының қызметі белсендеді. 1923 жылдың 30 қаңтар айында Қазақ АҚСР кіші халық комиссарлар кеңесінің мәжілісінде кеңестік кооперативтік мекемелердің мұрағат материалдарын Орталық мұрағат бөлімшесіне өткізу тәртібі туралы нұсқау жоасы тыңдалды. Халық ағарту комиссариаты дайындаған нұсқау жобасы өзгерту және толықтыру нұсқасының жобасы қабылданды.

1923 жылдың 6 ақпан айында Қазқ АҚСР Еңбек және қорғаныс Кеңес жанындағы Жалпы мемлекеттік жоспар комиссия пленумының мәжілісінде Бөкей губерниясының, Астрахан губерниялық мұрағатын Урдаға ауыстыру жөнінде қаулы қабылданды.

Өлкенің ғылыми өміріндегі айрықша құбылыс 1921 жылы Өлкелік Орталық мұрағаттың құрылуы болды. Қазақ АКСР-нің 1921 жылы Бас мұрағатының құрылуы, 1922 жылы Республиканың Орталық мұрағаты деп өзгертілуі мұрағат материалдарының ауқымы қорын жинақтауға, өңдеуге, оралықтандыру және жүйелеу жұмысына бастама беріп, өлкенің тарихын зерттеуде жергілікті өлкетанушылар мен ғылыми қызметкерлерге көмек болды. Қазақстанды зертеу қоғамы өзінің жұмысын Бас мұрағат пен Бас мұражаймен тығыз байланыста жүргізді.

1923 жылы Ақмола, Ақтөбе, Бөкейде, Қостанай мен Орал губернияларында облыстық мұрағаттар құрылды .

1921 жылдың 29 қыркүйек – 3 қазан аралығында бірінші бүкілресейлік конференция өтті. Конференцияға Бас мұрағаттың қызметкерлері, Мәскеу және Петроград мұрағаттардың қызметкерлері, губерниялық мұрағат мекемелерінің меңгерушілері, Орталық және жергілікті Партия тарихы институтының жұмысшылары, ведомстволық мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің, Мәскеу университетінің өкілдері қатысты. Бағдарламада мұрағат ісінің Бас басқармасының және оның органдарының міндеттері туралы мәселе қарастырылды. Мынандай баяндамалар тыңдалды: мұрағат, кітапхана және мұражай қызметіндегі шектеулер, мұрағаттық терминология, ғылыми тізбе, мұрағаттық көрмелер, мұрағат ісін насихаттау, ғылыми – мұрағаттық экспедиция, мұрағаттық – археологиялық институттардың құрылуы. Конференция қызмет атқарып жатқан мекемелердің мұрағаттарының ұйымдастырылуына үлкен назар аударды.

Жергілікті жерлерде мұрағат ісінің қаңағаттанырлықсыз жағдайын ескере отырып, конференция мынандай шешімге келді, оның негізгі себебі деп мына жайыттарды көрсетті, жергілікті мемлекеттік аппаратта мұрағат органдарының жағдайы анықталмаған, ағымдық іс жүргізудің қойылымда кеңестік пен партиялық мекемелер мен губерниялық мұрағаттарының арасындағы байланыс нашар, тәжірибелі мамандардың жоқтың қасы.

Мұрағат құрылысының келешекте дамуына конференцияның мынандай шешімі РСФСР-ің мемлекеттік аппаратындағы губерниялық мұрағат органдары мен Бас мұрағаттың орнын өзгерту үлкен әсер тигізді. Үкіметтен Бас мұрағаттың БОАК немесе ХКК бағынатын мекемелер жүйесіне кіргізуді ұсынды.

Бірыңғай мемлекеттік мұрағат қорының секциялық құрылымы туралы мәселе тұрды. Конференция саяси секция және РСФСР-дың мемлекеттік мұрағатының қызметі, тарихи – мәдени секциялар құру туралы

баяндамаларды тыңдады. Партиялық құжаттардың алғашқы сақтайтын қоймалары болып мемлекеттік мұрағаттар болды. 1918 жылдың 1 маусымдағы декреті бойынша партия тарихы институты партиялық мұрағаттық қордың мынандай ережесімен келісті: Бірыңғай мемлекеттік мұрағаттық қор бөлімі. Конференцияда баяндама жасаған партия тарихының төрағасы С. Ольминский мұрағаттық мекемелермен қарым қатынасты күшейту туралы мәселені көтерді, Партия тарихы институты орталықта да, жергілікті жерде де мұрағаттарды ұйымдастыруды мақсат етіп қойған жоқ. «Біз мұрағаттық мекемелерге көмек көрсетуге тырысамыз, қазан ревоюциясы тарихына қатысты құжаттар Тарихи – революциялық мұрағатқа және де басқа мұрағат мекемелеріне беруді сұранамыз, ол жерлерде мұрағат материалдарымен жұмыс жасайтын адамдар бар» - деді Партия тарихының төрағасы С. Ольминский .

1921 жылдың 14 шілдесінде «Мұрағат ісінің Бас басқармасымен автономиялық республикалардың мұрағат мекемелері арасындағы қарым - қатынасқа декреті бойынша РСФСР –дың барлық автономиялық республикаларында мұрағат ісінің орталық мұрағат басқармалары құрылып, олар мекемелердегі мұрағат қорларымен материалдары туралы мәлімет жинап отырды. Осы декретке сай, егер автономиялық республикалардың құжаттары олардан тыс РСФСР - дың құзырында болса, олардың көшірмелері мұрағаттық басқармаға беріледі. Бұл ереже Қазақстанның мұрағатшыларына ауыр тиды, өйткені оның территориясын басқаратын әкімшілік орталық оның территориясынан тыс болған.

Декрет губерниялық мұрағаттық органдарға автономиялық республикалардың орталық мұрағаттық басқармасына істерді жайменен өткізуді ұсынды. Егер автономиялық республикаға губернияның жартысы кірсе, жергілікті мұрағат мекемелеріне өткізілді:

- 1) мемлекеттік билік органдарының қызметімен байланысты автономиялық республиканың өкіметтік органдарының мұрағаттық қорлар мен бөлек мұрағат істері;
- 2) ұлттық – мәдени тарихқа қатысты істер мен материалдар.

1921 жылдың 14 шілдедегі БОАК декреті бойынша құжаттардың құндылығына көп назар аударған, өйткені автономиялық республикаларға берілген декреттер кешені арасынан құжаттардың көпшілігі тек автономиялық республиканың мүддесін ғана қамтымады. Декрет РСФСР Бас мұрағатының құқықтық негізін мына мәселені шешуде «материалдарды қалдыру немесе жоюға заңдастырылды. 1921 жылғы декрет РСФСР-дың Бас мұрағатының автономиялық республикалардың мұрағаттық мекемелеріне қатысты қызметінің негізі бағыттарын 1929 жылға дейін анықтады. 1929 жылы үкімет Мұрағат басқармасы туралы жаңа Ережені бекітті.

1921 жылы мұрағат қызметі құрылған Орталық өлкелік мұрағатта, сондай-ақ Орынбор – Торғай және Семей губерниялық мұрағаттарында қызмет атқарылды. 1921 жылғы Семей губерниялық бөлімшесінің берген есебінде, мұрағатқа түскен және жойылған кеңестік кезеңге дейінгі мұрағаттарды өткізудің жағдай туралы айтылды. 1922 жылы 9 маусымда РСФСР-дың барлық губерниялық атқару комитеттері және облыстық атқару комитеттеріне БОАК «Мұрағат материалдарын жоюға қарсы күрес шараларың атты нұсқаулары жіберілді.

1922 жылы 2 желтоқсанда барлық наркоматтармен өлкелік мекемелерге С.Сейфуллин қол қойған Қазақ АКСР ХКК нұсқаулық хатты жіберілді, онда былай делінді «наркоматтар мен өлкелік мекемелер меңгерушілердің жеке жауапкершілігімен жоюға берілген мұрағат қорларын бөлшектеу тек Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының Бас мұрағат басқармасының келісімімен жүргізу тиіс - деген.

1922 жылы Орталық өлкелік мұрағаттың қол астында 69 тексерілген мұрағат қорлары болды, оларға арнайы есептік карталар құрастырылған. Мұрағатқа 18 профилды қорлар түсті. 1922 жылы 23 мекеменің мұрағаттары жөнделіп, тәртіпке келтілді, басқа жерлерден 18 мұрағат алынып келінді, кейбір мекемелердің ведомстволық мұрағаттары тексерілді.

Қазақ АКСР Орталық өлкелік мұрағаты Орынбор қаласында бұрынғы Конистория мұрағатының қоймасында орналасты. Мұрағат бірінші жылдары жұмыс жасаған кездеріндегі қиыншылықтардың бірі қысқы айларында жылудың жоқтығы, сонымен қатар маман- қызметкерлердің аздығы. Бірақ оған қарамастан 1922 жылдары мұрағат 800 анықтама берді. 1922 жылы мұрағат материалдарын тасығаны үшін мұрағат жұмысшыларына 52500 сом жұмсалды.

1922 жылы 29 желтоқсан айында Қазақстанның өлкелік мұрағатының меңгерушісі Гра Арман Петрович қайтыс болды.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келе, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында РСФСР – дың үкіметтік және мұрағаттық органдардың қызметі Қазақстанда ғылыми – ұйымдастырылған мемлекеттік мұрағаттар жүйесін құрудың алғышарттары болып табылды. Қазақстанда кеңестік мемлекеттіліктің құрылуымен мұрағат ісін басқаратын мұрағат органдары және революцияға дейінгі және кеңестік кезең құжаттарын жинайтын, пайдалануды ұйымдастыратын тұрақты қоймалар құрылды.

Сонымен, 1918-1923 жылдар аралығында Қазақстанда мемлекеттік мұрағат қызметінің негізі қалыптасты. Қазақ кеңестік мемлекеттіліктің құрылуынан кейін, 1918-1919 жылдардағы мұрағат ісі туралы Халық Комиссарлар кеңесінің декреттері Қазақ АКСР-дағы мұрағат құрылысының құқықтық негізін салды.

Декрет кейбір мәтінінің өңделмегеніне қарамастан, ол мұрағат ісін ұйымдастырудың негізгі принциптерін анықтады. Сонымен қатар күн тәртібіне мұрағаттарды есепке алудың нақты міндеттерін, материалдарды ғылыми – техникалық өндеуден өткізу, мемлекеттік сақтауға іріктеу, мекемемен ведомстволық мұрағатын іс жүргізудегі жұмыстарын бақылау, мұрағаттағы құжаттарды қамтамасыз ету және оларды саяси, ғылыми, әлеуметтік – құқықтық мақсатта пайдалану мәселелеріне назар аударды..

Олардың ішіндегі негізгісі 1918 жылдың 1 маусымдағы «РСФСР-дғы мұрағат ісін қайта құру және орталықтандыру туралы декреті, осы құжатқа сай Біркелкі мемлекеттік мұрағат қоры құрылды, барлық мұрағат құжаттары мемлекет меншігі болып саналды .

Осы декретпен қатар РСФСР үкіметі төрт декрет бекітті. 1919 жылдың мамыр айында Халық Комиссарлар кеңесінің декреттері қабылданды «Таратылған бұрынғы әскерлердің мұрағаттары мен істерін, «Губерниялық мұрағаттық қорлар туралың, «Мұрағат істерін сақтау және жою туралың, шілде айында «Об отмене права частной собственности на архивы умерших русских писателей, композиторов, художников и ученых, хранящихся в музеях и библиотеках».

Бұл декреттер Қазақстандағы мұрағат ісінің қайта ұйымдастырылуын құқықтық негізін салды.

2.1 Қазақстанда мұрағат ісін ұйымдастырудағы жетістіктер мен кемшіліктер

1920 жылы Қазақ әскери өлкелік комитеті жанындағы тарихи – статистикалық бөлімде ерекше комиссия құрылды. Бұл комиссияның басты мақсаты мен міндеті өлкелік мұрағат қорын ұйымдастыру және ғылыми бөлім, секторлар ашу істері болатын.

1921 жылдың өзін – ақ ҚАССР-дың мұрағат істері жөніндегі басқармасы барлық кеңестік және мемлекеттік қоғамдық ұйымдарға Қазан төңкерісі мен социалистік құрылысқа қажетті барлық құжаттарды жинап мұрағат қорына тапсыру жөнінде тапсырмалар берді.

Сол жылдың қыркүйек айында Орталық өлкелік мұрағаты құрылып, губерния мұрағаттары туралы Ереже бекітілді. Мұрағаттар туралы ереженің бекітілуі көптеген шаралардың жүзеге асуына зор ықпалын тигізді.

Бұрынғы мұрағат және мұрағат қорына деген көзқарасты өзгерту ісінде зор қызмет атқарған ҚАССР –дың Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы С. Сейфуллиннің қолы қойылған циркулярлық құжат болды.

Аталған құжатта Орталық мұрағаттың рұқсатынсыз мұрағаттағы құжаттарды сатуға, жоюға рұқсат етілмеді. Өкінішке орай, циркулярлық құжатта көрсетілгендей шаралар өз дәрежесінде орындалмай, керісінше, көптеген мұрағат құжаттары макулатураға тапсырылып жойылды.

Қазақстандағы алғашқы құрылған Бөкей губерниясының мұрағат қорының жан – күйі 1925 жылдың өзінде – ақ дабыл қағарлықтай күйге жеткен болатын.

1925 жылдың 9 мамырында Орал губерниялық Атқару комитетінің жанындағы өкілетті комиссия бұрынғы Бөкей губерниясының мұрағатын қайта құру жөніндегі отырысын өткізді. Комиссияның төрағасына Калагаев, хатшылығына Сарапаев сайланды. Комиссия күн тәртібіне Бөкей губерниясының мұрағатындағы құжаттардың сақталу туралы мәселені қойды.

Біріншіден, бұл мұрағат қорына 1000 пұд (1 пұд – 16 кг) құжат жиналса; екіншіден, жинақталып сақталған құжаттардың басым көпшілігі төңкеріске дейінгі кезеңді қамтитын құнды да бағалы материалдар, үшіншіден, мұрағат қорындағы құжаттар ХҮІІІ ғасырдың соңынан бастау алғанымен, алдағы уақытта қазақ халқының тарихын зерттеу ісіне өте қажетті жәдігерлер еді.

Дегенмен де мұрағат меңгерушісі В.И. Жабин комиссия отырысында жасаған баяндамасында мұрағаттың толық мән – жәйін ашық баяндап берген.

Бұл баяндама бойынша біздің түйген ойымыз төмендегідей:

Ең бірінші, мұрағат қызметкерлерінің штатын қысқарту нәтижесінде тек меңкүршінің қалғанын, техникалық қызметкерлер штатының мүлдем жойылғанын бағамдаймыз.

Екінші, мұрағатқа шаруашылық істерін ұйымдастыру жұмыстарына ақшалай қаражат сметада мүлдем қарастырмаған.

Үшінші, мұрағат қорларын сақтау үшін бөлінген қойма да талапқа сай жабдықталмаған. Жасалған баяндамадан тағы бір байқайтынымыз мұрағат қорындағы сақталған көптеген тарихи құжаттар 1870 жылға дейін да таратылып, кейбір істер жойылған. Дегенмен, мұрағат қызметкерлері мұрағаттағы жинақталған мол құжаттарды төмендегідей секцияларға бөліп жинақтаған:

1. Экономикалық секция;
2. Әскери секция;
3. Тарихи – материалдар секциясы;
4. Заң секциясы

Комиссия мұрағат меңгерушісі В.И. Жабиннің баяндамасында көрсетілген кемшіліктерді жою мақсатында қаулы қабылдаған:

- а) архивариус штатын сақтау;
- ә) мұрағат қорларын сақтау мақсатында жедел түрде қолайлы орын іздестіру шараларын жүзеге асыру;
- б) архивариуске барлық материалдарды арнайы секцияларға бөліп, жылдарына орай тізімге алып топтастырып, жинақтауды тпсыру;
- в) архивариустың жұмысын тікелей қадағалау Орал Атқару Комитетіне тапсыру.

Алынған қаулы Бөкей губерниясының мұрағат қорындағы ел тарихына қатысты материалдарды сақтау шараларының бастамасы болды.

1931 жылғы Қазақ АССР-ның Орталық мұрағат басқармасының шығарған бюллетеніне назар аударып, орталық мұрағаттың 5 жылдық жұмысына (1927-1931 жж.) жан – жақты талдау жасағанымызда, мұрағат қызметкерлерінің тынбай еңбектенулерінің нәтижесінде Қазақстанда мұрағат ісінің аяғынан нық басып, материалдық базасының нығайып, одан әрі жетілдіру жұмыстарының жүзеге асуы туралы шараларды алдарына мақсат етіп қойған табандылықтарына тәнті боламыз.

1927 жылы 5 губерниялық мұрағат (Семей, Петропавлск, Орал, Жетісу, Сырдария), 1 облыстық (Қарақалпақ обл.), 1 округтік және үйездік мұрағат бюролары болса, 1928 жылы губерниялық мұрағат бюролары округтық мұрағаты бюролары болып қайта жасақталып, жаңадан 5 округтік (Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Қызылорда, Гурьев) мұрағат бюросы құрылды. 1930 жылы округтік мұрағат бюролары таратылып, ауданаралық мұрағат бюролары болып құрылғанымен, көп кешікпей 1931 жылдың басында таратылды. Таратылған мұрағат бюроларының орнына Орталық мұрағаттың 3 бөлімшесі ретінде Семей, Петропавл, Орал мұрағаттары құрылды. Орталық мұрағаттың негізгі базасы Орал мұрағаты болып есептелінді.

Орталық мұрағат және жергілікті мұрағаттардағы штат кестесі 1927-1930 жылдары төмендегідей белгіленді.

1927 жылы 1 қазаны – 39 адам;
 1928 жылы 1 қазаны – 36 адам;
 1929 жылы 1 қазаны – 28 адам;
 1930 жылы 1 қазаны – 31 адам;
 1931 жылы 1 шілде – 23 адам (штат бойынша 29 адам) болған. 6 ғылыми қызметкерлер мен архивариустар жетіспеген.

1927-1931 жылдар аралығында мұрағат қызметкерлерінің білімін жетілдіру мақсатында 4 адам арнайы курсқа жіберілген.

1927 жылдан мұрағаттарда жұмыс жасап келе жатқан тәжірибелі қызметкерлерден бәреуі орталықта, екіншісі Оралда ғана қалған. Қалғандары еңбек ақының аздығынан және қолайсыз жағдайларға байланысты жұмыстан шығып кеткен.

1928-1930 жылдары жергілікті мұрағат органдарында шала сауатты, тәжірибесіз адамдардың жұмыс жасауының нәтижесінде Семей, Петропавл қалаларындағы қағаз дайындау фабрикаларына бағалы мұрағат қорларын жіберуге әкеліп соқтырған жағдайлар да кездескен.

Осындай келеңсіз жағдайлардың қайталанбауы үшін 1931 жылдан бастап Қазақ АССР-ның Орталық мұрағат бөлімі кадр мәселесін күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі етіп қойған. Сондықтан да мұрағат ісін жетілдіру мақсатында 1931 жылы Мұрағаттану Институты ашылды.

Еліміздегі мұрағаттарды жабдықтау мен ондағы жинақталған қорларлы сақтау үшін бөлінген қаражат көлемі төмендегідей болған:

Бұдан 1927-1930 жылдар аралығында бөлінген қаражаттың аздығы байқалса, тек 1931 жылы ғана қаражаттың тиімді бөлінгенін байқаймыз.

Қаражат тапшылығына байланысты нәтижесінен Қызылорда, Гурьев қалаларындағы мұрағаттарға қаражат бөлінбеген.

Кесте №1. 1927-1930 жж. мұрағатқа бөлінген қаражаттың көлемі

Жылдар	Орталыққа	Жергілікті мұрағатқа	Барлығы
1927/28 жж.	17015.44	24438.66	41454.10
1927/28 жж.	12279.98	28844.50	4124.10
1928/29 жж.	15917.07	21209.30	37126.37
1929/30 жж.	26387.48	22040	48127.84
ерекше квартал	10837	5510	16347
1930 ж.	94700	29800	124590
5 жылда	177137.33	131842.46	308979.79

Келесі бір өзекті мәселе мұрағат қоры мен оны сақтау шараларына аз – кем тоқтала кетсек, оның жылдан – жылға толықтырылып отырғанын төмендегі кестеден байқауға болады:

Кесте №2. 1927-1931 жж. мұрағатты материалдармен толықтыру көлемі

Жылдар	Жинақталған материалдар қор саны	Сақталған істердің саны
1.10. 1927 ж.		
1.10. 1928 ж.	988	602426
1.11. 1928 ж.	1402	889060
1.01. 1931 ж.	2064	1020166
1.08. 1931 ж.	2272 2466	121397 1227561

Орталық мұрағат қорына келіп түскен материалдарды ережеге сай жинақтап, тізімге алу шаралары да бір ізділікке түсіріп, мұрағат қызметкерлерінің бірвз іс – тәжірибе жинақтап қалғандығы назарға ілінеді. Мысалы, 1927 жылдың 1 қазанында келіп түскен материалдардың жинақталып, тізімге алынғаны 30% болса, 1931 жылы 50 %-ға жеткен [10].

Мұрағат қорының көптеген материалдары тізімге алынбай, арнайы қорлар есебінің жүргізілмеуіне 1925 жылдан ел астанасының Орынбордан Қызылорда қаласына, кейін 1929 жылы Алматы қаласына көшірілуі де себепкер болды.

Мұрағатқа келіп түскен істердің көпшілігі буылып – түйілген күйінде жатуы зерттеушілерге де қиыншылықтар туғызды. Бұл материалдардың көпшілігі ХҮІІІ – ХІХ ғасырлардағы тарихи құнды материалдар, яғни Шекара комиссиясы ісі, Орынбор обылысындағы қырғыздарды (қазақтарды) басқару басқармасы, Шекара істері экспедициясына қатысты істері еді.

Сол кезеңдерде жинақталған мұрағат қорларын сақтау үшін бөлінген мұрағат үйлері талапқа сай болмады. 1927 жылы Семейдегі мұрағат үйі өртеніп, жинақталған 50 қордың материалдары өртке шалынды. 1928-1929 жылдары қазақстанда макулатура тапсыру науқаны жүргізілді.

Осы жүргізілген науқан қазақстан тарихына қатысты құнды да деректі материалдардың жойылуына әкеліп соқтырды. Мысалы, Семей мұрағатындағы облыс көлеміндегі азамат соғысына қатысты материалдар түгелге жуық макулатураға тпсырылған. Осындай жағдай Петропавлвск қаласында да қалыптасып, 2 вагон мұрағат материалдары жойылған. «Еңбекші қазақ газеті редакциясы Кеңес сауда қызметкерлерінің одағы Су шаруашылығы сияқты кейбір мекемелер Орталық мұрағаттың келісімінсіз өздерінің барлық мұрағаттарын жойып жіберген.

1927 жылдан бастап Қазақстан тарихына қатысты материалдар Астрахан, Омбы, Орынбор, Ленинград, Ташкент, Жаркент қалаларындағы мұрағаттардан жинақтала бастады. Астрахан мұрағатынан Орталық мұрағатқа 1875 жылдан бастап Бөкей ордасының Астрахан губерниясына қосылуына дейінгі материалдар алдырылса да, көптеген материалдар қорлардың бейберекетсіз жинақталуынан табылмады. Омбы мұрағатындағы жинақталған материалдар 10 вагонға жеткенімен, оны сақтау орындарының болмауынан. Омбыда уақытша қалдырылған. Ташкенттегі көптеген мұрағат материалдары қазақстанға тікелей қатысты болғанымен, өзбек жағы бұл материалдарды профессорлар пайдалануда, деген сияқты әртүрлі сылтау себептер айтып беріген. ҚАССР Орталық Атқару комитеті кезінде РСФСР Орталық Атқару Комитетіне Ташкент мұрағатындағы Қазақстан мен Өзбекстанға қатысты қорларды бөлу жөнінде комиссия құру мәселесін көтергенімен, бұл мәселе де шешімін таппады. Бұның зардабын күні бүгінге дейін отандық зерттеушілер тартып келеді десек, артық айтқандық емес. Қазіргі кезеңде Өзбекстан мұрағаттарына рұқсат алу қиын мәселелердің бірі. Орынбор мұрағат қорларындағы даулы материалдарды жинақтап алдыруда да келісім комиссиясы құрылмағандығына байланысты кейінге қалдырылған.

Осы мұрағаттардағы еліміздің тарихына қатысты құжаттардың мұрағат істерінің қалыптасу жылдарында жинақталмауының нәтижесінде тарихымызда «ақтаңдақ беттер» қалыптасты. Свердловск (қазіргі Екатеринбург), Томск, Новосибирск, Қазан, Самара және Уфа мұрағаттарында Қазақстанның халық шаруашылығы тарихына қатысты көптеген материалдар бар екендігі сол күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Айтылған мәселелер бүгінгі күндері мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының 2 бөлімінде атап көрсетілген: ТМД елдері мен шетелдік мұрағаттардағы еліміздің тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, сирек кездесетін кітаптарды алдыруды ұйымдастыру, көшірмесін жасатуды қарастыру, бұрынғы жіберген олқылықтардың орынын толтырып, тарихи жадымызды қалыптастыруға игі ықпалын тигізері сөзсіз.

Көптеген мекемелердің мұрағат қоры жауапсыздық пен салғырттықтың нәтижесінде жарамсыз жағдайға жетті. Халық Ағарту Комиссариатының мұрағатын тышқандар жесе, ал Қаржы Халық Комиссариаты мен Қазақ мемлекеттік Сауда Кеңесінің мұрағаттары Қызылордадан Алматыға көшу кезеңінде күтімсіз қалдырудың барысында көпшілігі жыртылып жоғалған.

Аталған мекемелердегі мұрағат қорын сақтауға міндетті қызметкерлер қарапайым мұрағат істері жөніндегі ережелерді білмеуінің нәтижесі осындай сорақылықтарға жеткізді.

Орталық мұрағат қорындағы бар материалдар бойынша қазақ халқының тарихын ХҮІІІ ғасырдың аяғынан бастап жазу туралы бастама көтеріп, осыған

байланысты ҚАССР Орталық Аткару Комитетінің Президиумы комиссия құрды.

Комиссияға С. Меңдешев, О. Исаев, Ұ. Құрамысов, О. Жандосов, С. Асфендиаров, А. Асылбеков, Ә. Айтиев, Б. Алманов, Ғ. Тоғжанов, В. Варламов сияқты қоғам, мемлекет қайраткерлері мүше болды.

Мұрағат ісін ұйымдастыру жылдарында кездескен қиыншылықтарға қарамастан ғылыми – зерттеу жұмыстары қатар жүргізілуімен ерекшеленді. 1926-1927 жылдары Орталық мұрағат қорында:

1. Исатай Тайманов
2. Қазақстандағы 1917 жылғы төңкеріс оқиғалары
3. Жетісудағы революциялық қозғалыстар
4. Орск – Ташкент және Орынбор – Орал темір жолы туралы
5. Алаш Ордаға қатысты материалдар бойынша ғылыми – зерттеу жұмыстары жүргізілсе, ал 1927-1928 жылдары:
 2. Кенесары Қасымов көтерілісі
 3. Жұт туралы
 4. 1916 жылғы көтеріліс
 5. Пайдалы қазбалар табылған жерлер
 6. Орта Азиядағы ұлт – азаттық қозғалыстар
 7. Қазақстандағы революциялық оқиғалар хроникасы
 8. Қарақалпақ обылысы туралы
 9. Революцияға дейінгі Қазақстандағы психиатрлық көмек туралы материалдар қарастырылған. 1928-1930 жылдар аралығында:
 1. Пролетарлық революция жеңісінен кейінгі ұлттық аймақтар.
 2. ҚАССР Кеңесінің І-ші сиезі
 3. Алаш Орда және алашордалықтар
 4. Денсаулық сақтау
 5. Азамат соғысы жылдарындағы фотолар
 6. Д. Фурманов туралы.
 7. Қазақстанның гидрографиялық, палеоботаникалық және климаттық жағдайы.
 8. Өлкені отарлау мен жер мәселесі
 9. Жетісудағы партизандық қозғалыс
 10. Жетісудағы азамат соғысы
 11. Жер учаскілері туралы жазбалар
 12. Революциядан бұрынғы жұмысшы қазақтар туралы зерттеу жұмыстары жүргізілген .

Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мұрағат деректеріне сүйеніп негізделген Рязановтың «Кенесары Қасымовтың көтерілісі» Н.П. Болотниковтың «ҚАССР –ы Кеңесінің І съезі және «торғай облысының

шаруа және жұмысшы қазақтарының съезің атты кітаптары баспаға дайындалды.

Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету, мемлекеттік есеп және ғылыми-анықтамалық аппарат ОММ маңызды бөлімі болып саналады.

Бөлімнің ең басты міндеті мекемелердің, ұйымдардың қызметі барысында топтастырылған саяси, ғылыми, тарихи, мәдени әлеуметтік мағыналары бар құжаттарды қабылдау және мемлекеттік сақтауды қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар құжаттарды ұйымдастру және мемлекеттік есеп жүргізу, құжаттардың физикалық және химиялық сақталуына оңтайлы жағдай жасау, істің физикалық жағдайын жақсарту, аса құнды құжаттардың сақтау қорын құру, тізбелерді жетілдіру және мұрағат оқу залына келуші зерттеушілермен жұмыс істеу олардың қорларымен жұмыс істеуіне кеңестік көмек көрсету.

Сондай-ақ мұқабалау, тізімдемелерді жетілдіру, құжаттарды мұрағат қоймаларына тиімді етіп орналастыру, құжаттың бар жоғын көрсету сақтандыру қорының және аса құнды құжаттардың есебін жүргізуде бөлімнің қосымша жұмыстары. Мұрағатта қағаз негіздегі құжаттарды сақтауда арналған он екі мұрағат қоймалары бар. Қоймаларда металлдан жасалған стеллаждар, өлшеуіш-бақылау аспаптары, күзет және өрт дабылдары жүйелері, өрт сөндіргіш құралдары бар.

Бұл мұрағат қорында мемлекеттік және атқару органдарының, сақтық, прокуратураның, қаржы, денсаулық, білім, баспа, статистика, көлік, байланыс, ауыл шаруашылық, құрылыс пен архитектура мекемелерінің құжаттары сақталған. Қор жасаушылардың да тізімі әртүрлі. Жеке адамның қалыптасуы қорына ерекше мән беріледі. Олар 27 қорды құрайды.

«Мұрағаттың болашақта жаңа, арнайы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ететін ыңғайлы және әлемдік стандарттар мен эстетикалық талғамға сай болғанын қалар едік-деп пайымдайды мұрағаттанушы К. Әлиева.

ҚР «Ұлттық мұрағат қоры мен мұрағаттар туралың Заңына сәйкес мекемелер, ұйымдар және кәсіпорында Ұлттық мұрағат қорын толықтырудың негізгі көздері болып табылады. Ұйымдардағы қызмет бабында жинақталған құжаттамалар материалдық өнеркәсіптің, ғылымның, мәдениеттің, қоғамдық өмірінің қызмет аясын, сондай-ақ мемлекеттік және шаруашылық басқарма органдарының іс қимыл жасауын жан-жақты көрсетеді.

Кейінірек құжаттандыру және құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтауда біртұтас мемлекеттік саясатты іске асыру үшін, 90-шы жылдардың аяғында, топ ведомствалық мұрағаттарды жинақтау және бақылау бөлімі болып аталды. Ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындардағы іс жүргізу мен мұрағат ісі саласында маңызды мемлекеттік міндеттер жүктелген.

Атап айтқанда:

- іс жүргізуді «Құжаттау мен құжаттаманы басқарудың негізгі ережелерінің сәйкес жүргізу;
- қызмет бабында жинақталған құжаттарды есепке алу және олардан істер қалыптастыру;
- қызмет процесі кезінде қалыптасқан құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын және ұзақ мерзім сақталатын құжаттарды (оның ішінде жеке құрам бойынша) есепке алу, пайдалану, іріктеу және мемлекеттік сақтауға өткізу үшін дайындауды ұйымдастыру мақсатында ведомствалық мұрағаттар құрады немесе олардың татқаратын міндеттерін басқа структуралық бөлімдерге береді.

ОММ жинақтау көздері болып табылатын мекеме, ұйым және кәсіпорындардағы құжаттардың ведомствалық сақталуы мен құжаттаманы басқару қызметінің жағдайына бақылау және ұйымдастыру-әдістемелік басшылық жасауды осы бөлім жинақтау мен ведомствалық мұрағаттарға бақылау бөлімі атқарады.

Бөлім мамандары жоғарғы санатты мұрағатшылар. Бөлім қызметкерлері ведомствалық мұрағаттарға бағыт беруші ұйымдардың іс жүргізу қызметіне тұрақты бақылау жасайды. Құжаттармен жұмыс істеуді ұйымдастыруда, ведомствалық мұрағаттардың әдістемелік-құқықтық негіздерін дайындауда әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді, жұмыс тәртібін белгілейтін нормативті-әдістемелік құжаттар енгізеді. Қаладағы 260-тан астам ұйымдарға бағыт беру бөлімнің негізгі міндеттерінің бірі. Осы міндеттерді іске асыру үшін және Алматы қаласының мекемелерінде, кәсіпорындарында, ұйымдарында іс жүргізушілер мен мұрағатшылардың кадрлар құрамын дайындау мақсатында бөлім Алматы қаласының ұйымдарында бірнеше рет кәсіби семинарлар өткізді.

Мекеме, ұйым, кәсіпорының іс жүргізу қызметімен бірігіп, бөлім қызметкерлері іс жүргізу жөнінде нұсқаулықтар даярлайды, жүйелік бөлімшелердің жұмыскерлерін құжаттау негізіне, құжаттаманы басқару құжаттарды сақтауға үйретеді. Ұйымдастыру-басқару құжаттарын рәсімдеу жөнінде кеңестер береді. Бұл бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыруда «Ұйымдастру-басқару құжаттарын рәсімдеуге қойылатын уақытша талаптардың, түсініктермен берілген қосымшаларды қолданамыз.

Іс жүргізуде құжаттарды дұрыс ұйымдастру үшін, негізгі жұмыстардың бірі істер номенклатурасын құрастыру мен ол бойынша істерді қалыптастыру. Іс номенклатурасы дегеніміз – ұйымдардағы іс жүргізу үшін ашылған істердің сақтау мерзімі көрсетілген, келісілген ереже бойынша рәсімделген жүйелік тізбесі. Бұл жұмысты бөлім мамандары әрқайсысы өзіне

бөлінген мекемелерге методикалық және тәжірибелік көмек беру арқылы жасатады.

Мұрағатта сақталатын құжаттардың көбі қағаз түрінде болғандықтан, олардың ескірітені белгілі. Сондықтан, біздің бөлім іріктеліп берілген ескі құжаттардағы мәліметтерді компьютерге көшіреді, яғни каталогизациялайды. Бұл біріншіден құжаттың, екіншіден, ол туралы мәліметті табуды тездетеді, қол жұмысын алмастырады. Бұл жұмыс 1 жылда бітетін жұмыс емес, ол жыл сайын өз қызметкерлеріміз болсын, мұрағатқа келушілер болсын, соларға қызмет жасайтын бағдарламалар арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасы Президентінің бюрократизм мен құжат алмасуды, қысқарту жөніндегі жарлығын орындау, жаңа технологияларды және компьютерлік бағдарламаларды тәжірибеге көптеп енгізуді талап етеді.

ОММ бар бағдарламалар:

1. «Алматы қаласындағы мекеме, ұйым кәсіпорындардағы жеке құрам бойынша құжаттардың орналасқан жерің атты бағдарлама 2001 жылы жасалынған. Ол Алматы қаласындағы мекеме, ұйым мен кәсіпорындардағы жеке құрам бойынша құжаттардың орналасқан жері туралы мәліметтер бар карточкаларды цифрлық жүйеде сақтап, оның тез табылуын қамтамасыз етеді. Сырттан келген карточкаларды осындай бағдарлама бойынша жасалынған болса, шетінен қоюға болады.

2. Ғылыми-ақпарат аппараты. Бұл бағдарлама анықтамалық стол жұмысы үшін жасалынған, ондағы мәліметтер: тізідемелер, қорлар тізімі, қоймалар нөмірі, қор туралы, қордың атының ауысуы туралы. Сондай-ақ, белгілі бір қор бойынша жеке мағлұматтар да бере алады. Мысалы, марапаттау туралы, оның қай ауданда, қай күні, қай ұйым атынан жүргізілгені, аты бойынша мәлімет береді.

3. Мұрағат қоры. Құжаттардың құрылысы мен мазмұны, сақталуы, ғылыми-ақпарат құралы туралы толық мағлұмат беруді кездейтін автоматты кешенді, бағдарлама. Бағдарлама мұрағатың төлқұжатын, құжаттар мен тізідемелердің тізбегін т. б. статистикалық есептерді тез арада шығарып бере алады.

4. Шешімдер тізімі. Бағдарламаға атқару комитетінің, әкімшілігінің, 1948-1993 жылдардағы шешімдері енгізілген. Бұл қажет шешімдерді іздестіру және табу жұмысын жеделдетеді. Бөлім өз әріптестерін компьютермен жұмыс жасауға үйретуде. Қазіргі уақытта олардың саны – 8 адам. Болашақтағы жоспарларымыз бағдарламалар санын көбейту. Мұрағат ішіндегі бөлімдер мен аудандық мұрағаттар арасында оқшаулап шектелген жүйе құру және Интернетке ену. Бұл қызметкерлердің мұрағатта сақталған құжаттар арқылы басқа да мекемелермен байланыс жасау үшін қажет.

Мұрағат құжаттарын ғылыми пайдалануды дамытудың қажеттілігін ескере отырып, 1999 ж. ортасында, ОММ жүйелік бөлімшесі болып

табылатын, ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімі құрылды. Оның мақсаты - мұрағат құжаттарын ақпараттық, зерттеу және ғылыми пайдалану болды. Бөлімнің негізгі міндеттері:

- қоғамның ретроспективті ақпаратқа деген әлеуеттік қажеттілігін зерделеу, табу және қанағаттандыру;
- зерттеушілердің жұмысын ұйымдастыру;
- тақырыптық көрмелер ұйымдастыру;
- қаладағы ұйым, мекеме, кәсіпорындармен мұрағат құжаттарын ақпараттау және жан-жақты пайдалану мақсатында байланыс орнату;
- құжаттық басылымдарды басуға даярлау, көпшілік ақпарат құралдары арқылы мұрағат құжаттарын кең танымал ету;
- өзіндік зерттеулер, мұрағаттану мәселелері бойынша, зерттеушілерге көмек ретінде, мұрағат құжаттарынан мекеме тарихы жөнінде тақырыптық іріктеулер жасау;
- азаматтардың әлеуметтік-құқықтық, заңды тұлғалардың тақырыптық сұранымдарын орындау;

Бөлімде 6 жоғары білімді мамандар қызмет атқарады. Құжаттарды пайдалану әр түрлі бағытта жүргізілген. Соның бірі - Қазақстан, сондай-ақ жақын және алыс шетел азаматтарының сұранымдарын орындау. Соңғы жылдары олардың саны өте тез өсуде: жылына 2000-нан аса мұрағаттық анықтама беріледі.

Мұрағаттық құжаттарды пайдаланудағы негізгі бағыттардың бірі - бөлім мамандарының мерзімді басылымдарға, радио, теледидарға қала және оның тұрғындары туралы, фактілер, өмірбаяндар, цифрлар жөнінде мақалалар жазуы болып табылады.

Бөлім мамандары маңызды да қиын жұмыстарды орындайды. Оның мақсаты - адамдарға тарихи шындықты жеткізу.

Қала тұрғындарының қайсыбірі болмасын өмірінде бір рет болса да мұрағатқа сұраныспен, өтінішпен келеді: кейбіреуді өзінің атының, тегінің шығу тарихы қызықтырса, енді біреулердің қала тарихымен танысқысы келеді, ал үшіншілері күнделікті тіршілік қамымен жүреді: еңбек өтілін қалпына келтіру, мүліктік құқығы немесе өмірбаянының кейбір фактілерін растау. Осы мәселелердің бәрінде де ақпараттық және анықтамалық бөлімінің қызметкерлері таптырмайтын мамандар. Олар белгілі бір деңгейде азаматтарды әлеуметтік қорғаудың кепілі ролін атқарады.

Ақпарат және анықтама бөлімінің негізгі мақсаты мен міндеті қоғамның тұтыну талаптарын өткенді шолу ақпараттарымен қанағаттандыру.

Мамандар азаматтарды, мемлекеттік өкімет органдарын, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарды, мекемелерді, кәсіпорындарды ақпараттық қамтамасыз етумен айналысады, яғни, мұрағатқа ақпарат алу

үшін келген азаматтар мен заңды тұлғаларды қабылдайды, әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сипаттағы сұранмдарды орындайды [55].

Сұранымдар бойынша мұрағаттың анықтамалар алу процессін жылдамдату үшін мұрағаттың технологиялары автоматтандырылып, ақпаратты іздестіру мен өңдеуге қазіргі заман талабына сай компьютер құралдар енгізілуде, құжаттардың орналасқан жері туралы деректер базасы толықтырылуда.

Қазақстанның ғалымдары, жоспарлаушылары, сәулетшілері мен инженерлерінің творчестволық және тәжірибелік қызметі нәтижесінде құрылған ғылыми-техникалық құжаттама отандық ғылым мен техниканың даму тарихы бойынша экономикалық және ғылыми-тарихи маңызы бар ақпарат көзі болып табылады.

Ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс істеу жөнінде бөлім мамандары бірқатар әдістемелік оқулықтар мен ұсыныстар әзірлеген. Ол оқулықтар мен ұсыныстар қала ұйымдары тарапынан әрқашан сұранысқа ие.

Осы ұсыныстарды өндіріске енгізу және құжаттардың қамтамасыз етілуін ұйымдастыру бойынша семинар-маслихаттар өткізу, оларды уақыттыңда мемлекеттік сақтауға тапсыру ғылыми-техникалық құжаттаманың мұрағатын жасақтау бойынша жұмыстардың сапасын арттырды. Барлық әдістемелік әзірлемелер электронды жеткізушіде және қағаз негізінде ұйымдарға таратылады.

Болашақта баспасөз ақпараттық құралдары арқылы аса құнды құжаттарды кең таратып түсіндіру, құжаттардың көрмелерін ұйымдастыру жоспарланған.

Қазақстандағы мұрағат істерінің қалыптасу жылдарындағы қиыншылықтар мен жетістіктерді саралай келіп, мұрағат ұлт тарихының бай қазынасы екендігіне көз жеткіземіз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҰРАҒАТ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАРИХЫ, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

1.1 Мұрағат ісі саласындағы РСФСР ХКК декреттері және олардың Қазақстанда мұрағат ісі саласын ұйымдастыру ісіне тигізген ықпалы

РСФСР құрамында жаңадан құрылған Қазақ кеңестік мемлекетінің алдында тұрған негізгі шаралар қатарында республикада мұрағат ісін ұйымдастыру мәселесі тұрды.

Автономиялы республикада мемлекеттік мұрағат қызметінің заңдық алғышарттары 1918-1919 жж. мұрағат ісі саласында қабылданған ХХК РСФСР декреттерінің негізінде қаланды.

1918 жылы 26 сәуірде В. И. Ленин төрағалық еткен ХКК отырысында Мұрағаттар мен кітапханалар Орталық басқармасын ұйымдастыру мәселелерін қарастырылған баяндама тыңдалды. Аталмыш мәселені шешуге негізделген декреттің жобасын жасау туралы шешім қабылданды. ХКК РКФСР мүшелеріне 1918 жылы 27-28 мамырда ұсынылған декрет жобасы революцияға дейін мұрағат ісі саласында өздерінің реформаторлық ойларымен белгілі болған Н.В.Калачев және Д.Я.Самоковасов идеяларына негізделе отырып дайындалды. Бұл мәселеге байланысты талқылауды ұйымдастырушы белгілі тарихшы, Халыққа білім беру комиссарының орынбасары Н.М.Покровский болған еді.

1918 жылы 1 маусымда В.И.Лениннің қол қоюымен бекітілген «О реорганизации и централизации архивного дела в РСФСР» декрет осы салада жүргізілген үлкен талқылаулар мен пікірталастардың заңды қорытындысынан туындаған еді.

Кейбір ережелерінде азды-кемді кемшіліктер кездескенімен, бұл декрет құжаттарды сақтауды ұйымдастыруға және мұрағат ісін орталықтандыруға негізделген жаңа социалистік мемлекеттің ең алғашқы заңды актісі болды. Онда барлық үкіметтік мекемелер, сонымен бірге ведомстволық мекемелер мұрағаттары жойылып, оларда сақталған істер мен құжаттар Біртұтас Мемлекеттік Мұрағаттық Қор (БММҚ) құратындығы көрсетілді. БММҚ-ға 1917 жылдың 25-қазанына дейінгі кезеңде қызмет еткен мекемелер істері мен жазбалары кірді. Мемлекеттік мұрағаттық қорды меңгеру міндеті Мұрағат Ісі Бас Басқармасына (МИББ) (орысша - ГУАД) жүктелді. Бұл Бас басқарма Халыққа білім беру комиссариаты құрамында ерекше бөлім ретінде құрылды.

Осылайша, 1918 жылы 1-маусымда қабылданған декрет негізінде МИББ жоғарғы билік органдарына бағынышты жеке-дара орталық мекеме ретінде қызмет ете бастады.

Декрет бойынша мұрағат саласының негізі қызметі айқындалды. Олар: құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, құндылығын сұрыптау, құжаттарды жеделдете табу және ғылыми мәнін анықтауды ұйымдастыру, ведомстволық мекемелердің құжатпен жұмыс істейтін бөлімдеріне бақылау орнату.

Осының негізінде МИББ (ГУАД) құрамына кіретін белгілі бір мақсаттарға бағытталған жаңа әлеуметтік институты бар мұрағаттық қызметтің мемлекеттік жүйесі құрылады.

Мұрағат ісі саласындағы алғашқы декреттің ережелері ұлттық республикаларда да мұрағат ісін ұйымдастырудың заңды негізіне айналды. Ол Қазақстанға да қатысты еді.

1919 жылы РСФСР ХКК тағы да төрт акт қабылдады. Бұл актілер жергілікті жерлерде мұрағат қызметін ұйымдастыруға әсерін тигізген заңды негіздің күшеюіне ықпал етті.

1919 жылы 2 наурызда Халық Комиссарлар Кеңесі «Таратылған бұрынғы армия істері мен мұрағаттары туралы» декрет қабылдады. Ол 1914-1918 жылдардағы империалистік соғыс кезіне қатысты құжаттарға қатысты еді және де оны орындау жергілікті жерлердегі әскери комиссарлардың қол асты бақылауымен іске асуы тиіс болды.

1919 жылы 31 наурызда қабылданған «Губерниялық мұрағат қорлары туралы Ереже» губерниялық ортақ мұрағат қорларын құрудың заңды негіздерін жасады. Губерниялық атқару комитеттеріне мұрағаттық істер мен құжаттардың талапқа сай сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру шараларын жүргізу және бақылауға алу жүктелді. Олар құжаттардың губерния, уезд, болыс және губерниялық қалаларда арнайы орындарда жинақталып сақталуын, мұрағаттарға орналастырылуын қадағалау ісімен айналысуы тиіс болды. Губерниялық мұрағаттық қордың меңгерушісін Мұрағат ісі Бас басқармасы тағайындады.

Ережеде мұрағат саласына байланысты жалпы сұрақтарды білікті түрде қарастыру мақсатында мұрағаттар жанынан Кеңестер құру мәселесі қарастырылды. Бұл кеңестер құжаттарды сақтау және реттеу мәселесімен айналысты, оның құрамына жергілікті жерлердегі белгілі ғалымдар және педагогикалық қоғамдар өкілдері, кітапхана, мұражай қызметкерлері, губерниялық халыққа білім беру бөлімінің депутаттары өз өкілеттілігін бір жылдық мерзімге сақтай отырып сайланды.

Мұнымен қатар, жаңа кеңестік әкімшіліктің белсенді қызметінің нәтижесінде құжаттардың ағымын реттеу және тек жаңа құжаттарды ғана емес, бұрынғы құжаттардың да құндылығын сұрыптауға деген сұранысты өсірді. 1919 жылы 31 наурызда РСФСР ХКК мұрағаттық істерді сақтау және жоюға байланысты Қаулы қабылдады. Бұл құжаттың бірінші тармағында былай делінген: «Все окончные дела советских учреждений, профессиональных и кооперативных организаций сохраняются при них не более пяти лет, причем ни один документ не должен быть изъят».

Тиісті уақытта мұрағат бөлімдеріне «тарихи материал» ретінде қолданыстағы уақыты өткен тұрақты сақтауға қабылданған құжаттар қабылданылады; оған тарихты зерттеулерге, дипломатиялық қатынастарға, саяси, қоғамдық, экономикалық өмірдің сан алуан қырларына қатысты маңызды құжаттар кіреді.

Осылайша, декрет негізінде Мемлекеттік мұрағаттық қорға қабылданатын құжаттарды сұрыптаудың негізгі ғылыми принциптері айқындалды.

Қандай құжаттарды сақтау керек немесе қандайын жою керектігін анықтау үшін арнайы айқындаушы комиссиялары құрылды. Комиссия құрамына мұрағат басшылары, материалдарын сақтауға өткізіп отырған мекеме төрағасы кіруі тиіс болды. Тарихи маңызы жоқ деп танылған құжаттарды айқындау белгіленген төтенше қатал нұсқауларға сәйкес тексерудің бірнеше сатысынан өтті де, тексеру комиссиясының қорытындысынан, Мұрағат ісінің Бас басқармасында тізімнің бекітілуімен айқындалды, құжаттарды жою актісіне міндетті түрде МИББ-ның төрағасы

катысуы тиіс еді. Жойылған істердің тізімдемесі салаға сай мұрағаттарда тұрақты түрде сақталды.

Кеңес үкіметі құрылған алғашқы қиын жылдарда, мұрағаттық істерді тұрақты сақтауға алу және жою туралы декрет маңызды құжат болған-ды, ол мемлекеттік сақтауға құжаттарды қабылдауды ұйымдастырушы және осы саладағы жұмыстарды бағыттаушы, негізгі принциптерді анықтаған құжат еді. МИББ-ның Ережесі сол жылдың өзінде-ақ МИББ-ның нұсқауларында нақтыланып көрсетілді. Бұл нұсқауларда мұрағаттарға іс жүргізу жұмыстарына бақылау құқығы беріліп, мекемелер қызметі барысында құжаттарды сақтау және олармен жұмысты ұйымдастыру міндеті жүктелді. Енді мұрағаттардың кіріс және шығыс құжаттары толығымен бақылауға алынып, құжаттардың мекеме мұрағаттарында жылжу реті анықталып, олардың мемлекеттік мұрағат қорына дейінгі барлық жолы анықталды. Осындай жолмен іс жүргізуде және ведомстволық сақтауда құжаттарды есепке алудың бастамасы жасалды.

Істерді сақтау және жоюға байланысты декрет мемлекеттік мұрағаттардың өзге мемлекеттік мекемелермен қарым-қатынасын ұйымдастырды және мұның заңды негізін қалады. Осылайша, мемлекеттік мекемелердің жаңа жүйесінде мұрағаттар іс жүргізу және басқару саласында бақылаушы және бағдарлаушы мәртебесін иеленді.

1918-1919 жылдардағы РСФСР ХКК Декреттері жалпы алғанда мұрағат ісін қалыптастырудың барлық маңызды салаларын қамтыды. Барлық саладағы маңызды мұрағаттық құжаттардың сақталуына жағдай жасалды. 1918 жылдың 1-маусымында қабылданған декрет негізінде бұрынғы үкіметтік мекемелердің мұрағаттары, 1917 жылдың 25 қазан айына дейін Уақытша үкімет мекемелеріндегі іс-қағаздар мен жазбалар, құжаттар тағдыры заңды түрде рәсімделді.

Осы 1918-1919 жылғы мұрағат ісіне қатысты қабылданған РСФСР ХКК декреті, жалпы алғанда мұрағат ісін құру саласындағы барлық мәселелерді қамтыды, осы негізде атқаратын негізгі функциялар анықталды. Олар мекемелерде іс жүргізу жұмыстарынан басталып, құжаттардың есепке алынуы, мемлекеттік сақтауға сұрыптап алу жұмыстары, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және олардың жаңа құрылған мемлекеттің талаптарына жауап беретін ғылыми пайдалануды ұйымдастырумен аяқталды. Мұрағат ісі саласындағы декрет Қазақстанда мұрағат ісін қалыптастыруда және ұйымдастыруда үлкен маңызға ие болды.

1.2 Қазақстанда алғашқы мұрағаттық мекемелер мен өлкелік мұрағаттық қорларды ұйымдастыру

Қазақстан аумағы революцияға дейінгі кезеңде бұрынғы Ресей империясының түрлі әкімшілік орталықтарында басқарылғандықтан, қазақ халқының тарихын сипаттайтын отарлық мекемелеріндегі мұрағат

құжаттарының басым бөлігі сонда, яғни Орынбор, Омбы, Ташкент, Астрахань және т.б. қалаларда сақталды.

Алғашқы жылдардағы мұрағат ісінің ерекшелігі сол, ол азамат соғысы жылдарындағы кезеңмен байланысты болды, оның үрдістері кезінде өткенге куә көптеген мұрағат көздері жойылып кетті.

Қазақстандағы алғашқы мұрағат мекемелерінде өлкелік мұрағат қорларын құруда Бас мұрағат басқармасының біріктірушілік қызметінің айрықша маңызы бар.

1919 жылдың жазында РСФСР МИББ (ГУАД) Айрықша комиссиясының мәжілісінде басқа кеңестік республикаларға өз өкілдерін РСФСР Бас мұрағатымен байланыс орнату үшін және олардың заңнамалық және де РСФСР-дағы мұрағат ісі бойынша басқа да ұйымдастырушылық - әдістемелік материалдармен танысуға жіберу туралы шешім қабылдады.

Алаш ұлтық үкіметін талқандағаннан кейін, 1917 жылдың қарашасынан 1918 жылдың наурызына дейін большевиктік ұйымдардың тікелей басқаруымен кеңестік билік Қазақстанның ірі-ірі өңірлерінде түгелдей орнады. 1919 жылғы 10 шілде де В.И.Ленин қол қойған РСФСР ХКК-нің Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару үшін Революциялық комитет құру туралы белгілі декретінен соң, аталмыш комитет Қазақ АССР-інің болашақ үкіметтік мекемелерінің түпкі жиынтығына айналды. Ал, бұлар 1920 жылдың тамыз-қазан айларында заңды түрде қалыптасқан еді.

Қазіргі Қазақ Республикасының аумағында 1920 жылы алғашқы мұрағаттық органдар құрылып, түрлі әкімшілік орталықтарда мұрағаттар қалыптасу үрдісі жүріп жатты. Мұнда да бұрынғы отарлық жүйе әсері байқалып қалды. 1919 жылдың соңында Ташкентке келген РСФСР Бас мұрағатының өкілі Орта Азияда мұрағат мекемелері жоқ екендігін анықтап, 1919 жылдың 22 желтоқсанында, Ташкентте жұмыс істеп тұрған Түркістан істері бойынша БОАК (ВЦИК) Комиссиясына хабарлады. Бір ай өткен соң, 1920 жылдың 21 қаңтарында Түркістан АССР-на арнап Орталық мұрағат ісі басқармасын (Цулардел) құру туралы бұйрық жарияланды. Сол жылдың мамырында Түркістан ОАК-інің тиісті декреті де жарияланды. Бұл декрет бойынша ОМИБ бас басқарушысын РСФСР Бас мұрағатының келісімімен Түркістан ОАК (ЦИК) тағайындады. Қазақстанның Жетісу және Сырдария облыстары ОМИБ (Цулардел) қызметі қарамағына өтті. Ақмола мен Семей облыстарында 1920 жылы Омбыда Сібір Революциялық комитеті құрған мұрағат басқармасы жұмыс істеді, ал қалған Орал, Торғай, Закаспий, Астрахань, Орынбор, Алтай сынды Қазақ АССР құрамындағы облыстар РСФСР облыстық және губерниялық мұрағат мекемелеріне кірді. Алғашқы уақыттарда Орынбор губерниясы мен Торғай облысы аумағында Орынбор – Торғай губерниялық мұрағаты құрылды да, РСФСР Бас мұрағатындағы Орынбор өкілеттілігіне қарайды.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстандағы мұрағат ісін ұйымдастыруда РСФСР бас мұрағатының Орынбор өкілеттілігі маңызды рөл атқарды, себебі Қазақ АССР-ның бірінші астанасы Орынборда жаңа социалистік мемлекеттің үкіметтік мекемелері шоғырланған еді. Сонымен

бірге, мұрағат ісі бойынша Лениндік декреттер Кеңес үкіметінің басқа заңнамалық актілермен бірге Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда тезірек өмірге енгізілген еді. Бұл Петроград пен Мәскеуге жақын болғандығымен де түсіндіріледі. Мұрағат ісі бойынша декреттер В.И.Ленин қол қойғаннан кейін-ақ бірден Орынборға келіп түсіп отырды. 1919 жылы 31 наурызда РСФСР МИББ өкілеттілігі арнайы нұсқау жасап шығарды.

Орынбор қаласы бойынша МИББ өкілі А.Михайловтың қызметі 1919 жылы қыркүйекте ескі армия штабы мен басқармаларын қарап шығудан, яғни «мұрағат үшін мәні бар деп табылатын заттарды мұрағатқа өткізуден» басталған болатын. А.Михайлов пен В.В.Иванов сынды алғашқы өкілдердің бастамашылық жұмыстарының нәтижесінде тарих үшін Кеңес үкіметі органдарының алғашқы құжаттары сақталып қалды. Олардың арасында алғашқы баспа басылымдары (газеттер, үндеулер, хабарландыру және т.б.), әлеуметтік-құқықтық мәні бар неке және нотариат құжаттары да бар еді.

Сонымен қатар, губерниялық әскери комиссариатқа 1919 жылғы 2 қыркүйектегі РСФСР МИББ өкілінің жазған хатында бұрынғы тұрақты армияның таратылған бөлімдері мен штабтарындағы мұрағат «аса үлкен көлемде қиратылуда» деп те айтылады.

Бұл мұрағаттарды сақтау олардың тарихи зерттеулерге қажеттілігінен ғана емес, сондай-ақ жекелеген адамдардың түрлі анықтамалар мен құжаттарды талап етуімен де туындады. Жергілікті басылымдарда қараусыз қалдырылған құжаттар жайында мақалалар да жарияланды (Коммунар, 1919, №212).

Орынбор – Торғай губерниялық мұрағатының жай-күйі ғимарат жетіспеушілігімен сипатталынды, бірақ соған қарамастан 1919-1920 жылдары онда мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың 102 мұрағаты зерттеліп, оның 22-сі сақтауға алынды. Мұрағатта бар болғаны төрт-ақ қызметкер жұмыс істеді.

Мұрағат ісін ұйымдастырудың қажеттілігі алғаш рет Қазақ өлкелік әскери комиссариатының 1920 жылдың 12 наурызында болған жиналысында көтерілді. Онда бөлім төрағасының орынбасары А.П.Чулошников арнайы ғылыми мұрағат комиссиясын құру жайындабаяндама жасады.

1920 жылғы 26 мамырда А.П.Чулошников төрағалық еткен Қазақ әскери революциялық комитеті ғылыми бөлімінің жиналысында орталық мұрағат қорын ұйымдастыру сауалдары көтерілді.

Кейінірек ғылыми бөлім, ғылыми сектор, кейіннен Республиканың Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы болып әлденеше рет өзгерген бұл бөлім Қазақстан мемлекеттік мұрағат қызметін құруға септігін тигізген бірқатар үкіметтік қаулылар мен өкімдер жобаларын дайындады.

1920 жылы 15 шілдеде Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатындағы Ғылыми комиссия мәжілісінде оған төрағалық еткен А.П.Чулошников мұрағат туралы сауалды қайтадан көтерді. Онда орталық өлкелік мұрағат қорын мемлекеттік үлгіде құру жөнінде қаулы шығарып, оны мамандар Халық ағарту комиссариаты коллегиясының қарауына өткізеді.

Орынборда өлкелік мұрағат қорын құру туралы ұсыныстың екінші жағы да болды, өйткені автономиялық республиканы құру әлі заңды түрде рәсімделмеген болатын, ал қалада РСФСР Бас мұрағатына тікелей бағынатын губерниялық мұрағат жұмыс істеді. Қалыптасқан жағдай туралы губерниялық мұрағат меңгерушісі 1920 жылы 18 шілдеде Мәскеуге мәлімдеме жіберді. Сол жылы 12 тамызда РСФСР Бас мұрағаты «мұрағат қорын орталықтандыру мен басқару әкімшілік бөлініске сай жүргізілуі керек» деп түсініктеме жібереді. Сөйтіп, Өлкелік Қырғыз (Қазақ) мұрағат қорын ұйымдастыру осы өлкені басқарудың жалпы мәселелері шешілгенге дейін ешбір өзгерістерге ұшырай қоймады.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда өткен Қазақ АССР Кеңестерінің құрылтай жиналысына Орынбор-Торғай, Ақмола, Семей, Орал облыстарынан, бұрынғы Бөкей хандығынан және басқа да қазақ аудандарынан делегаттар қатысып, РСФСР құрамында автономиялы республика құрылғандығы туралы жариялады. Онда мұрағат ісіне қатысты бірқатар мәселер де шешілген болатын.

1920 жылы 9 желтоқсанда Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының Ғылыми бөлімі төрт бөлімнен тұратын сектор болып құрылды. Тұңғыш рет бөлім құқығында Бас мұрағат басқармасы автономиялы республика аумағында барлық мұрағат құрылысының мәселерімен айналысатын орган ретінде құрылды.

1918 жылғы 1 маусымдағы РСФСР ХКК декреті бойынша Жергілікті жерлердегі мұрағат құрылысын ұйымдастыруға жауапты мемлекеттік орган құрылған болатын. мұрағат ісін басқару жеке-дара мемлекеттік сала болмаса да, мемлекеттік билік пен басқармалардың жоғарғы органдарына бағынды. Оның республиканың Халық ағарту комиссариатына бағынуы кездейсоқтық емес еді. РСФСР-дағы мұрағат мекемелері де Халық ағарту комиссариаты жүйесіне бағынды, сонымен қатар бұл уақытта халық ағарту комиссариатында ең білімді де білікті мамандар жұмыс істеді. Мұнымен бірге Мұрағат ісі басқармасы қызметінің шектеулігі мұрағат жұмыстарының тиісті дәрежеде кең қанат жаюына кедергі келтірді. 1921 жылығы сәуірде Мұрағат ісі басқармасы баяндама дайындады. Онда мұрағат ісін қайта ұйымдастыру қажет екендігі көрсетілді, республикада бірнеше губерниялық қорлар құру, кеңестік кезеңге дейінгі және ревалюциялық уақыттағы барлық құнды материалдар шоғырланатын Орынборда Орталық өлкелік мұрағат ұйымдастыру секілді бірқатар ұсыныстар айтылды.

6 маусымда Мұрағат ісі басқармасы барлық кеңестік, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарға және республика азаматтарына құжаттарды жинап, оларды орталықтандырып сақтайық деп үндеу тастады.

1920 жылы 21 қыркүйекте ХКК декреті бойынша Қазан ревалюциясы мен РКП(б) тарихының материалдарын жинастыратын және зерттейтін Комиссия құрылғандығын айта кеткен жөн. Ол (Испарт) партиялық мұрағаттардың параллель жүйесін және де мейлінше мұрағаттарда «бағалы материалдарды» жинастыру мен ұйымдастырудың негізін қалады. Испарт өз мұрағаты мен

партиялық мұрағаттар торабын 1924 жылдан бастап 30-жылдарға дейін жинастыра берді.

1921 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты Орталық Өлкелік мұрағатқа ғимарат бөлді. Сөйтіп, 1921 жылдың 1-қыркүйегінен бастап тұңғыш рет Қазақстан тарихында өлкелік мұрағат өз қызметін бастайды. Оның бірінші меңгерушісі болып Арман Гра тағайындалды. Ол жергілікті басылымда өз қызметіне кірісе салысымен–ақ «Сохраняйте и берегите архивы» атты мақала жариялады. Алғашқыда мұрағат штаты 5 адамнан тұрды, олар: мұрағат меңгерушісі, бірінші және екінші разрядты архивариустер, ісжүргізуші мен қарауыл. Соған қарамастан, 1921 жылдың соңына қарай 19 мекеменің мұрағаты сақтауға келіп түсті, 2 мекеме мұрағаты есепке алынып, 11 мекеме мұрағаты көшірілді. 1920 жылдың 20-желтоқсанында өлкелік мұрағат штаты 7 адамға дейін ұлғайды, есептеу қызметкері мен хатшы-машинист қызметтері тағайындалды.

1922 жылы 24 қаңтарда Қазақ АССР-ндағы Орталық өлкелік мұрағаты жайлы алғашқы ресми ереже бекітілді. Оны Халық ағарту комиссариатындағы Бас мұрағат төрағасы Михайлов тағайындаған еді. Мұрағат Қазақстан аумағындағы барлық құнды да маңызды мұрағаттарды, яғни тарихи-ғылыми мәні бар мемлекеттік мекемелердегі, қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалар мұрағатын сақтайтын статус иеленді. РСФСР мұрағаттарындағы үлгі бойынша өлкелік мұрағат өз кезегінде мұрағаттық материалдар сипаты бойынша бірнеше секцияға бөлінді, олар: революция мұрағаты, революцияға дейінгі құжаттар секциясы, ғылыми-анықтамалық кітапхана. Сонымен қатар Орталық өлкелік мұрағат қорына құжаттардың келіп түсуі де баяу болса да жүріп жатқан еді.

Азамат соғысы жылдары Орынбор қаласы мен губерния мұрағаттары Қазақстандағы барлық мұрағаттар секілді қатты бүлінген болатын. Әскери, азаматтық және оқу мекемелерінің мұрағаттары Сібірге көшірілгенде жолда жоғалды немесе жойылып кетті. Казак әскерлерінің, кадет корпусының, әйелдер институтының, Ташкент темір жолының, әскери бөлімдердің мұрағаттары осылайша жойылып кеткен болатын. Жергілікті жерлердегі мұрағаттық мекемелердің мұрағаттары да қиратылды. Кейбір қағаздар отын ретінде пайдаланылып кетті. Бұл революцияға дейінгі іс қағаздарының ешқандай маңызы жоқ деген көзқарастан да туындаған еді. Қағаздың қат болуы мұрағаттың бүлінуіне әсерін тигізген тағы бір фактор болды. Жаңа кеңестік мекемелер кеңсесіне арнап іс қағаздары арасынан тазалау парақтар жұлынып алынды. Бұл өз кезегінде көптеген құнды да бағалы қорлардың араласып кетуіне алып келді.

Қаражат жетіспеушілігі, 1921 жылы болған аштық және оның зардаптары жергілікті жерлерде мұрағат ісін ұйымдастыруға кері әсерін тигізді. Мұрағат құжаттары алып-сату затына айналды. Мысалы, 1918 жылы Алматыда ескі мұрағаттар аукционда ашық сатылды. Айталық, Жетісу облыстық басқармасы қорынан аукционда 114011 іс қағаздары мен 727 кітап сатылды. Отарлық мекемелердің көпшілігінің мұрағаттары су тасқыны, өрт секілді зардаптарға ұшырады. 1921 жылы Алматыда болған су тасқыны кезінде

ұлттандырылған банктер, көші-қон басқармасы, т.б. мекемелердің мұрағаттары бүлінді.

Мұрағат ісін басқаратын орган ретінде Бас мұрағат 1921 жылы 5-сәуірде А.П.Михайлов қызметіне тағайындалғаннан кейін қалыптаса бастады. Мұрағат ісі Бас басқармасының штаты 8 қызметкерден тұрды, олар: меңгеруші, инспектор, ғылыми қызметкер, бірінші разрядты архивариус, іс жүргізуші, талқылаушы мен хат тасушы еді. Бас мұрағат қызметі Халық ағарту комиссариатына бағынғандықтан, бұл мекеме үшін шаруашылық және қаржы сауалдарын тікелей шешуді едәуір қиындатты.

Семей губерниялық мұрағаты Колчак үкіметін құлатқаннан кейін бес айдан соң, яғни 1920 жылдың сәуірінде құрылды. Құрамында жеті қызметкер болды. 1921 жылы оның штаты 5 адамға қысқарды. Ал, 1922 жылы мұнда жаңа қысқарту болып, штатта тек меңгеруші, іс жүргізуші мен қарауыл (әрі хат тасушы) ғана қалды. Қабылданған мұрағат жай-күйі Орынбор мұрағатына ұқсас еді, іс қағаздары шашырап жатты, көптеген бағалы құжаттар Колчак шегініп кеткен кезде қиратылды.

Азамат соғысы жағдайында және соғыстан кейінгі күйзелісте, 1921 жылғы аштықта мұрағаттар қоғамдық зілзалаларға ұшырады. Билікке келгендер тарапынан керек емес деп танылған құжаттарға немқұрайдылықпен қарау орын алды.

Қазақстанның тұңғыш астанасы қазақ-орыс қатынастары үшін маңызды болып келген Орынбор Еуропа мен Азия шекарасындағы айрықша стратегиялық мәні бар пункт болғандықтан, онда ертеден-ақ қазақ халқы тарихы үшін мазмұны құнды мұрағат құжаттары шоғырланды.

Мұрағат желісінің әлсіздігі (1921 жылы тек Орынбор және Семей мұрағаттары ғана жұмыс істеді), кадрлардың аздығы, мұрағат ісінің қиай бастауы Қазақ АССР үкіметін өлкедегі мұрағат ісі жағдайын қайта қарауына мәжбүрледі. Республика Халық ағарту комиссариаты (ХАК) өзінің негізгі проблемаларымен ғана айналысып, бұл жылдары мұрағат ісіне көп көңіл бөле алмады. 1920-1921 жылдары ХАК коллегиясында Мұрағат ісі Бас басқармасы бірқатар мәселелерді (жасақтау, толықтыру, сақтау, материалдық-техникалық жабдықтау, т.б.) көтергенмен, олар ХАК тарапынан шешіле қойған жоқ.

Мұндай жайттардың одан ары белең алуына 1922 жылы 8-желтоқсанда Қазақ АССР ХКК жіберген жедел хат аз да болса тоқтау салды. Хатқа Қазақ АССР ХКК төрағасы Сәкен Сейфуллин қол қойды. Онда: «Несмотря на неоднократные запрещения продажи, порчи, уничтожения архивов и призывы хранить архивы как чрезвычайно ценные хранилища материалов по разнообразным вопросам истории, археологии, этнографии и другой науки края, замечено, что до сего времени архивы не только не сохраняются достаточно бережно, но и находятся в условиях, угрожающих сохранности и даже распродаются без предварительного соглашения с Центральным архивом Казахской АССР» - деп жазылды.

ҚазАССР ХКК хатта 1918 жылғы 1-маусымда жарияланған декретті (барлық мұрағаттар Орталық өлкелік мұрағатқа (бұрынғы Бас мұрағат) өтуі

туралы), 1919 жылы 26-маусымда республикадағы мұрағат ісін құрту тәртібі жайындағы декретті еске сала отырып, мұрағаттарды тек сату ғана емес, оны құртуға, тіпті жекелеген іс қағаздарынан парақтарды Орталық өлкелік мұрағат рұқсатынсыз қырқып алуға да тыйым салды. Сол күні Қазақ АССР ХКК төрағасы С.Сейфуллин барлық кеңестік мекемелер мен кооперативтік ұйымдарды мемлекеттік тіркеуге алу туралы айналыс хатқа да қол қойды.

Аталмыш шаралар өз нәтижесін көп күттірмей-ақ бере бастады. Халық ағарту комиссариатының қызметі жандана түсті. 1923 жылдың 30-қаңтарында Қазақ АССР Кіші Халық комиссарлар кеңесінің мәжілісінде кеңестік кооперативтік мекемелердің барлық мұрағаттық материалдарын Орталық мұрағат бөлімшелеріне өткізудің нұсқаулық жобасы талқыланды. ХАК дайындаған бұл Нұсқаулық жоба ішінара өзгерістер мен толықтырулардан соң қабылданды.

1923 жылы 6-ақпанда Қазақ АССР Еңбек және қорғаныс кеңесіндегі Жалпымемлекеттік жоспарлау комиссиясының Пленумы мәжілісінде Бөкей губерниясындағы, Астрахань губерниялық мұрағатындағы мұрағат істерін көшіру туралы қаулы қабылдады.

Қазақстанда мұрағат ісінің сауалдарын шешуде РСФСР жоғарғы партиялық және мемлекеттік органдарының шаралары маңызды рөл атқарды. Бұрынғы патшалық үкіметпен Уақытша үкіметтің халықаралық қатынастар туралы мұрағаттарының маңызы арта түсті. Оларды пайдалану шетелдік мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнату, сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылық, транспорт жұмыстарын қайта қалпына келтіру үшін де қажет болған еді. Әсіресе жергілікті жерлерде кеңестік мемлекеттік аппараттарды ұйымдастыру, әскери реформалар жүргізуде реформацияға дейінгі кезең мұрағаттарының маңызы зор болатын.

Осы кездері мұрағаттарға түрлі мақсаттағы мемлекеттік басқару мен ғылыми-тарихи зерттеулерге қызмет көрсету жүктелді.

Қазақстандағы мұрағат құрылысы РСФСР мұрағаттық мекемелерінің бақылауына алынды. Олар мұрағат ісін ұйымдастыруда, жаңадан қалыптаса бастаған қиын кезеңде көп жәрдемін тигізген де болатын. Ендігі уақытта одақтық және автономиялық республикаларда ғылыми-ұйымдастыру желісін құру, революцияға дейінгі мекемелер қорын есептеуді аяқтау мен жинақтау секілді мәселелер күн тәртібінде тұрды. РСФСР-дағы, сондай-ақ Қазақ АССР-ндағы мұрағат құрылысы бойынша қордаланып қалған проблемаларды шешу үшін алғаш рет мұрағат қызметкерлерінің Бүкілресейлік конференциясы шақырылды.

1.3 Мұрағат қызметкерлерінің Бірінші Бүкілресейлік конференциясы мен оның Қазақстан мұрағат құрылысындағы мәні

Конференция 1921 жылдың 29-қыркүйегінен 3-қазанына дейін өтті. Оған Бас мұрағат, мәскеулік және петроградтық мұрағаттардың қызметкерлері,

губерниялық мұрағаттық мекемелер менгерушілері, Орталық және жергілікті Истпарт қызметкерлері, ведомстволық мұрағаттар ғылыми мекемелерінің, Мәскеу университетінің өкілдері қатысты. Бағдарламада Мұрағат ісі Бас басқармасы мен оның органдарының таяудағы міндеттерінің сауалдары тұрды. Жиында мұрағат, кітапхана мен музей қызметтерін шектеу, мұрағат терминологиясы, ғылыми тізімдеме, мұрағат көрмелері, мұрағат ісін насихаттау, мұрағаттардағы музей, ғылыми-мұрағаттық экспедициялар, мұрағаттық-археологиялық институттар құру жайында баяндамалар тыңдалды. Конференцияда әсіресе жұмыс істеп жатқан мекемелердің мұрағаттарын ұйымдастыруға баса назар аударылды.

Жергілікті жерлердегі мұрағат ісінің жай-күйі қанағаттанарлықсыз екендігін айта келе конференцияға қатысушылар мұның негізгі себебі жергілікті мемлекеттік аппараттардағы мұрағат органдарының жағдайы әлі де нақты анықтала қоймағандығында екендігіне назар аударды. Кеңестік және партиялық мекемелер арасындағы байланыстар әлі де әлсіз еді. Губерниялық мұрағаттарда ағымдағы іс жүргізу нақты жолға қойылмады. Тәжірбиелі қызметкерлер, білікті мамандар жетіспеді. Конференцияға қатысушылар губерниялық мұрағаттар үшін анығырақ қызмет аясын көрсетуді қалыптастыруды ұсынды. Өз қызметінде олар барлық кеңестік мекемелермен байланысты күшейтуі керек болды. Сол себепті де олар қандай да болмасын губерниялық атқару комитеттері құрамының бір бөлігі бола алмайтын еді.

Кейінгі мұрағат құрылысы үшін конференцияның шешімдері маңызды рөл атқарды. Онда жұмысты ұйымдастыру үшін РСФСР мемлекеттік аппараттағы губерниялық мұрағат органдары мен Бас мұрағаттың орнын өзгерту қажет екендігі айтылады. Үкіметтен Бас мұрағатты БОАК немесе ХКК секілді мекемелер жүйесі құрамына өткізуге ұсыныс жасалды.

Қызмет істеп тұрған мекемелер мұрағаттары туралы баяндама резолюциясында РСФСР-ның барлық мекемелеріндегі мұрағаттар бөлігіндегі ісжүргізуді қайта құру қажет екендігіне аса зор көңіл аударылды. Сонымен қатар мұрағат органдарына өз ісіне өзі басшылық жасауды беру керек екендігі көрсетілді.

Онда пролетарлық революция мұрағатын сақтап қалу мәселесі тұрғандығы, ағымдағы ісжүргізуді дұрыс ұйымдастыру тек практикалық тұрғыдан ғана емес, тарихи жағынан да аса маңызды деп көрсетілді, себебі бұл жерде әңгіме «революция процесінде қалыптасқан мекемелер материалы» туралы болып отырғандығы толымды түрде жазылды. Резолюцияда оқу орындарында міндетті пән ретінде мұрағаттану курсы енгізу қажет екендігі де айтылды. Бұл жерде іс жүргізу техникасы мен мұрағат ісін ұйымдастыру принциптері курсы айтылған болатын.

Біртұтас Мемлекеттік Мұрағат қорының (БММҚ – ЕГАФ) секциялық құрылымы жайлы да сөз өрбіді. Конференцияға қатысушылар саяси секция мен РСФСР Мемлекеттік Мұрағатының қызметі жайлы, тарихи-мәдени секция құру туралы баяндамаларды да тыңдады. Партиялық құжаттарды алғашқыда сақтап қалған мемлекеттік мұрағаттар болғандығын да айта кету

керек. Алғашында Испарт 1918 жылы 1 маусымдағы декрет ережелеріне сай БММК секілді партиялық мұрағат қорларының жай-күйімен келісіп отырған да болатын. Конференцияда сөз алған Испарттың төрағасы С.Ольминский мұрағат мекемелерімен байланыстар жайын сөз ете келіп, орталықтағы және жергілікті жерлерде Испарт мұрағаттарды ұйымдастыруды мақсат етіп қоймайтындығын айтып өтті. Ол: «Мы стремимся оказывать содействие и помощь архивным учреждениям, пытаемся влиять на то, чтобы весь относящийся сюда материал (то есть документы, относящиеся к истории партии и истории Октябрьской революции) поступил в Историко-революционный архив или в другие архивные учреждения, где имеются лица, привыкшие иметь дело с архивным материалом» - деп айтты.

Яғни, Испарт партиялық ұйымдар материалдарын өзінде сақтауға аса мүдделі болмады. Ол тек күнделікті өмірге қажет мемуар, естелік, партиялық жабық әдебиеттер мен құжаттардың жекелеген коллекциясы секілді дерек көздерімен ғана шектелді. Кейінірек Біртұтас партия мұрағаты құрылғаннан кейін ғана жағдай біршама өзгерді.

1.4 РСФСР және Қазақ АССР мұрағат органдарының ара-қатынасының рәсімделуі

Ресей Федерациясында құрылған автономды республикалар мен облыстардың мемлекеттік органдарының құрылуы мұрағат органдарының қызметіне қатысты маңызды міндеттердің біріне айналды.

Азамат соғысы жылдарында, яғни болашақ автономды республикалардың қатарында, соның ішінде Қазақстанда мұрағат ісімен алғашында РСФСР бас мұрағаты өкілеттілігі, содан соң губерниялық мұрағат басқармасы айналысты.

РСФСР құрамында автономды республикалардың жариялануы революцияға дейінгі сақталған жергілікті мұрағаттарды қайта құруды қажет етті. Бұл шаралардағы қиындық, автономды республикалардың және облыстардың өз аумағындағы бұрынғы әкімшілік бөлініспен сәйкес келмегендігінен туындаған болатын. Жеке автономды республикалар екі-үш губерния аумағына бөлшектеніп кеткен еді. Тіпті кейде олар губернияның тек бір бөлігін ғана алып жатты.

РСФСР құрамында ұлттық автономияның құрылуы кезінде мұндай күрделі үрдіс Қазақстанда да орын алған еді.

Қазақ хандығы жойылмай тұрып және Ресей құрамына қазақ ұлты кірмей тұрған тұстағы қазақтың кең-байтақ территориясы ендігі жерде РСФСР және Түркістан АССР-ң құрамында енді.

Сондықтан да Ақмола, Семей облыстарында 1920 жылы құрылған мұрағат басқармалары жұмыс істеді.

Автономды республикаларда дұрыс жол көрсету үшін олардың шаруашылық және мәдени дамуына құжаттық деректер керек болды. Бұл жағдай БОАК-ң (ВЦИК-ң) 1920 жылғы 14 маусымдағы «Автономды республикалардың мұрағат мекемесі және мұрағат ісі бас басқармасының қорына қатынасы туралы» декретінен көрініс тапты. Нәтижесінде мұрағат ісі жөніндегі Орталық мұрағат басқармасы құрыла бастады. Ол мұрағат қорлары, мекеме материалдарымен қамтамасыз етілді. Бұл мекемелер негізінен басты назарын Ресей Федерациясына аударды. Декрет бойынша автономды республикалардың құжаттары басқармадан шалғай жерлерде орналасса, тіпті олардың көшірмесін алудың өзі қиынға соқты. Бұл жағдай Қазақстанға да әсер етті. Автономды республикалардың мұрағаттарында істейтін қызметкерлер мұрағат материалдарын еркін пайдалана алды. Бұларда құжат декрет бойынша «Ортақ федеративтік» және «ортақ ғылыми» категорияларға және құндылықтарға бөлінді. Егер осындай материал көп болып олардың көшірмесін жасау ыңғайсыз болса, Бас мұрағат оларды есепке алды. Автономды республикалар мұрағаттарында олар ерекше бөлімдер құрды, олардың сақталуы да қамтамасыз етілді. Декрет бойынша істерді орталық мұрағат басқармасына өткізіп отырды. Автономды республикалардың құрамына губерниялардың тек бөлімі ғана кірсе, жергілікті мұрағат мекемелеріне мыңдаған құжаттар өткізілді.

Автономды республикаларда мұрағат мекемелерінің жұмыс жасауының алғашқы кезінен бастап барлық жұмыстарды РСФСР Бас мұрағатының Орталық тексеру комиссиясына түсіп отырды. Кейіннен бұл жұмыстар қиындық туғызды. Кейіннен үкімет автономды республикалардың өздігінше жұмыс жасауларын ұйғарды.

Декретке сәйкес автономды республикалардың мұрағат мекемелерінің әкімшілігі үкімет билігіне бағынды. Техникалық мұрағат басқармасындағы мұрағат органдары РСФСР бас мұрағатының нұсқауы бойынша жүргізілді.

1921 жылғы декрет автономды республикалардағы мекемелердің жұмысын 1929 жылға дейін, яғни үкімет мұрағат басқармасы туралы қаулы қабылдағанға дейін қарастырған болатын.

Бұл декрет автономиялық республикалар мен РСФСР-ң мұрағаттарының ара-қатынасын, бағытын айқындап берген құжат болған еді.

1921 жылы бұл мұрағаттың негізінде орталық өлкелік мұрағат құрылу керек болды. 1921 жылы Семей губерниясының бөлімінің есеп беруі кезінде халық оқу-ағарту ісіне де түсінік беріп кеткен. 1922 жылы 9-маусымда губернияның атқарушы комитеті мен облыстық басқарушы комитеті циркуляр бағыттады. «Мұрағаттық материалдарды жоюға қарсы күрес шаралары туралы» атты 1922 жылы 2 желтоқсанда барлық халық комиссарларына және өлкелік мекемелерге С. Сейфуллиннің қолы қойылған айналыстағы (циркулярлы) хат жолданған болатын. Онда мұрағат қорларына сараптама жасап, жойылуға жіберілетіндерін анықтап, Қаз АССР-ң Халық ағарту комиссариаты (Наркомпрос) мұрағат басқармасын құру жөнінде айтылады.

1922 жылы Орталық өлкелік мұрағатта тексерілген 69 мұрағат қоры болды, оларға есептік карточкалар жасалды. Мұрағатқа Қазақстан бойынша 18 салаға қатысты қор келіп түсті. 1922 жылы мұрағаттардың жиырма үш мекемесі ретке келтіріліп, басқа жерлерден 18 мұрағат көшірілді, бірқатар мекемелердегі ведомстволық мұрағаттардың ұйымдастырылуы тексерілді.

ҚазАССР-ң Орталық өлкелік мұрағаты Орынбор қаласындағы бұрынғы Консистерия ғимаратында орналасты. Қыстың алғашқы айларында жылудың болмауы, қызметкерлер санының аздығы мұрағат ісінің ұйымдастырылуына зор нұқсан келтірді. Сонда да болса 1922 жылы мұрағат 800 анықтама берді. Мұрағат қызметкерлеріне сол жылы мұрағат материалдарын тасымалдағаны және ретке келтіргені үшін 52500 сом берілді.

1922 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Орталық өлкелік мұрағатының алғашқы жетекшісі Гра Арман Петрович дүниесіз болды.

Жоғарыда аталғандарды түйіндей келе, кеңес үкіметінің алғашқы жылдары РСФСР үкіметі мен мұрағат органдарының қызметі Қазақстанда мемлекеттік мұрағаттардың ғылыми-ұйымдастырушылық торабының қалыптасуына негіз қалады деуге болады.

1918-1920 жж. РСФСР Бас мұрағатының жұмыс жасауы мұрағат ісін жойылудан құтқарып қалды. Кейінірек Қазақстанда кеңес үкіметінің орнаған соң пайда болған мұрағат ісі жөніндегі органдар, мұрағатқоймалары революцияға дейінгі және одан кейінгі құжаттардың ара-жігін бөліп жинақтады.

Осылайша, 1918-1923 жж. Қазақстанда республикалық мемлекеттік мұрағаттық қызмет саласы қалыптасты. Қазақ кеңестік мемлекеті құрылғаннан кейін біртіндеп Кеңес халық комиссариатының 1918-1919 жж. жарияланған декреттері Қазақстандағы мұрағаттардың қалыптасуына түрткі болып, оның заңнамалық негізін қалыптастырды.

Декрет мәтіндеріндегі жекелеген кемшіліктер, мәтінді дұрыс түсінбеу, тіпті түпнұсқаның онымен сай келмеуі мұрағат ісін ұйымдастырудың негізгі принциптерін айқындап берген болатын. Мұрағаттардың күн тәртібінде құжаттарды қалай есепке алу, ғылыми-техникалық жұмысты қалайша ұйымдастыру, материалдарды ғылыми-техникалық тұрғыдан өңдеу мен мемлекеттік сақтауға таңдап алу, мекемелер мен ведомстволық мұрағаттардағы іс жүргізуді бақылау, мұрағат құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету, құжаттарды ғылымда, саясатта, әлеуметтік-құқықтық мақсаттарда пайдалану мәселелерін шешу тұрды.

Осыларың негізгісі 1918 жылы 1-маусымдағы «О реорганизации и централизации архивного дела в РСФСР» декреті болды. Бұл құжат негізінде Біртұтас мемлекеттік мұрағат қоры (ЕГАФ) құрылды.

Осы декреттің дамуы барысында үкімет тағы да төрт декрет қабылдады. Олар 1919 жылы наурызда қабылданған Халық кеңесі комиссариатының «Об архивах и делах расформированной прежней армии», «О губернских архивных фондах (Положение)», «О хранении и уничтожении архивных дел» декреттері, шілде айындағы «Об отмене права частной собственности на

архивы умерших русских писателей, композиторов, художников и ученых, хранящихся в музеях и библиотеках» декреті еді.

Бұл декреттер ел ішінде, соның ішінде Қазақстан бойынша мұрағат ісін қайта ұйымдастырудың құқықтық негіздерін қалады.

РСФСР Бас мұрағатының өкілдіктерінің басты қызметі мұрағаттарды сақтау, құжаттық коллекцияларды қорғау, құжаттарды шашыратпау болған еді. Бұл уақытта Қазақстан мұрағат ісін ұйымдастырудың қиын кезеңдерін басынан кешіріп жатты. Аумақ ауқымының үлкендігі, өзіндік әкімшілік бөлініс, әскери мекемелердің қоғамда маңызды рөл атқаруы, отарлық типтегі мекемелердің болуы, азамат соғысы кезінде жайттар мұрағаттар ісін сақтауды, ұйымдастыруды қиындатып жіберген болатын.

Әскери мекемелердің жетекші рөлі 1920 жылы Қазақ өлкелік әскери комиссариатының тарихи-статистика бөлімінің негізінде ерекше Ғылыми мұрағат комиссиясын ұйымдастырумен де сипатталынады. Негізінен алғанда бұл іс-шара Қазақстанда мұрағаттардың құрылуының бастамасы болған еді.

1921 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты жанынан Орталық өлкелік мұрағат басқармасы Орынбор-Торғай губерниялық мұрағатының негізінде Мұрағат басқармасын құрады.

Республикадағы мұрағат мекемелерінің алғашқы негізгі міндетіне - революцияға дейінгі, сондай-ақ Ақпан және Қазан революциялары кезеңдерін қамти отырып кеңестік дәуірдегі жаңа істер мен құжаттарды табу кірді.

Революцияға дейінгі құжаттармен жұмыс негізінен 1917 жылға дейінгі тәртіптер мен нұсқаулармен жүргізіліп отырды. Бұл байырғы мұрағаттанушы кадрлардың жаңа заманда мұрағатпен жұмыс істеудің жоспары мен әдістерін үздіксіз жалғастыруынан туындаған еді.

БММҚ-нда (ЕГАФ) секциялық сақтауды ұйымдастыру әр түрлі ғылыми, әдістемелік, техникалық, шаруашылық сипаттағы мәселелерді шешуді қажет етті. Секция бөлімдеріне тарқатылған ведомстволық мұрағаттардың қағаздары келіп түсіп отырды, олар көбіне ретсіз, толыққанды жазылмаған материалдар болғандықтан, жұмысты қиындата әрі ауырлата түсті. Бұл шараларды қалпына әрі осы саладағы жұмыстарды бір ретке келтіру үшін жаңаша нұсқаулар мен тәртіптер керек еді.

Мұндай мәселелерді шешуде негізгі қызмет Бас мұрағат басқармасына жүктелді. Мұрағат қорларын құтқарып қалу мен сақтауда РСФСР Бас мұрағаты, ҚазАССР Бас мұрағаты және ҚазАССР ХКК-ның ғылыми, қоғамдық, мемлекеттік ұйымдарға арнап айтқан үндеуі маңызды рөл атқарды. Мұрағат ісінің жағдайын талдауға байланысты сұрақтар мұрағат қызметкерлерінің Бірінші Бүкілресейлік конференциясында көтерілген болатын. Ол 1921 жылы қыркүйек-қазан айларында өткен еді. Конференцияға қатысушылар пікірінше, мұрағат ісінің жұмысын ұйымдастырудың қанағаттанарлықсыз болуы, жергілікті мемлекет аппараттарындағы мұрағат органдарының жағдайы нақты анықталмағандығынан болып отыр деген байлам жасады.

Бұл жағдай әсіресе Қазақстан аумағынан да көрініс тапты, бұған әлі де болса әкімшілік-территориялардың бөлінуі толығымен бітпегендігі де себепкер болған еді. Республикада ҚазАССР Бас мұрағатымен қатар Түркістан АССР Цурарделі, Сібір ревкомының Мұрағат басқармалары да қатар жұмыс істеп жатқан еді. Мұның өзі мұрағат мекемелері арасындағы қақтығыстарға алып келді.

1920-23 жылдары Қазақстанда орталықтанған мұрағат ісін құру мүмкін болмады. Себебі Халық ағарту комиссариаты құрамында болған мұрағат мекемелері әлі де дербес басқарылмаған еді.

Күн тәртібінде ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылған мемлекеттік мұрағаттар құру, революцияға дейінгі кезеңге жататын құжаттарды есепке алуды аяқтау мен шоғырландыру мәселесі тұрды. Бірақ хаостық жағдайда материалдарды табу қиынға соқты. Олар жүйеленбей, тізімі айқындалмай, жаңа тізбесі жасалмай жатты.

1921 жылы 14 шілдедегі БОАК-ң «О взаимоотношениях между Главным управлением архивным делом и архивными учреждениями автономных республик» декреті «ортақфедеративтік» және «ортақ ғылыми» құжат материалдарының құндылығы жайлы приоритетті заңнамалық тұрғыдан бекітті. Нәтижесінде автономиялық республикалар (Қазақ, Татар, Башқорт, Бурят, Якут, т.б.) мұрағаттарында сақталған мұрағат қорлары мен жеке істер тарихи қалыптасқан кешендерден алынып, РСФСР орталық мұрағатына жөнелтілуі тиіс еді. Іс жүзінде бұл декрет талабын орындау қорлардың бөлшектенуіне, құнсыздануына алып келді.

Қазақстан автономиялық республика жағдайында болғанымен, мұрағат құрылымы жөнінен толығымен РСФСР-на бағынды. Халық ағарту комиссариатына бағынған РСФСР-ндағы, Қазақ АССР-ндағы мұрағат ісін басқару органдарының өзара ұқсас еді. Республикалық Халық ағарту комиссариаты құрамында болу 1920-22 жылдары мұрағат ісін орталықтандыруға мүмкіндік бермеді.

Бақылау сұрақтары

1. Республикада мұрағат құрылуының алғашқы жылдары қандай заң актілері қабылданды?
2. Кеңес кезеңінде мұрағаттардың құрылуында 01.06.1918 жылғы декреттің қаншалықты маңызы болды?
3. «Мұрағаттарды мемлекеттендіру» ұғымын қалай түсінесіз және мұрағат құрамында оның әсері қандай?
4. ҚазАССР-ң алғашқы жылдарында мұрағат базасының заңын қандай кеңестік заңдық актілер қамтамасыз етті?
5. Қазақстанда мұрағаттарды орталықтандыру қалай жүргізілді?
6. РСФСР Мұрағат басқармасы мен республика мемлекеттік мұрағаттарының арақатынасы қандай?
7. Алғашқы мұрағат органы қандай мәселелерді шешті?
8. Қаз АССР-да мұрағат мекемелерін ұйымдастыруда С.Сейфуллиннің рөлі қандай?
9. Мұрағат қызметкерлерінің алғашқы бүкілресейлік конференциясының негізгі көтерген мәселесі қандай мағынада болды?

1.5 1918-20 жж. қабылданған нормативтік құжаттар мен заң актілері

1918 жылы 1-масымда В. И. Ленин қол қойған РСФСР ХКК-ң «О реорганизации и централизации архивного дела» декреті мұрағат ісінің қалыптаса түсуіне шын мәнінде зор септігін тигізген-ді.

Қабылданған декрет бойынша революцияға дейінгі мұрағат мекемелері патшалық кездегі мекемелер ретінде жойылуы тиіс еді. Сонымен қатар, ондағы құжат материалдарын сақтап қалу да қажет болды. Бұл сияқты маңызды істер республикадағы кеңестік мұрағат органдарының құрылғанынан кейін ғана шешілді.

Мұрағат ісіндегі негізгі атқарылатын шаралар мемлекет тарапынан жүргізілді. Үкімет мекемелерінің құжаттары Біртұтас мұрағат қорын құрады, оған кеңес дәуіріне дейінгі мемлекеттік билік органдарының құжаттары да келіп түседі, сонымен қатар бұған 1917 жылы 25 қазанға шейін атқарылған істердің қағаздары, кеңестік үкіметтік мекемелердің материалдары да түсіп отырды.

Екіншіден, барлық мұрағат мекемелерін орталықтандыру мәселесі де көтерілді. Аталмыш шара төмендегідей мәселелердің бүге-шігесін шешетін еді: біртұтас мұрағат саясатын жүргізу, мұрағатты мұрағат басқармасының орталық органына өткізу. Осындай жұмыстарды атқару арқылы мұрағаттың сақталуын қамтамасыз етуге болатын еді, яғни жоғалудан сақтау, есеп жүргізу, реттеу, сонымен қатар мұрағат құжаттарын іс жүзінде пайдалану істері шешілер еді.

1919 жылы 31 наурызда РСФСР ХКК басшылығымен «Губерниялық мұрағат қорлары туралы» атты Ереженің бекітілуі, 1923-25 жж. мұрағаттарды жүйелендірудегі маңызды орын алған іс болды.

Губерниялық қалалар және уездердегі барлық мұрағаттар мен іс жүргізу 1918 жылы қабылданған декрет бойынша жүргізіліп келді де, республикадағы біртұтас мұрағат қорын құрады.

1920 жылдың ортасында мұрағаттарды ұлттандыру кезінде өткен ғасырдағы, яғни ХІХ ғасырдағы көрнекті жазушы, суретші, композиторлардың мұрағатына деген жеке меншіктерді жойған акт маңызды рөл атқарды, онда кітапханаларға, музей мұрағаттарына өткізген жария құжаттарға (қайтыс болып кеткен жазушылардың бір-біріне жазған хаттары, қолжазбалар) мемлекет үшін ешқандай шектеушілік қойылмайтындығы, оларды қайта басу құқығы мемлекетке жүктелетіндігі анық көрсетілді. Қазақстан да РСФСР-ң құрамындағы автономиялы республика болғандықтан сол қабылдаған декреттерге бағынды да, осы заңнамалық құжаттар негізінде өз мұрағат мекемелерін құрды. Мұрағаттар қажетіне азды-кемді қаражаттар да бөлінді. Бас мұрағат басқарушының жұмыстары кейіннен Халық ағарту комиссариатына өткізілген еді. Бұған байланысты алғашқы қадамдардың бірі Орталық өлкелік мұрағаттағы Орынбор – Торғай мұрағатын қайта құру болды.

РСФСР-ндағы орталық мұрағат мекемелерінің үлгісі бойынша секциялар ұйымдастырылды. Халық ағарту комиссариаты Ғылыми кеңесінің отырысында ғылыми бөлімді қайта ұйымдастыру мәселесі қаралады. Ғылыми бөлімді қайта құру негізінде мұрағатты әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі, бас мұрағат басқармасы, музей басқармасы және мұрағат жұмысына жетекшілік жасайтын ғылыми бөлім құрылады. Мұрағат деректерінің негізінде Қазақстан тарихы бойынша материалдар жинастырылуы, өңделуі керек болды. Сонымен қатар Орынбор қаласында өлкелік мұрағат құру жөнінде жұмыс жүргізілді. Оған ғимарат табу өте қиын болды. Барлық уездерге, губерниялық мекемелерге құжаттарды жинақтау үндеуі жеткізіліп, тиісті тапсырма берілді. Аталмыш шара 1917-1919 жж. кезеңге қатысты түрлі анықтама беруден (Азамат соғысына қатысқандық туралы, т. б.) де туындаған еді. Сондай-ақ, мұнда құжат материалдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсаты да тұрды. Бұл құжат материалдарының осы кездегі адамдар үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де маңызы зор болмақ деп жазылды үндеуде.

1923-24 жж. азамат соғысының тарихы қоры Түркістан майданы Революциялық әскери кеңесі (Реввоенсовет), орынбор бекінісі әскери кеңесі, Түркістан майданының Оңтүстік тобы революциялық кеңес материалдарымен толықты. Алайда олардың кейбіреуі кейіннен ортаазиялық республикалардың межеленуінен соң Өзбек КСР Орталық мұрағат басқармасына (1925-26 жж.) өтіп кетті.

Осындай жұмыстардың жүргізіліп жатуына қарамастан, мәдени-тарихи маңызға ие құжаттар жоғалып та жатты.

Айта кететін жайт, 1921 ж. қаңтар айында жасалынған ҚазАССР Орталық мұрағаты туралы Ереже, тек 1923 ж. сәуірде ғана бекітілді. Ереже бойынша мұрағат мекемелері үлгі ретінде, яғни бас қойма ретінде көрінді «...всех уже разобранных, приведенных в систематический порядок наиболее важных и ценных документов, имеющих историческое, научное значения как общественных, так и частных лиц». Орталық мұрағатқа тиесілі Президиум Хатшылығы мұрағат бюросына губерниялық мұрағаттарға жетекшілік ету құқығын бекітті.

Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі Орынбор – Торғай мұрағатының 1921 жылы шілдеде Орталық өлкелік мұрағат болып қайта құрылуы еді. 1920 жылдың ортасында мемлекет үшін құнды барлық құжаттық материалдар, соның ішінде орталық мұрағаттардың мұрағатжайларында сақталған құжаттар да, сақталмағандар да біртұтас мемлекеттік қорды құрады.

Орталық мұрағатқа республикадағы барлық мұрағаттарға басшылық жасау жүктелді. Біртұтас мемлекеттік қорды пайдалану және сақтау үшін уездік мұрағаттар, губерниялық мұрағаттар құрылды.

Орталық мемлекеттік мұрағаттың құжаттары түскен материалдар сипатына қарай алғашқы кезде баспа, бейнелеу, жазба (қолжазба) секцияларына бөлінді. Мұрағатта қызметкерлердің жетіспеушілігіне қарамастан, бірнеше адамдар басқа региондарға жергілікті мұрағаттардан

маңызды құжаттарды: тарихи маңызға ие құжаттар, мемлекеттік сақтауға жататын құжаттарды әкелуге іссапарға жіберілді. Қызметкерлер штаты жұмыс көлеміне байланысты коллегияларда бөлінді. Орталық мемлекеттік мұрағатты меңгеруші басқарды.

Мұрағаттардан маңызды құжаттардың алынып немесе жоғалып кету жағдайы көбейе бастаған соң, мұрағат материалдарын сату мен жоюға тиым салған арнайы Қаулы қабылданды. 1923 жылы мұрағат қорларын ретке келтіру үшін бірқатар іс-шаралар жүргізіле бастайды. 140-тан аса ведомстволық мұрағаттар есепке алынды. 1923-24 жылдар аралығында 15 ірі қорлар сақтауға алынды және 150 мың іс жүйеленді. 100 мыңдай қордың тізімдемесі жасалды.

Республикадағы мұрағат ісінің құрылумен дамуында Қызылорда қаласында 1927 ж. маусымда өткен мұрағат қызметкерлерінің 1-ші республикалық конференциясының маңызы зор болды. Жиынға мұрағат қызметкерлерінен басқа, кеңсе мекемелерінің жетекшілері де қатысты.

Конференцияда өлкелік мұрағат алдында тұрған сауалдарды шешу, қорларды жаңаша тарихи құнды материалдармен толықтыру, білікті мамандардың жетіспеушілігі деген сияқты мәселелерге назар аударылды. Айта кететін бір жайт, республика астанасының Орынбордан Қызыл-Ордаға көшуі кезінде ғимараттардың жетіспеушілігіне байланысты мұрағаттардың бір бөлігі қалып қойды. Мұны шешу жөнінде де бірқатар ұсыныстар жекелеген делегаттар баяндамаларында айтылды.

Конференцияда бір жағынан республикадағы мұрағат мекемелерінің пайда болуынан бастап, біртіндеп дамуына дейін (1918-1927жж.) атқарылған игі жұмыстар да айтылды. Сонымен қатар осы кезде қорларда шоғырланған ғылыми-техникалық өңдеу де қалыптаса бастады.

1928 жылы тамыз айында ҚазОАК және республика ХКК біріге отырып «О сдаче Казахскому Центральному архиву печатных и иллюстрированных материалов, негативов, фотоснимков и кинофильмов, имеющих историко-революционный интерес, а также архивов бывших ханов, султанов, активных деятелей и сторонников бывшего правительства Алаш-Орды и др. Архивных материалов» Қаулысын қабылдады.

Сол кездерде қабылданған бұл қаулы мұрағаттарды құнды материалдармен толықтыруда маңызды орын алады. Осы арқылы мұрағаттың ары қарайғы дамуы кеңейе түсті. Мұрағат ісін басқару орталық атқару комитетіне, облыстық, губерниялық атқару комитеттеріне тапсырылды. Алдыңғы бюджет жылы басталмай тұрып барлық уездерде, аудандарда, округтерде мұрағат бюроларын ұйымдастыру көзделді.

Сонымен қатар Қаулыда аймақтық, уездік, болыстық мұрағаттардың сақталуын қамтамасыз ету шаралары жүргізілуі керектігі айтылды. Өз кезегінде атқарушы комитеттер өз араларынан іс жүргізу ісінің сақталуын қадағалайтын, сол іске жауапты адамды тағайындауы тиіс еді. Құжаттық материалдардың дұрыс сақталуы үшін «құрғақ та өртке қауіпсіз ғимараттар» бөлінді.

1920 ж. 9 қаңтарда РСФСР ХКК мен ОАК бірігіп «Об архивном управлении» Қаулысын қабылдады, ол бойынша Біртұтас мемлекеттік мұрағат қоры Мемлекеттік мұрағат қоры болып өзгертілді. Бұл көрсетілген өзгертулердің барлығы республиканың мұрағат мекемелеріне де қатысты болды. Мұнда мынадай мәселелер қарастырылды: кеңестік кезең мен оған дейінгі құжаттарды кезеңдестіру принципі; аса маңызды құжаттардың мән-мағынасын айқындау, оларды жергілікті және республикалық деңгейлерге бөлу мен құрамын анықтау, т. б.

Бақылау сұрақтары

1. Алғашқы заңнамалық актілерді атаңыз.
2. Орталық өлкелік мұрағат туралы Ереженің тараулары қандай негізгі бағыттарды ашып көрсетеді?
3. ҚазАССР Орталық өлкелік мұрағаты туралы қаулы қай жылы қабылданды?
4. 03.02.1925 ж. қабылданған Ереженің 01.01.1922 ж. қабылданған Ережеден айырмашылығы қандай?
5. Біртұтас мемлекеттік мұрағат қоры деген не?
6. Қазревком және т.б. мекемелердің құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету қалай жүргізілді?
7. Республиканың Орталық мұрағат ісі басқармасы қай жылы құрылды?
8. ҚазАССР-нда мұрағат органын қайта құру РСФСР-нан өзгеше болды ма?
9. ҚазАССР БММҚ құрылуының негізгі ережесі қайда бекітілді?
10. Республикалық мұрағат қызметкерлерінің алғашқы конференциясы қай жылы өткізілді?
11. Алғашқы республикалық мұрағат қызметкерлерінің конференциясының маңызы қандай?
12. 1929 ж. жүргізілген мұрағат мекемелерінің қайта ұйымдастырылуының ерекшелігі неде?
13. ҚазАССР-ң Орталық мұрағат басқармасы туралы Ереже қай жылы қабылданды?

1.6 30-ы жылдардағы Қазақстандағы мұрағат құрылысы

1930 ж. 1 желтоқсанында ҚазАССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының «О реорганизации архивного дела» Қаулысы қабылданды.

Қаулыда: «...Придавая большое значение делу изучения истории развития республик, а также учитывая тяжелое положение архивных материалов на местах, хранящихся в непригодных помещениях, отсутствие научного использования, недостаток обслуживающего персонала, а также в связи с ликвидацией округов, организовать в городах архивы, возложив на них хранения печатных, картографических, иллюстративных и прочих архивных материалов, отражающих историю.» деп жазылды.

Кейінірек, 1931 жылдың басында округтердің қысқаруына байланысты жұмыс істеп жатқан округтік мұрағаттар негізінде Орталық мұрағаттың

бөлімдері Семей, Петропавл және т.б. қалаларда құрылды, кейіннен олар облыстық мұрағаттарға (1932 ж.) айналады

Жергілікті мұрағаттарды ұйымдастырылған топтастыруды жалғастыру үшін Мұрағат басқармасы барлық ұжымшарлар, МТС және т.б. төменгі бірлестіктер мұрағаттарына арналған айналыс хат жібереді. Мұндай жолдың қажеттілігі біршама қолайлы жағдайда оларды сақтау, есепке алу және шоғырлануын қамтамасыз етуден туындаған еді. Төменгі дәрежелі мұрағаттар қажетті сақталуды қамтамасыз ете алмады. Көптеген құжаттар байқаусыздан жойылды, отын ретінде өртеніп кетті және ылғал ғимараттарда сақталғандықтан көптеген тарихи маңызы бар кейбір құжаттарды қайта қалпына келтіру мүмкін болмай қалды.

1931 жылдың 30 қарашасындағы Орталық Атқару Комитеті және ХКК қаулысында жергілікті мұрағат органдарының құрылымы анықталды. 1935 жылдың 9 наурызында ҚазАССР Орталық Атқару Комитеті аудан мұрағаттары туралы қаулы қабылдайды, ал кейінірек олар туралы Ережені бекітеді. Осы кезеңде құжаттық материалдардың шоғырлануы одан ары жалғасып, құжаттарды халық шаруашылық, ғылыми және практикалық мақсатта қолдану жүргізілді.

Жергілікті мұрағат мекемелерін күшейту және олардың қызметін жақсарту мақсатында РСФСР Орталық Атқару Комитеті мен ХКК «О структуре архивных органов автономных республик, областей, краев» Қаулысын қабылдады. Қазақстан әлі де РСФСР құрамындағы автономиялы республика болғандықтан, осы Қаулы республика мұрағаттарының қызметі мен одан ары жұмыс істей беруіне тікелей әсерін тигізді.

Осы Қаулы қабылданғаннан кейін, 1932 жылдың 20 мамырында мұрағаттық бюро өлкелік және облыстық Мұрағат басқармасы болып жабдықталды, олар өз кезегінде жергілікті атқару комитеттеріне тікелей бағынды, ал мұрағат ісі мәселесі бойынша Орталық мұрағат басқармасына бағынышты еді.

Өз кезегінде, республикалық мұрағат Қазан революциясы, Тарих және Әскери (құпия бөлімі бар) мұрағаттарына бөлінеді.

Қалалардағы жаңадан құрылған мұрағат органдарына төменгі мұрағаттарды бақылау және нұсқалар беру жүктелді. Сонымен қатар, округтар жинақтаған барлық құжаттық қорлар осы мекемелерге беріледі. Мұрағат ісін басқару Орталық Мұрағат Басқармасына жүктелді. Мұрағат материалдарын дұрыс пайдалану және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, мұрағат құжаттарын сақтау және сараптау қажеттілігіне байланысты облыстық атқару комитеттер жанында бақылау шараларымен қатар жаңа құрылған мұрағаттарға әдістік көмек көрсететін мұрағат бөлімдері құрылды. Халық Финанс Комитеті мұрағат мекемелерінің қаржыландырылуын реттеуге, ал Мемлекеттік жоспарлау мен ХКК жанындағы баспа ісі басқармасы Орталық Мемлекеттік Мұрағат Басқармасы қорына жазба, баспа және түптеу қағаздарын беруге міндеттендірілді. Өз кезегінде Мемлекеттік жоспарлау орталық мұрағат жайларды электр жабдықтарымен қамтамасыз

етуге міндетті еді. Осы жұмыстарды жүргізу және олардың атқарылуын бақылау Ішкі істер Халық Комиссариатына жүктелді.

Қаулы қабылдағаннан кейін, істердің жағдайын мұқият зерделеген ҚазАССР Орталық Атқару комитеті мен ХКК бірлескен жиналыста республика Ішкі Істер Халық комиссариатын (НКВД) мұрағат органдарының аппаратын «сенімді адамдармен жабдықтай отырып» күшейтуді міндеттеді. Сонымен қатар, арнайы мұрағат курстарын бітірген кадрларды бекіту үшін олардың материалды-тұрмыстық жағдайын жасау бойынша шаралар қолдану тапсырылды. Мұрағат курстарын ұйымдастыру үшін 1934 жылдың сметасымен бюджеттен арнайы қаржы бөлінеді.

1935 жылдың 9 наурызында ҚазССР ОАК аудандық мұрағаттар туралы Қаулы қабылдап, кейіннен Ережесін бекітеді. Ереже бойынша аудан мұрағаттары аудандық Атқару Комитетіне бағындырылды. Аудан аткомдары жергілікті мұрағаттардың мақсаттары мен қажеттілігіне ғимараттар бөліп, оларды қорғаныспен қамтамасыз етуге міндеттеледі. Бұл қаулы жергілікті билік органдарының мұрағаттарына мемлекеттік сақтауға тапсыру және жоспарлы ұйымдастыруда үлкен маңызы болды. Сол кезеңде сақталған құжаттардың көбі республикадағы ұжымдастыру ерекшеліктерін, 30-жылдардың басындағы ашаршылық және басқа да мәліметтер бере алады.

Осы кездері құжаттық материалдардың шоғырлануы, сонымен қатар құжаттарды халық шаруашылық, ғылыми және практикалық мақсатта пайдалану істері жүріп жатты. Мұрағаттардың көбі жабдықталмаған ғимараттарда орналасты. Орталық мұрағат қоймаларының көбінде жылу беру жүйесі болмады. Көптеген құжаттар ылғалдылықтан жойылды. Кейбір жергілікті ведомстволардың басшылары мұрағат құжаттары жойылуға жіберілетін макулатура, оның орнын естеліктер мен мемуарлар басады деп те ойлады. Сондықтан кей жерлерде мұрағаттарға деген немкетті көзқарас қалыптасты. Негізінен, құжаттар партияның әлеуметтік тапсырысы бойынша басылды, ал олардың негізгі бағыты - Қазақстанда кеңес үкіметі билігінің қалыптасуы мен революция тарихын бейнелеу - сынды шаралардан тұрды. Осындай мақсатпен Қазақстанның орталық мұрағаты Тарихи партиялық мұрағатпен бірге Кеңес билігінің қалыптасу тарихы бойынша құжаттық материалдар басып шығарып, құжаттар көрмесін ұйымдастырды.

30-жылдардың аяғында Орталық мұрағат негізінен материалдардың сұрыпталуы мен топтастырылуын аяқтады. Қазақстан тарихын ХҮІІІ ғасырдан (одан ерте кезеңнің кей құжаттарын есептемегенде) 30 жылдардың екінші жартысына дейін бейнелейтін құрамында 220 мыңнан астам сақтау бірлігінен тұратын 870 қор жинақталды. Осы кезең ішінде Орталық мұрағат басқа мұрағаттардан келіп түскен құжаттармен толықтырылды. Әкімшілік-аумақтық бөлініске байланысты 20-жылдардың ортасы мен аяғында, кейіннен 30-жылдары мұрағаттарды көшіру бірнеше этапта атқарылды. Мәселен, Омбы облыстық мұрағатынан Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстан тарихына қатысты 40 мыңнан астам сақтау бірлігі жіберілді. Астананың Алматыға көшкен кезінде Орталық мұрағат Жетісудың ХҮІІІ ғасырдың ортасынан 1918 жылға дейінгі тарихының құжаттық

материалдарымен толықтырылды. Әсіресе Жетісу аумағындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын бейнелейтін құжаттар толық берілді. Сондай-ақ, Орынбор облыстық мұрағатынан Бөкей хандығының құжаттары мен Ордаға қатысты көлемі 20 мың сақтау бірлігі жіберілді.

Бақылау сұрақтары

1. 1930-40 жылдардағы мұрағат құрылысына қандай белгілер тән еді?
2. ПХК (НКВД) жүйесіне мұрағат мекемелерінің берілуі қалай жүрді?
3. 30-жылдары және 40-жылдың басында мұрағат ісі бойынша қандай нормативті актілер басып шығарылды?
4. Соғысқа дейінгі жылдары мұрағат материалдарымен мұрағат құжаттарын реттеуге байланысты қандай шаралар өткізілді?
5. Сол кезеңде құжаттардың сақталуы қалай қамтамасыз етілді?
6. 30-жылдары мұрағаттарда құжаттардың шоғырлануы қалай жүрді?

1.7 1940-50-60 жж. Қазақстанның мұрағат ісі

Соғыс жылдарында КСРО мұрағат мекемелері мұрағаттарды топтастыру, сақталуын қамтамасыз ету, құжаттарды жариялау жұмыстарын жүргізе берді. Соғыс қимылдары басталған кезде батыс аймағының мұрағаттары Сібірге, Қазақстанға және т.б. республикалар аумақтарына эвакуацияланды.

Қазақстанға барлығы облыстық мемлекеттік мұрағаттарда және кейбір қалаларда шоғырланған қалалық мұрағаттар бөлімінде топтастырылған 16 вагоннан астам жүк әкелінді. Жабдықталған ғимараттардың болмауына байланысты көптеген құжаттар ылғалдан бұзылды. Олардан ақпарат алу мүмкін болмады. Сонда да болса мұрағат қызметінің барлық бағыттарындағы жұмыстар көптеген қиыншылықтарға қарамастан одан ары жүрізіле берді. Сонымен қатар соғыс жылдарында, дәлірек айтсақ 1943 жылдың қаңтарында, Алматыда Киноқұжаттар мен дыбыс жазбаларының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты ашылды.

Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары мұрағаттар Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттарын жинақтаумен айналысты. 1950 жылдың басында «Құжаттық материалдарды сипаттаудың негізгі ережелері» жариаланады.

Соғыстан кейінгі жылдары мұрағатшылар өзінің тәжірибелік қызметін ғылыми ізденістермен байланыстырды, археография, мұрағаттану, кейіннен құжаттану сияқты бағыттарда зерттеулер жүргізді, яғни қарапайым тәжірибелік жұмыстармен шектелмелмей, мұрағаттану саласындағы кейбір проблемаларды теориялық жолмен шеше бастады. Соған байланысты республиканың мұрағат мекемелерінің қызметкерлері практикалық жұмысқа көптеген түзетулер енгізуге қатысып отырды.

1955 жылы тарихи құжаттық дерек көздерін ғылыми тұрғыдан пайдалану мен жариялаудың негізін қалаған «Правила издания исторических

документов» ережесі (тәртібі) шығарылды. Бұл тәртіп көптеген жылдар бойы мұрағаттанушы-ғалымдар тарапынан қарастырылып келген болатын. Және де ұзақ жылдар бойы басылып келген құжаттық жиынтықтар осы ереже талаптарына сай туындаған еді.

Мұрағат ісі дамуындағы басты факторлардың бірі және оның ғылыммен тығыз тоғысуы мұрағат мекемелерін Ішкі Істер Министрлік жүйесінен Министрлер Кеңесі жанындағы Бас Мұрағат Басқармасына берілуі болды. Бұл шара өткен ғасырдың 60-жылдардың басында орын алды. 60-жылдар мен 70-жылдардың басында құжаттармен жұмыстың сапасы мен нәтижелігін артыру бағытындағы мерекелерге басты көңіл бөлінді. Құжаттық ақпаратты жан-жақты пайдаланудың тиімді жағдайларын іздестіруге көп күш жұмсалды. 1966 жылдың қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі республикадағы мұрағат ісінің одан ары дамуы жөнінде Қаулы қабылдады. Онда алдағы 5 жылдық жоспарлары белгіленді. Қаулыны енгізу жергілікті жерлерде мұрағат ісі жағдайына терең талдау жасауды талап етті.

Арнайы шараларды қолдануға, талқылауға тек мұрағат орындары мен сол мекемелер ғана емес, жергілікті басқару органдары: облыстық, қалалық, аудандық, яғни, жергілікті мұрағаттар бағынатын барлық мекемелер қатысты. Бұл Қаулыны енгізуде мұрағат мекемелерінің жұмысының және құжаттарды ведомстволық сақтаудың дұрыс ұйымдастырылуы мәселелері қарастырылды. Ведомстволық мұрағаттар мен олардың іс-жүргізуді қалайша жүргізетіндігін көру сияқты (1968 ж.) шаралар атқарылды, сонымен қатар, мекемелерде, ұйымдарда және өнеркәсіпте іс жүргізуді реттеуге байланысты тексерулер ұйымдастырылды. Басқаруды және басқару құжаттарын қабылдау нәтижелерін тіркеу үшін іс жүргізуге байланысты мекемелерге арналған Орталық типтік нұсқаулар бекітілді және жарияланды.

1966 жылы мұрағат жағдайын, республика мекемелерінде, ұйымдастыруында, өнеркәсіптерінде жеке құрам бойынша құжаттау мен іс жүргізуді тексеру жүргізіледі. Тексеріс нәтижесі бойынша осы ведомстволардың басшыларының дұрыс көңіл бөлмеген дүниелері анықталды және соған сәйкес бағасы берілді, сонымен қатар, осы қателіктерді жою тапсырылды. Басталған істі одан ары тереңдету мақсатымен Республиканың Мұрағат Басқармасымен осы кезде мұрағат мекемелерін басқару және ғылыми жұмысшыларының бірнеше республикалық және жергілікті кеңес семинарлары өтеді; онда республиканың мұрағат ісінің жағдайы талқыланады; нәтижелері бойынша қойылған мәселелерді шешуде біртұтас жолдар белгіленді. Сонымен бірге, мұрағат мекемелерінің басқармасы қойылған мақсаттардың орындалуын бақылап отырды, орындалу жолын зерттеп, талдау жүргізді, кейбір мұрағат мекемелерінің жақсы жұмыс тәжірибиесін енгізіп отырды. 70-жылдардың басына таман мұрағат мекемелері жұмысының нәтижесі олардың қызметін жақсартуға әсерін тигізді.

Әсіресе, екі облыста Торғай және Талдықорған облыстарында мұрағат мекемелік желі (торабы) кеңейеді, атком жанындағы мұрағат бөлімдері мен Мемлекеттік облыстық мұрағат қайта құрылды. Жалпы республика бойынша

жұмыс істеп жатқан мұрағаттардың 11 филиалы құрылды. Жүргізілген шаралар нәтижелері мемлекеттің сақталуына алынған құжаттар мазмұны мен құрамы сапалы болуына әсерін тигізді. Оқу - әдістемелік құралдар, нұсқаулар және басқа да қосымша құралдар ғылыми-анықтамалық аппарат дайындауда жоғары дәреже көрсетті де, мұрағат қызметінің басқа бағыттарын дамытуға өз үлесін қоса берді. Қызметтік лауазымдар өзгерістерге ұшырады, аға ғылыми қызметкер штаты енгізілді, ол мұрағат ісі саласында археография, мұрағаттану және құжаттану сияқты бағыттардың ғылыми-теориялық жағынан дамуына өз ықпалын тигізді.

70-жылдардың басында республикада Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 17 мұрағат бөлімшелері, 17 облыстық мемлекеттік мұрағаттар және олардың 31 филиалы жұмыс істеді. Қарағанды мен Жамбыл облыстарында мұрағат ғимараттарының құрылысы анықталды және 1968 жылы Республиканың ОММ, Семей, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облмеммұрағаттарының ғимараттары салынып бітті. Осы кезеңдегі мұрағат мекемелерінің жұмысында сақтау мерзімі өтіп кеткен ведомстволардың мұрағат материалдарын реттеуге аса көңіл бөлінді. Басқа Одақтық республикалардың жұмыс тәжірибиесін зерделеу және тереңдетілген ғылыми талдау жасау негізінде ведомстволық мұрағаттар қызметін бақылау және мемлекеттік сақтауға алынған құжаттық материалдарды сұрыптау бойынша жаңадан өзгертілген әдістер жасалды.

1968 жылы ведомстволық мұрағаттарды тексеру жарияланды. Тексеру өткізу кезеңінде 10,5 млн. іс реттелді, мұрағаттарға 1 млн. 479 мың іс түсті, нәтижесінде 80-жылдардың басында республиканың мұрағаттары 3 млн. 850 мың іске көбейді. Мемлекеттік мұрағаттарға сақтауға осы кезеңде 11 мың сақтау-бірлік киноқұжаттар, 95 мың сақтау-бірлік фотоқұжаттар, 2 мың сақтау-бірлік үнқұжаттар сақтауға бірілді. Сонымен бірге, жүргізілген тексеріс нәтижесінде іс жүргізуде жұмыстарды ұйымдастыруда кеткен қателіктер анықталды.

Мұрағаттың жекелеген бағыттарындағы жұмыстарға келетін болсақ, республиканың қоймаларында орналасқан құжаттардың көп ағымындағы жұмыстарды жеңілдету мақсатында ғылыми-анықтамалық аппарат жасауға аса көңіл бөлінді.

70-жылдардың аяғына таман 500 мыңнан астам істердің тізімдемелері жетілдірілді. Мемлекеттік мекемелер тарихы, әкімшілік-аумақтық бөлініс, қысқаша анықтамалықтар түрлері бойынша анықтамалықтар жасалды.

Ғылыми – анықтамалықтармен қамтамасыз етуде картотека жасау маңызды рөл атқарды. Осылайша, 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында мұрағаттардың анықтамалық қоры кортетекасына 189 мың тематикалық және 224 мың алфавиттік картотекалар жасалып енгізілді.

Мұрағат мекемелерінің баспа қызметі, кеңестік қоғамның негізін құраған идеялогияға бағынды, сондықтан жылдан-жылға қайталанып отыратын, 1917 жылдан бастап кеңестік жүйенің толық таралуына дейінгі индустрияландыру саясаты, ұжымдастыру мен кеңес қоғамының мәдени құрылысы сияқты бағыттары белгілі болатын. Мерейтой болып жарияланған жылдары:

революцияның 50 жылдығы, КСРО – ның құрылуы сынды негізінен тематика осы оқиғаларды қамтып, үкімет мұны хаық арасында кеңінен насихаттау үшін мұрағаттарға көп нәрсені жүктеп отырды.

60-жылдардың аяғы мен 70-жылдары Қазақстанда социализм құрылысының негізгі кезеңдерін бейнелейтін, Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы және тағы басқа тематиканы сипаттайтын құжаттар жарияланды.

Осы кезеңде негізінен арнайы тематикалық бағыт бойынша құжат жинақтары дайындалып шығарылды, олар: «1958-65 жылдары Қазақстандағы коммунистік еңбек үшін қозғалыс», «Алғашқы социалистік қайта құрулар кезіндегі Целиноград облысы (1921-1925жж.)», «Қостанай облысының мәдени құрылысының тарихынан», «Семейге 250 жыл» және т.б.

Құжаттар жинағынан бөлек, мұрағаттар мерзімді басылым беттерінде әртүрлі мақалалар жарияланды, хрестоматиялар мен құжаттық очерктер дайындады.

Тематикалық шектеуге қарамастан мұрағатпен мерзімді басылым қызметінде арасында жазуға қатысты жақсы тәжірбие жинақталды.

Осыған байланысты атап өтетін тағы бір жайт: кейбір одақтық республикалармен салыстырғанда Қазақстанның ақпараттық мұрағаттық ресурс әлуеті көлемді болғандығына қарамастан, мұрағат мекемелерінде баспа ісінің базасы болмаған еді. Ол болашақта мұрағаттық дерек көздерін тарих және басқа ғылымдардың пайдалануына кері әсерін тигізбей қоймады.

Негізінен, 70-жылдары және кейінгі жылдары жариялаудың кіші формасы дамыды. Осы кезеңде «Вестник Академии Наук КазССР», «Литература и искусство», «Известия», «Советские архивы» және осы сияқты т.б. белгілі журналдар беттерінде мақалалар мен басқа да материалдар басылды.

Мұрағаттану саласындағы зерттеу жұмыстарына келсек, ол негізінен, теориялық бағытта емес методикалық істерге бағынышты болып келді. Ғылыми – зерттеу институттарының құжаттық материалдарын ғылыми өңдеу, жергілікті органдардағы іс жүргізу, әдебиетте мұрағат материалдарын пайдалану, жылнамалар құру методикасы, хроникалар, тізімдемелер және т.б. осылар сияқты мұрағат мекемелері қызметінің өзіне тиесілі жақтарын қамтып отырды.

Бұрыңғыдай азаматтар сұраныстарын орындау, мекемелердің арнаулы тематикалық мәселелері мен басқа да мұрағат қызметінің күнделікті жұмыстары бойынша анықтамалар жасау негізгі бағыт болып қала берді.

Бақылау сұрақтары

1. Соғыстың басында мұрағаттар сақталуын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар жасалды?
2. «Основные правила описания документальных материалов» құжатының маңызы қандай және онда не шектелді?
3. 1955 жылы жарияланған «Правила издания архивных документов» құжатында қандай талаптар қойылды?

4. 02.25.1963 ж. КСРО Министрлер Кеңесі Қаулысының негізгі ережелерін атаңыз.
5. Ішкі Істер Министрлігі жүйесінен Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне республика мұрағат мекемелері қашан және қалай жіберілді?
6. 50-60-70-жылдары мұрағат материалдары мен мұрағаттық құжаттарды пайдалануды жақсарту үшін қандай шаралар жүргізілді?
7. Республика мұрағат мекемелерінде ғылыми ізденістерде қандай бағыттар өзекті болған еді?
8. 60-70-жылдары қандай құрылымдық өзгерістер болды, сол өзгерістердің басты ерекшеліктерін көрсетіңіз.
9. 50-60-70-жылдары жарық көрген мұрағат мекемелерінің басылымдарында қандай тақырыптар көтерілді?
10. Бесжылдықтар жоспары мұрағат мекемелерінің қызметіне қалай әсер етті?
11. 60-70-жылдары қандай мұрағаттар республикадағы мемлекеттік мұрағаттар торабын толықтырды?
12. Өткен ғасырдың 60-70-жылдарындағы мұрағат мекемелерінің негізгі қызмет бағыты қандай еді?
13. Сол кездері мемлекеттік мұрағаттар енгізген ғылыми-ақпараттық аппарат түрлерін атаңыз.
14. Республика мұрағаттарындағы құжаттарды сақтауды жақсарту үшін қандай шаралар қолданылды?
15. 60-жылдар ортасынан және одан кейінгі уақыттарда республика мұрағаттары ақпарат жеткізушілердің қандай түрлерімен толықты?

1.8. Қазақстандағы мұрағат ісі

80-жылдары социализм құрылысының алғашқы жылдарындағы кәсіподақ қозғалысының тарихына, мәдени құрылысқа, әйелдер қозғалысы қатысы бар құжаттарды жариялауға дайындық жұмыстары өз жалғасын тапты.

Тізімдемелерді және басқа да ғылыми-анықтамалық аппараттарды жетілдіру жұмыстары жалғасып, Қазақстанның мемлекеттік мекемелері тарихына қатысты анықтамалықтар дайындалып, басылды (1985-1986). Кеңестік дәуірге дейінгі және одан кейінгі кезең қорларының жөнсілтері құрылды, 90-шы жылдардың басында тізімдемелердің аннотацияланған тізімдері (реестр) басылып шығарылды, мұнда кеңестік дәуірге дейінгі қорлар туралы мәліметтер толық берілді. Ведомстволық мұрағаттармен де жұмыс жалғасты, мемлекеттік мұрағаттар құжаттарын топтастыру мен осы мұрағат мекемелеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету қызметтерін жасады.

70-ші жылдары құрылған шаруашылық-есептік ұйымдар мұрағат мекемелерінің қызметінде маңызды рөл атқарды. Аталған ұйым уақыт өте тәжірибе жинақтап, 80-ші жылдардың басында 450 мың құжатты ғылыми-техникалық өңдеуден өткізді.

80-ші жылдары мұрағат құжаттары кинофильмдер мен құжаттық хроникалар түсіруде кеңінен пайдаланылынғанын атап өту қажет. Мұрағат құжаттарын пайдаланудың ұйымдастырушылық қызметтерінің бірі – құжаттар көрмесін ұйымдастыру болды. Бұл шара 70-ші жылдардың 2-ші

жартысында кеңінен жүзеге асырылып, кейінгі жылдары да өз жалғасын тауып отырды.

Мұрағат қызметінің дамуында маңызды рөл атқарған 1960-шы жылдардың өзінде-ақ қабылданған КСРО Үкіметінің «О мерах по упорядочению режима хранения и лучшему использованию архивных материалов», «Основные правила постановки документальной части делопроизводства и архивов учреждения, организации, предприятия СССР», «О мерах по улучшению архивного дела в СССР» сынды Қаулылары еді, бұлардағы негізгі мәселе мемлекеттік мұрағаттардың басты міндеті - құжаттардың сақталуын қамтамасыз етілуі болатын.

Осы кезеңдегі мұрағат мекемелерінің одан әрі ұйымдастырушылық дамуы мен материалдық-техникалық жағдайының жақсаруына «КСРО Мемлекеттік Мұрағат Қоры туралы» жаңа Қаулы да өз ықпалын тигізді. Осы қаулы жарық көргеннен кейін мұрағат ғимараттарын салу жұмыстары басталып, олар ғылыми негізделген талаптарға сай құжаттардың сақталуын қамтамасыз етті.

Ғимараттар салумен қатар олардың техникалық жабдықталу жұмыстары да жүргізілді, сонымен бірге мұрағат құжаттарын сақтаудың әртүрлі жолдары қалыптасып, жаңа әдістері пайдаланыла бастады.

80-ші жылдардың басында мемлекеттік мұрағаттарды киноқұжаттар, дыбыс-жазба және ғылыми-техникалық құжаттармен толықтыру шаралары жақсы жүргізілді. Егер, алғашында (70-ші жж.) бұл жұмыспен тек арнаулы мұрағаттар айналысса, бертін келе құжаттардың бұл түрінің көп мөлшерімен облыстық мұрағаттар да айналысатын болды. Бұл жұмыстармен қатар қорлық тізімдеме қалыптастыру және оларды одан әрі қарай дамыту мен ғылыми-анықтамалық аппарат құру жұмыстары да жүзеге асырылды. Мұрағаттар жеке тұлғалар құжаттарымен де толықтырылды.

Мемлекеттік аппарат пен оның түрлі салаларының дамуы мен заман талабына сай келтірілуіне байланысты мұрағат мекемелерінің жүйесі де жетілдірілді. Республиканың ОММ Облыстық Атқару комитетінің мұрағат бөлімдері мен орталықтарының мемлекеттік мұрағаттары және олардың біршама ірі қалалар мен аудандардағы филиалдарымен толықты, микрофильмдеу лабораториялары ашылды.

80-ші жылдары республика мұрағаттары экономика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй салу және т.б. салалардың құжаттарымен толықтырылды.

1988-ші жылдың 5-ші қазанында КСРО Министрлер Кеңесінің «О генеральной схеме управления архивным делом» атауымен қабылданған Қаулысы бойынша жалпы одақтық құқықтық негізде КСРО Бас мұрағаты, Одақтас Республикалар Бас мұрағаты, Депутаттар Кеңесінің өлкелік, облыстық мұрағат бөлімшелері секілді басқару органдары қажет деп танылды. Республикада осы қаулы негізінде шешім қабылданды, ол бойынша барлық мемлекеттік мекемелердің ведомстволық мұрағаттары анықталды.

Одақтық және жекелеген республикалардың мемлекеттік мұрағаттарының қызметін жақсартуына байланысты көптеген өзекті мәселелерді шешу үшін мұрағатшылар күн тәртібіне мұрағат ісі бойынша Қоғамдық Кеңес құру мәселесін қойды. Ұйымдастыру комитетінің құрамына мұрағат және ғылыми мекемелердің, кітапханалардың, мұражайлардың, іс жүргізу саласының өкілдері кірді. Қоғамдық Кеңестің өткізген жиналысына қазақстандықтар да шақырту алды. Жиналыста ауқымды проблемаларға қатысты түрлі көзқарастар айтылды, алайда қатысушылардың құрамына және қабылданған шешімдеріне қарамастан Кеңестің алдына қойған мақсаттары жүзеге аспады.

90-шы жылдардың басына қарай құжаттарды ведомстволарда сақтау қиындай түсті. Басқару аппаратын қайта құру және қысқарту үрдісінде мұрағат қызметі мен оның кадрлармен қамтамасыз етуі құқықтық-ұйымдастырушылық ережесі жағынан нашарлай түсті.

Бақылау сұрақтары

1. ҚазКСР Бас мұрағат басқармасының «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» Қаулысы қашан қабылданды? Құжаттық ескерткіштерге қатысты Қаулының негігі ережелерін атаңыз.
2. КСРО Мемлекеттік Мұрағаты Қоры туралы ереженің қабылдануының (04.04.1980) 80-90 жылдары Қазақстанда Мұрағат Ісіне қандай әсері болды?
3. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің «Республикадағы мұрағат ісін жақсарту шаралары туралы» Қаулысынан кейін Республика мұрағат қызметіне қандай талаптар қойылды?
4. 80-90-жылдардың басында мұрағат мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталу мәселелері қандай шаралармен шешімін тапты?
5. 1980-90 жылдардың басындағы Республика мұрағат ісінің дамуының басты нәтижелерін атаңыз?

1.9 Қазіргі замандағы Қазақстандағы мұрағат ісі

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында мұрағат құрылысы ерекше маңызға ие болып келеді. Егемендіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға, бұрынғы Одақтың мұрағат ісімен үзілген байланысқа және экономикалық проблемаларға қарамастан, мұрағатшылар республикадағы мұрағат ісін одан әрі дамытуда.

Ерекше маңызға ие оқиға – 1998 жылы 22-ші желтоқсандағы ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қоюымен қабылданған «Ұлттық мұрағат қорлары мен мұрағаты туралы» заңы болып табылады.

Алғаш рет біздің еліміздің тарихында заңдық негізде республика мұрағат мекемелерінің құқықтық негіздері құрылды. Заң республика мұрағат қызметінің басты бағыттарын көрсете тұрып, «ҚР Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын сақтау мен пайдалану, қоғамдық қатынастарды реттеуді».

Қабалданған Заңға сәйкес Ұлттық мұрағат қорының құрамына :

- заңдық актілер және т.б. ресми құжаттар;

- басқару,
- ғылыми-зерттеу,
- жобалық-конструкторлық,
- технологиялық,
- патенттік-лицензиялық,
- картографиялық,
- геодезиялық,
- геологиялық құжаттар,
- телеметриялық және басқа арнайы құжаттамалар,
- машинаға негіделген және аудиовизуалдық құжаттамалар,
- тарих және мәдени құжаттық ескерткіштер,
- ұлттық құндылықтарды айғақтайтын жеке тұлғалар қорлары және басқа да құжаттамалар,
- ҚР-ның иелігіне түскен басқа да құжаттар
- сақтандыру құжаттарының көшірмелері - кірді.

Ұлттық мұрағат қоры туралы Заңның әр бөлімі негізгі ержелерді анықтап берді. Мысалы, 5-ші бапта Ұлттық мұрағат қорының негізгі құрылымы мыналар болып танылады делінген:

1. ҚР ОММ құжаттары.
2. ҚР Президентінің мұрағаты.
3. Республикалық маңызға ие қалалардың және ҚР астанасының мемлекеттік мұрағаттар (Астана және Алматы қалалары).
4. Облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік мұрағаттар және олардың филиалдары.
5. Басқа да толықтыру көздері.

Сонымен бірге маңыздылығы біршама мәселелердің мәні ашылды; 1. Ұлттық мұрағат қоры құрылымына мұрағат қоры мен жинағының қатынасының тәртібі; 2. Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттар құқықтарының қорғалуы және кепілдігі; 3. мұрағат құжаттарын қайта құрғанда немесе заңды тұлғаларды жойғанда мұрағат құжаттарына иелік құқығы; 4. мемлекеттік есеп, сақтау, сақтауды ұйымдастыру және тұрақты сақтауға құжаттарды өткізу; 5. ғылыми-анықтамалық аппаратта көрсетілген Ұлттық мұрағат қоры құжаттары құрамы мен мзмұны жөнінде мәліметтер; 6. сақтау және сақтауды ұйымдастыру тәртібі; 7. құжаттарды пайдалану және оларға байланысты басқа да мәселелер; 8. мемлекеттік реттеу және мұрағат ісін басқару; 9. халықаралық әріптестік.

Сонымен, Заң Республикадағы мұрағат ісі ұйымдастырылуының негізгі мәселелерін ашып берді.

1998 жылы қаңтардың 14-17-сі аралығында Алматы қаласында Сорос-Қазақстан Қорының ұйымдастыруымен «Мұрағаттар туралы халықаралық заңнама мен мемлекеттік ақпаратқа қол жеткізу» мәселесіне байланысты халықаралық «дөңгелек үстел» өткізілді.

Ол жиынға қазақстандық мұрағатшылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік аппарат органдары қызметкерлерінен басқа, халықаралық ұйымдар қызметкерлері, Конституциялық және заңнамалық саясат

институты (Будапешт), Ашық қоғам Институтының Мұрағаты, Швецияның Ұлттық мұрағаты өкілдері қатысты. «Дөңгелек үстел» мәжілісінде келесі мәселелер қарастырылды: халықаралық тәжірибеге қол жеткізу заңының дәрежесі, Мұрағат ісі бойынша Халықаралық Кеңесте жасалған мұрағат және өтпелі ресми құжаттар бойынша заңдардың негізгі принциптерінің зерттелуі. Ашық қоғам Институтының Мұрағатының директоры Х. П. Труді қатысушыларды халықаралық тәжірибеге қол жеткізу заңының дәрежесі, ақпарат еркіндігі, құпиялылығы және ақпараттың қорғалуы мен жеке тіршілігімен таныстырды.

Швеция Ұлттық мұрағатының директорының орынбасары және Мұрағат ісі бойынша Халықаралық Кеңестің заңдық мәселелері бойынша комитеттің төрағасы Клаес Гренстр ақпарат еркіндігінің заңдары және олардың құпиялылығы жөнінде сөз сөйледі.

Венгрия парламентінің құжаттарды қорғау және ақпарат еркіндігі жөніндегі Бас кеңесшісі И.Зекели қатысушыларды жеке өмір заңдарының негізгі принциптерімен таныстырды.

Мәселе төңірегіндегі пікір-таласқа Республикалық мұрағаттың директоры Р.Х.Сариева, республикаға аты мәлім көрнекті мұрағатшылар – М.Ж.Хасанаев, В.М.Чупров, А.А.Мұканова, А.Ф.Сейітова және т.б. қатысып, көтерілген мәселелерге байланысты өз ойларын әр қырынан жеткізді.

Сондықтан да, Алматы «Дөңгелек үстелі» Қазақстандағы мұрағат ісінің одан әрі дамуына зор толқын берді және одан бұрын республика мұрағат ісінің халықаралық ұйымға мүше болуына өз үлесін қосқан халықаралық мұрағат байланыстарын орнатуда маңыздылығы өте зор еді.

«Дөңгелек үстелден» кейін қазақстандық мұрағатшылар, шетелдік әріптестерінің тәжірибесіне сүйеніп, жаңа ойлармен және Кеңестік мұрағаттану тәжірибесіне сүйеніп, алдарына жаңа белестерді бағындыру мақсаттарын қойды. Бұл ең алдымен, жарияланған актілер мен басқа да нормативті құжаттардың қайта қаралуы, мұрағат саласының түрлі бағыттарына ғылыми-әдістемелік қайта өңдеулер, осы салаға қазіргі технологияларды енгізуге қатысты еді.

Қазақстан Республикасы Заңдарына толықтыру енгізу шараларына байланысты, ол «Ұлттық Мұрағат қоры туралы» заңға енгізілген қосымшалар негізінде жаңа бастамалар да орын алды.

Мұрағаттық мекемелердің қызметін реттеу үшін осы Заң негізінде: 1999 жылы маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры туралы қаулы», 1999 жылы мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің мұрағат басқармасы және құжаттау Комитеті жөніндегі қаулысы» қабылданды.

Бұл құжаттарда Ұлттық мұрағат қоры құрамына қатысты бөлек ережелер орын алды және олар еліміздің мұрағат саласын басқаруды одан әрі тиімді етуге бағытталды.

1999 жылдың 7-мамырынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы негізінде мұрағат және құжаттама басқармасы бойынша комитет құрылды.

Комитет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жанынан құрылды. Комитетті құрудағы мақсат – мұрағат және құжаттама саласында бақылау функцияларын жүзеге асыру болды. Комитеттің ең алдымен алға қойған міндеттері – мұрағат саласы мен құжаттама саласында біркелкі мемлекеттік саясат жүргізу, қолда бар тарихи, ғылыми, мәдени және басқа да маңызды құжаттарды сақтау, пайдалану және қайта өңдеуді реттеу және т.б. маңызды мәселелер еді.

1999 жылы 7-мамырдағы қаулыда мұрағат құрылымының да құрамы көрсетілген; олар: басқарма, ұйымдастыру бөлімі, әдістеме және координация бөлімдері; Ұлттық Мұрағат қорын қалыптастыру бөлімі, мұрағаттар мен құжаттауды тексеру бөлімі; Ұлттық Мұрағат қорының мемлекеттік есебі мен оны пайдалану, мұрағаттық технологиялар бөлімі; қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 11-маусымдағы жарлығы бойынша «2001-2005 жылдар аралығындағы мұрағат ісін дамыту бағдарламасы» бекітілді.

Бағдарламаның басты бағыттары болашақтағы нормативтік базаның дамытылуы, ғылыми-әдістемелік жабдықталуы, материалдық-техникалық жабдықталуы, мамандар дайындау, мұрағатты ақпаратандыру және т.б. болып табылады.

2002 жылдың қыркүйегінде Астанада ЕВРАЗКА халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізіліп, оған Ресей, Украина, Молдова, Белоруссия және т.б. елдердің мұрағатшылары қатысты.

Конференцияның нәтижесі ретінде қазақстандық мұрағатшылар мен өзге де елдер мұрағатшылары арасында, әсіресе Ресей мұрағатшыларымен келісімдер негізінде Қазақстанның өткеніне тікелей қатысты құжаттардың көшірмелерін қайтаруға қол жеткізілді.

Сондықтан да, дәл қазір Қазақстан мұрағат қызметі көптеген қиындықтарға, әсіресе, материалдық-техникалық жабдықталудың талапқа сай болмауы, тәжірибелі мамандардың жетіспеуі, кеңес кезеңінен қалған қаржылық мәселенің шешімін таппауына қарамастан алға қойған міндеттерді шешуге тырысуда.

Сонымен, 2001 жылғы бағдарлама бойынша нормативті базаны нығайту, ғылыми-әдістемелік жағынан жабдықталу, болашақта материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, мамандармен толықтыру және басқа да мәселелер шешімін таппақ.

Бақылау сұрақтары

1. Ұлттық мұрағат қоры туралы Заң қашан қабылданды? Заңның негізгі ережелерін баяндаңыз.
2. Ұлттық мұрағат қорының құрамы қандай?

3. Ұлттық мұрағат қоры неге негізделінеді?
4. Ұлттық мұрағат қоры туралы Заң бойынша мұрағаттарға кім иелік етеді?
5. Қазіргі таңда республика мұрағат ісі қалайша реттеліп, басқарылады?
6. Ұлттық мұрағат қоры туралы Заңға қандай өзгерістер мен қосымшалар енгізілді?
7. Мұрағат пен құжаттаманы басқаратын Комитет қашан құрылды?
8. Комитеттің құрылымы, міндеттері мен қызметі жөнінде айтып беріңіз.
9. «2001-2005 жж. ҚР-ндағы мұрағат ісін дамыту бағдарламасы қандай міндеттерді шешеді?
10. Қазақстан мұрағат қызметі халықаралық мұрағат қызметтерімен қатынастарды өрбітуде?

II– ТАРАУ

РЕСПУБЛИКА МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР МЕН ҚОРЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

2.1 Қазақстан республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаттары

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты
(Алматы қаласы)

1921 жылы Қырғыз (Қазақ) АССР-ң Орталық өлкелік мұрағаты ретінде құрылған. 1925 жылдан бастап Қазақ АССР Орталық мұрағаты болып аталды. 1931 жылы оның негізінде екі мұрағат бөлінген: Қазан революциясының Орталық мұрағаты (1941 жылы Қазан революциясы мен социалистік құрлыстың Орталық мемлекеттік мұрағаты болып атауы өзгерген) мен Қазақ АССР-ң Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты. 1957 жылы олар Қазақ ССР Орталық мемлекеттік мұрағаты (1992 жылдан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты) болып бірігеді.

Қазіргі таңда ҚР ОММ ірі мұрағат болып табылады. Онда кеңестік дәуірге дейінгі, кеңестік кезеңдегі және одан кейінгі уақыттағы бірегей құжаттар сақталған. Айталық, ең ерте уақыттағы құжаттар ХҮІІІ ғ. І-жартысымен мерзімделеді. Сақталған құжаттар Қазақстан тарихының түрлі мазмұнды материалдарынан тұрады.

Қазақ даласын отарлау, Қазақстан жеріне патша әскерлерінің ішкерілеп енуі, Хиуаға қарсы әскери экспедициялар туралы, Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы көтерілістері жайлы, көтерілісшілерді жазалау экспедициялары жайында материалдар жинақталған; қазақ халқының көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасы жайлы құжаттар да бар. Онда Қазақ даласындағы әкімшілік-сот құрылымы, қазақтардың көршілермен сауда қатынастары, қазақ мектептерінің ұйымдастырылуы, ХІХ ғасырдағы Қ.Қасымұлы бастаған онжылдық көтеріліс пен оны патша үкіметінің басып жаныстауы, тұрғындар туралы статистикалық мәліметтер материалдары да сақталған.

Шекаралық басқарма мен комиссия, Дала генерал-губернаторы концеляриясы, Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай мен Сырдария облыстары басқармасындағы көш-қон басқармаларының қорларындағы мәліметтер Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірін сипаттайды. Мұрағат құжаттары Ресей, Қытай, Бұхара, Хиуамен болған дипломатиялық және сауда қатынастары, сауда айналымы жайлы статистикалық мәліметтер береді. Сондай-ақ, тауарлар импорты мен экспорты, сауда жәрмеңкелерін ұйымдастыру жөнінде де ақпараттар бар. Қалалардың, басқа да мекен-жайлардың тарихы туралы, жер шаруашылығы жайлы мағлұматтар да ұшырасады. Таулы аймақтардағы Қазақстанның тау-кен ісі өнеркәсібінің қалыптасуы мен дамуы жөніндегі, пайдалы қазбалар жайлы құжаттар да көп. Акционерлік қоғамдар қорында Ембі ауданындағы мұнай өнімдерінің экономикалық және техникалық ахуалы жайлы құжаттар сақталған. Құжаттардан Шымкент, Риддер, Спасск, Успенск зауыттарының құрылысы мен өндірістік қызметтері де көрініс табады. Ауыл шаруашылығының дамуы сан аулан қорлардан кездеседі. Халық ағарту ісінің сауалдары халық ағарту инспекторларының қорына шоғырланған. Орыс-қазақ мектептері туралы мәліметтер де көп. Мұрағатта Уақытша үкіметтің мекемелері мен әскери бөлімдерінің құжаттары да сақталып келеді. Ал, Кеңес үкіметінің құрылуы Әскери-революциялық комитеттің, Халық Комиссарлар Кеңесінің, Орталық атқару комитетінің қорларында жинақталған.

Өлке аумағындағы Қазревкомның жүргізген барлық салалардағы басқару жұмыстары Әскери-революциялық комитет материалдарынан ұшырасады. Бұл комитет кезінде түрлі бөлімдер (жер, азық-түлік, халық ағарту, денсаулық сақтау, т.б.), сондай-ақ бірқатар комиссиялар (мал шаруашылығын сақтау, армия мен халықты қамтамасыз ететін айрықша комиссия) құрылған болатын. Олардың да құжаттары осы мекеме қорларында жинақталған.

Орталық атқару комитеті қорында (кеңес үкіметінің жоғарғы органы; 1938 жылға дейін қызмет еткен) Кеңестердің 1 Құрылтай съезінің, сондай-ақ 2-11 съездерінің хаттамалары, стенограммалары, шақырылған барлық сессия хаттамалары мен басқа да үкіметтік құжаттар бар.

Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі (1938 жылдың шілдесінен ҚазКСР ХКК) қорында РСФСР ОАК мен ХКК-нің қаулылары, үкімдері, сонымен бірге ҚазКСР ОАК мен ХКК-нің хаттамалары, шешімдері мен есептері, республика наркоматтарының есептері, губерниялық атқару комитеттері мәжілісінің хаттамалары сақталуда. 1921-26 жылдары халық шаруашылығының қалыптасуы, индустрияландыру мен ұжымдастыру, өнеркәсіптің жай-күйі мен дамуы, тас-көмір, түсті металлургия, ет және балық өнеркәсібі, т.б. өндіріс салалары жайлы да материалдар өте көп. Мұрағатта 1920-1957 жылдар аралығында барлық жетекші наркоматтардың (министрліктердің) құжаттық материалдары шоғырланған.

1959 жылдан бастап мұрағат әдебиет пен өнер қайраткерлерінің құжаттық материалдарын жинастыра бастады. 1963 жылы әдебиет пен өнердің белгілі қайраткерлерінің қоры шоғырланған жеке бөлім ашылды. Оған сазгер М.Төлебаев, әнші К.Байсейітова, жазушылар И.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. танымал тұлғалардың жеке қорлары жинастырылды. С.Калмыков, Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева секілді суретшілердің құжаттары да қордағы құнды материалдар болып табылады.

Жеке қорлар құрамындағы қолжазбалар, жазбалар, естеліктер, күнделіктер, хаттар, сызбалар, суреттер, альбомдар, фото суреттері мен биографиялық материалдар қор құраушылардың шығармашылық өмірі мен қоғамдық қызметін айқын ашып көрсетіп бере алады.

Мұрағат құжаттардың сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, мұрағаттың құжаттық дерек көздерін де ғылыми тұрғыдан жариялап отырады.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты (Алматы қаласы)

1974 жылы құрылған. 1992 жылдан бастап осы атаумен белгілі. Республикадағы өз бейнесі (профилі) бойынша ірі ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады.

Мұрағатта Республикадағы мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың басқару, ғылыми-техникалық (жобалық, конструкторлық, ғылыми-зерттеу),

патенттік құжаттары, сондай-ақ жеке тұлғалардың қоры сақталған. Ондағы қалалық, азаматтық, кәсіпорындарды, ауыл шаруашылық, су шаруашылығы, транспорттық құрылысты сипаттайтын жобалық-жоспарлық құжаттар ХХ ғ. 30-жылдарынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі түрлі сатыдағы нәтижелерді айқындап бере алады.

Жобалық және ғылыми-зерттеу құжаттары республикадағы энергетикалық саланың қалыптасу тарихын, түсті және қара металлургияны, машина жасау мен сәулет өнері, транспорт пен байланыс, ауыл шаруашылығы, орман және су шаруашылықтарының тарихын, сондай-ақ кеңестік дәуірге дейінгі шөлейтті жерлерді суландыру тарихын сипаттап береді. Қазақстандағы энергетика мен электрофикация тарихы жылу электро станцияларын салуға құжаттарынан, жоғарғы вольтті электр жүйелерінің тізбегін жасауға арналған жобалардан, кеңестік уақыттағы өндірістік кәсіпорындарды электрмен қамтамасыз ету жобаларынан тұрады.

Мұрағатта байыту фабрикаларын, полиметалл комбинаттарын жобалау құжаттары, Қазақстан мен Орта Азиядағы түсті металдар кендерін байыту бойынша зерттеулер, кәсіпорындар мен құрылыс материалдарын өндіруге арналған зауыттар жобалары сақталуда.

Кеңестік дәуірдегі қалалардың, кенттер мен жекелеген кеңшарлардың құрылысы мен сәулет өнері, әсіресе қала салу құрылысы жобалық құжаттардан нақты көрініс табады. Биік таулы «Медеу» мұз айдынының, тәжірбиелік мақсатта салынған көп қабатты ғимараттар мен басқа құрылыстардың жоспарлары да бар. Транспорттың даму тарихын кезінде ғылыми-зерттеу және жобалау институттары өткізген құжаттамалардан көруге болады.

Конструкторлық құжаттама ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың дамуын көрсетеді. Онда Қазақстан аумағындағы жер бедерін ескере отырып ауыл шаруашылық машиналарына электродты-ионды технологияны қолданудың әзірлемесі де бар.

Патенттік құжаттарда металл конструкциялар мен инженерлік құрылыстар, азаматтық және өндірістік құрылыстар, сондай-ақ ауыл шаруашылық саласындағы өнертабысқа сұралған өтініштер сақталған. Ал, басқару құжаттамасы сан аулан бұйрықтар мен жоспарлардан, есептеулерден, т.б. тұрады. Кеңестік дәуірдегі және одан кейінгі уақыттардағы белгілі сәулетшілер, құрылысшылар, гидротехниктер, т.б. мамандардың жеке қорлары да мұрағаттан табылады.

**Қазақстан Республикасының Кинофотоқұжаттар мен дыбыстың
басылымдарының Орталық мемлекеттік мұрағаты
(Алматы қаласы)**

1943 жылы құрылып, 1957 жылы кинофотоқұжаттар бөлімі ретінде ҚазКСР Орталық мемлекеттік мұрағат құрамына енген. 1947 жылдан өз қызметін дербес мекеме ретінде бастаған. 1992 жылдан ҚР-ның КФҚДБ ОМА (ЦГА КФФДЗ) деп аталады.

Мұрағатта өткен ғасыр бас кезінен бастап түрлі буын өкілдерінің киноқұжаттары, фотоқұжаттары мен қазіргі уақыттағы микрографиялар, аудиовизуальды құжаттар сақталуда.

Құжаттар арасында документальді фильмдер, киножурналдар, киновидеосюжеттер, киножылнамалар, аяқталмаған фильмдер өндірісі де көптеп кездеседі.

Кеңестік кезеңге дейінгі фотоқұжаттар қазақ халқының тұрмысын, өткен ғасырлардағы қалалар көрінісін айқындайды. Ал, кеңестік кезеңдегі фотоқұжаттарда Қазақстанда кеңес үкіметін орнатуға ат салысқандарды, 1920 жылғы қазандағы Қазақ АССР Құрылтай делегаттарын бейнелейді. Фотоқұжаттар өнеркәсіп пен транспорттың дамуын, Түркісіб темір жолының, Қарағанды көмір шахтасының, Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы түсті металлургия кәсіпорындарының құрылысы мен жұмыс істеу кезіндегі көріністерін айғақтайды.

Фотоқұжаттар, сонымен қатар республикадағы кеңестік дәуірдегі сан салалы ауыл шаруашылығының дамуын, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі кәсіпорындарының жұмысын, қорғаныс өнеркәсібін, қорғаныс қорына қаражат жинаудағы патриоттық қозғалыстарды, бұрынғы КСРО республикалары мен шетелдермен қазақ халқының мәдени байланысын, республикадағы театр ұжымдарының гастрольдерін де бейнелейді.

Киноқұжаттар алғашқы документальді киноочерктерден тұрады. Олар: «Пятилетие Казахстана», «10-летие Октября в Казахстане», «Смычка Турксиба», «Жизнь и быт Казахстана (1927)», «Алма-ата – столица Казахстана» (1929), т.б. Сондай-ақ, ұжымдастырудың алғашқы өкілдері, кедейлер серіктестігіне өту, алғашқы жиналыстар, т.б. дүниелерді көрсететін сирек кадрлар да бар. Ұлы Отан соғысы кезіндегі жайттар «Союзкиножурнал» сандарында, «Тебе фронт!», «8-я гвардейская», «Патриотка», т.б. фильмдерде экрандалған. Соғыстан кейінгі киноқұжаттардан өндірістік кәсіпорындар құрылысы, республикадағы ғылыми және мәдени өмір эпизодтары көрініс тапқан.

Мұрағаттың үнқұжаттарында (фонодокументы) Қазақстанда болған түрлі съездерінің, мерекелік жиналыстардың басылымдары бар. Қазақстан тарихының белгілі бір беттері республикаға танымал М.Әуезов, Т.Бигелдинов, Б.Момышұлы, Қ.Сәтпаев, С.Мұқанов М.Төлебаев, Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, т.б. тұлғалардың естеліктері мен сөйлеген сөздерінен де көзініс тауып отырады.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік мұрағаттар торабы қашан құрылды? Республикадағы қазіргі мұрағаттар торабын атаңыз.
2. Республикалық ірі-ірі мұрағаттарды атаңыз. Бұл мұрағаттардың қызмет аясы туралы баяндап беріңіз.

2.2 Мемлекеттік облыстық мұрағаттар

Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (Семей және Өскемен қалалары)

1920 жылы губерниялық мұрағат ретінде құрылған. 1928 жылдан округтік мұрағат, ал 1931 жылы Қазақ АССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Семей бөлімшесі құрамына кірді. 1932 жылдан – Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты; 1939 жылдан Семей облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан ҚР-нің Семей облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 1997 жылдан Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. Филиалдары бар.

Мұрағатта Қазақстан аумағындағы Уақытша үкіметті құлатқан құжаттар бар; өнеркәсіпті ұлттандыру туралы, Төтенше комиссияның саботаж бен контрреволюцияға қарсы күресін, жергілікті жерлерде Кеңес үкіметін орнату, Әскери-революциялық комитеттердің жергілікті жерлердегі қызметі жайлы құжаттар сақталған. Кеңестердің 1-ші (1920) және округтің (1929) съездерін өткізуге дайындық пен өткізілгенін айғақтайтын мағлұматтар, олардың жұмысының есептері, 20–жылдардағы М.Әуезовтың қызметі жөніндегі құжаттар сақталуда.

Семей губерниялық халық шаруашылығы кеңесі. Семей экономикалық әкімшілік ауданы мен өндірістік кәсіпорындар қорлары өндірісті ұлттандыру процестерін, 30-жылдар мен одан кейінгі уақыттағы өндірістік кәсіпорындардың қалыптасуын; дамуын және қайта құруларын айғақтайды. Қарқаралы уезіндегі (кеңестік кезеңге дейін) пайдалы қазбалар, түрлі минерал шөгінділері, Түркістан–Сібір темір жолы құрылыс жайлы мәліметтер де кездеседі.

Ет-консерві, май шайқау, ұн тарту, тері илеу өндірістерінің дамуы, жұмысшы табы кадрларын дайындау жергілікті мекемелер қорларынан көрініс табады. Қалалық коммуналдық шаруашылық, жергілікті Кеңестердің капиталды құрылыстары бөлімі қорларынан қала салу, кәсіпорындар, мәдени және тұрмыстық құрылыстар салу ісінің сауалдарын білуге болады. Ауыл шаруашылығының даму тарихын жер басқармасы мен бөлімдерінің, жерге орналастыру бөлімдерінің, шаруалардың өзара көмек бірлестігі, ұжымшар мен кеңшарлардың қорларынан кездестіреміз. Олардың құжаттары деревнядағы күресті, ұжымдастыруды сипаттайды.

Сондай-ақ мұрағаттағы материалдарда Семей губерниясының қысқаша табиғи-тарихи очеркі мен жерге орналасу туралы анықтама, губернияның экономикалық – географиялық жайының сипаттамасы жасалып, 1887 – 1898 жылдары Алей-Құланды жазығындағы су атраптарын зерттеу туралы баяндама, Түркісіб төңірегіндегі табиғи-тарихи аудандарға сипаттама берілген.

Су шаруашылығы мекемелерінің қорында ауылды жерлердегі гидроэлектрқұрылысының құжаттары, ұжымшарлардың егінді жерлерінің топографиялық түсірілімі, сондай-ақ 1907-1930 жылдардағы Семей облысы

аумағындағы гидротехникалық жұмыстардың есебі сақталуда. Құжаттарда жер бетіндегі су қоймалары мен жер асты суларының сипаттамасы бар.

Губерниялық, уездік және облыстық халық ағарту бөлімдерінің, мәдени-ағарту мәселелерінің, өлкетану музейінің, А.Құнанбаев, Ф.М.Достоевский, т.б. әдеби-мемориалдық музейлерінің қорларындағы құжаттар облыстағы мәдени құрылыс процестерін сипаттайды.

Өскемен мемлекеттік мұрағаты (1940 жылы құрылған) қорларында ақ казактар құрамдары мен күрес, облыс аумағындағы азаматтық соғыс кезеңі, ұжымдастыру, ауылдарды кеңестендіру, мектеп пен ауруханалар салу ісінің материалдары бар. Облыс аумағындағы түрлі кәсіпорындардың салынуы, дамуы да мұрағат қорларында көптеп кездеседі. Мұрағатта қаланың іргесінің қалануы (1720 жыл) жайлы да азды-кемді мағлұматтар ұшырасады. Фотоқұжаттар (фотодокументы) да бар.

Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты

(Алматы қаласы)

1921 жылы Жетісу облыстық мұрағат ретінде құрылған; 1922 жылы ол – Жетісу облыстық мұрағаты; 1924 жылдан – Жетісу губерниялық мұрағаты; 1928 жылдан Алматы округтік мұрағаты; 1929 жылдың соңынан 1933 жылға дейін ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағаты құрамына енген. 1934 жылдан Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталды. 1992 жылдан ҚР Алматы Облыстық Мемлекеттік мұрағаты. Филиалдары бар.

Жетісу облысындағы революциялық комитет, Кеңестердің атқару комитеттері, әскери комиссариат қорларында кеңес үкіметінің Жетісуда орнауы, Қызыл армия бөлімдеріне орыстар мен қазақтарды алу, Солтүстік Жетісу майданындағы әскери әрекеттер, Анненков, Дутов, Сидоров және тағы басқалар басқарған ақ казак бөлімдерімен болған күрестің материалдары сақталған. 1924-1925 жылдары Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық-мемлекеттік межелеуге байланысты әкімшілік-аумақтық өзгерістер жайлы іс-қағаздар да ұшырасады. Жетісу облыстық және уездік азық-түлік бөлімдерінің, аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиясының қорлары олардың ашаршылыққа ұшырағандарға қалай көмек көрсеткендігін айғақтайды. Облыстық мұрағат қорлары сондай-ақ социалистік мемлекет құрылысының алғашқы он жылдығында транспорттың, денсаулық сақтау, мәдениет пен білім беру істерінің дамуын да көрсетіп береді. Халық шаруашылығы кеңестерінің қорларынан өндірістің барлық салаларының қалай дамығанын, жаңа технологиялардың қалай өндіріске енгізілгендігін көруге болады. Жерді басқару, «Қосшы» одағы комитеттерінің қорларынан Кеңес үкіметі жүргізген жер реформасының құжаттарын да ұшырастырамыз.

Халыққа білім беру, мектеп, техникум, мәдениет бөлімдері, кинофикация, денсаулық сақтау қорларында, кеңес үкіметінің алғашқы жылдары сауытсыздықты жою құжаттары бар. Азаматтық соғысқа дейінгі және одан кейінгі уақыттағы балалар интернаттары желісі мен балалар үйлерінің көбеюі жөнінде де мәліметтер кездеседі.

Жеке тұлғалар қорлары да бар.

Кеңестік дәуірге дейінгі фотоқұжаттарда Верный қаласында болған жер сілкінісінің (1910ж) суреттері, алғашқы комсомолдар, соғысқа қатысушылар суреттері сақталуда.

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты

(Петропавл қаласы)

1923 жылы Петропавлскіде Ақмола губерниялық мұрағаты құрылады да, ол 1928 жылы Петропавл округтік мұрағаты болып қайта ұйымдастырылады. 1931 жылы ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Петропавл бөлімшесіне кіреді. 1932 – 1936 жылдары Қарағанды облыстық Мемлекеттік мұрағаты деп аталды. 1936 жылдан Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан ҚР Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталып келеді.

Мұрағатта революциялық комитеттер, жергілікті кеңестердің атқару комитеттері, революциялық трибуналдар, азық-түлік комитеттері, ақ казак бөлімдерімен күрес құжаттары бар. қорлардан ұжымдастыру мен 1932 жылғы ашаршылық тарихы көрініс табады. Халыққа білім беру, мәдени-ағарту, денсаулық сақтау мекемелерінің қорларындағы құжаттарда «Қызыл отау» ұйымдастыру, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары сауатсыздықты жою шаралары айтылады. Өлкедегі белгілі тұлғалардың жеке қорлары да бар.

Кеңестік кезеңге дейінгі ғылыми-техникалық құжаттамадағы ең қызықты материал «Планы и карты по истории области» болып табылады. Кеңестік дәуірдегі ғылыми-техникалық құжаттама жобалық құжаттамалар (сызба, техникалық жоспар, ғимараттарды салу жоспары, т.б.) мен ізденістерден, жерге орналастыру мен оны пайдаланудың топографиялық құжаттамаларынан тұрады. Киноқұжаттар Солтүстік Қазақстан облысының қоғамдық-саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени өмірінен хабардар етеді. Киноқұжаттар қорында Петропавл қаласы жайлы, революционер В.В.Куйбышев музейінің құрылуы жөнінде, ақын Жамбыл Жабаев, тағы басқалар туралы фильмдерден тұрады. Фотоқұжаттардан революцияға дейінгі, 1905 – 1907 жылдары алғашқы ресейлік революцияға, азамат соғысына қатысушылардың суреттерін табамыз.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге келген түрлі ұлт өкілдері жайлы мәліметтер де бар. Педагогикалық институт ректорының, 1920 жылы Кеңестердің Бүкілресейлік 8 съезіне қатысқан делегаттың, Петропавлскідегі астыртын ұйымдардың, «Қосшы», «Кедей» ұйымдарының құжаттық материалдары сақталуда.

Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағаты

(Астана, Көкшетау қалалары)

1923 жылы Ақмола уездік мұрағаты ретінде құрылған. 1928 жылдан округтік мұрағат. 1931 жылы ҚазАССР Қазан революциясы Орталық

мұрағатының Петропавл бөлімшесіне кірді; 1932 жылы Ақмола аудандық мемлекеттік мұрағаты болып құрылады; 1939 жылдан Ақмола облыстық Мемлекеттік мұрағаты; ал 1961 жылдан Тың өлкесінің Мемлекеттік мұрағаты; 1965 жылдан Целиноград облысының Мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан ҚР Целиноград облысының Мемлекеттік мұрағаты. Целиноград облысы Ақмола деп өзгергеннен кейін (1997 ж.) Ақмола мемлекеттік облыстық мұрағаты болып аталады.

Көкшетау мұрағатынан алынған қорлардың құжаттық қорлар бөлігі 1944 жылы ауылдық мұрағат базасының негізінде құрылған болатын. Ол 1944 жылдан мемлекеттік Көкшетау облыстық мұрағаты, ал 1992 жылдан ҚР Мемлекеттік Көкшетау облыстық мұрағаты болып құрылған. Қазіргі таңда Ақмола облыстық мұрағатының құжаттық базасының бір бөлігін құрайды.

Жергілікті кеңестер атқару комитеттері, «Қосшы» Одағының комитеттері, милиция мен әскери комиссариаттар басқармасы, арнайы мақсаттағы бөлімдер, Қызыл партизан және қызыл гвардиялар комиссиясы, азық-түлік комитеттерінің қорлары өткен ғасырдың 20-жылдар бас кезіндегі мағлұматтарды қамтиды. Сондай-ақ, құжаттық материалдардан кәсіпорын нысандарын ұлттандыру, Ақмола мен Атбасар уездеріндегі саяси, мәдени, шаруашылық мәселелер көрініс табады. Одан кейінгі материалдар одақтық орталық жүргізген тың және тыңайған жерлерді игеру саясатын қамтиды.

Ғылыми – техникалық құжаттамалар астық шаруашылығына қатысты Бүкілодақтық ғылыми – зерттеу институты қорында шоғырланған.

Көкшетау мұрағатынан алынған қорларда облыс аумағында большевиктік үкіметтің орнауы, ақ казактармен күрес, Дутов, Анненков бөлімдерімен болған соғыс материалдары бар.

Сонымен қатар қорларда өлкенің кеңестік кезеңде даму тарихын, түрлі инфрақұрылымдар құрылысын айғақтайтын материалдар сақталған. Жеке тұлғалардың құжаттары да мұрағатта сақталып келеді.

Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (*Ақтөбе қаласы*)

Алғаш 1923 жылы губерниялық мұрағат ретінде құрылған. 1928 жылдан округтік мұрағат. 1931 жылы қысқартылып, оның материалдары ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатына өткізілген. 1932 жылы аудандық мұрағат және оның аумағына тиесілі қайтарылған құжаттар негізінде Ақтөбе облыстық Мемлекеттік мұрағаты құрылады. 1992 жылдан ҚР Мемлекеттік Ақтөбе облыстық мұрағаты болып аталады. Филиалдары жұмыс істейді.

Мұрағатта кеңес үкіметінің алғашқы жылдарын, жергілікті революциялық комитеттердің қызметін, кеңестік мекемелер мен әскери трибуналарының іс-әрекетін айғақтайтын материалдар бар. Олардан Кеңес үкіметінің орнауы, Колчак, Дутов бандаларымен болған күрес, кедей-шаруалардың «Қосшы» Одағын құру жайында мәліметтерді ұшырастыруға болады. Кеңестік замандағы сан аулан мекемелердің қызметтері де мұрағат материалдарынан

көрініс табады. Онда кинофотоқұжаттарға негізделген құжаттар да жеткілікті.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (Орал қаласы)

Алғаш 1923 жылы губерниялық мұрағат ретінде құрылған; 1928 жылдан округтік мұрағат; 1931 жылдан ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Орал бөлімшесі құрамына енген. 1932 жылдан Орал облыстық Мемлекеттік мұрағаты, 1992 жылдан ҚР Батыс Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталады. Бірнеше филиалдары бар.

Мұрағат қорында кеңес үкіметін құрудың алғашқы жылдарындағы мағлұматтар бар, 1919 жылы Орал қаласының қорғанысы жайында, ұжымдастыру жайлы, алғашқы Кеңестердің қызметі туралы да мәліметтер ұшырасады. Ауыл шаруашылық, статистикалық бірлестіктер қорларынан ауыл шаруашылығының дамуы, тұрғындардың саны, тың және тыңайған жерлерді игеру ісі, мәдени-ағарту шаралары, денсаулық сақтау ісі туралы мәліметтер алуға болады. Мұрағатта жеке тұлғалардың қорлары, кинофотоқұжаттар мен жобалық құжаттар да сақталған.

Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағаты (Қостанай қаласы)

1924 жылы губерниялық мұрағат ретінде құрылған, 1926 жылдан округтік мұрағат. 1931 жылдан Қазақ АССР Қазан революциясы Орталық мемлекеттік мұрағатының Петропавл бөлімшесі құрамына енген, 1932 жылдан Қостанай қалалық мұрағаты болып құрылған. 1936 жылдан Қостанай облыстық Мемлекеттік мұрағаты. Ал, 1992 жылдан бастап ҚР Қостанай облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталынады.

Қорлар өткен ғасыр бас кезінде Кеңес үкіметінің орнауы тарихын баяндайды. Кеңшар, ұжымшар, МТС, РТС қорларынан ұжымдастыру, ауыл шаруашылық коммуна мен артельдерді ұйымдастыру, жерге орналастыру, егістіктерді сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ірі астық, мал шаруашылық кеңшарларын, жылқы зауыттарын құру, кеңестік дәуірде өлкені өркендету жайттары көрініс табады.

Жеке тұлғалар қорлары да сақталуда.

Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты (Павлодар қаласы)

1928 жылы округтік мұрағат ретінде құрылған. 1931 жылдан ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Семей бөлімшесі құрамына енген, 1932 жылы аудандық Мемлекеттік мұрағат болып құрылған. 1938 жылдан Павлодар облыстық Мемлекеттік мұрағаты, ал 1992 жылдан бастап ҚР Павлодар облыстық Мемлекеттік мұрағаты деп аталынады.

Облыстық мұрағат қорларында Кеңес үкіметі орнаған кезден бастап сан алуан мағлұматтар кездеседі. Олардан ақ казак бөлімдерімен болған күресті, кеңестік мектептер мен ауруханалардың ашылуын, «Қызыл керуен», «Қосшы» Одағының қызметін, өндіріс салаларының қалыптасуы мен дамуын, түрлі зауыттар мен фабрикалардың іске қосылуын көруге болады. Мұрағат қорлары баспана, мәдени-тұрмыстық құрылыста, ұжымдастыру, 1932-33 жылдардағы ашаршылық, тұз өндіру ісі, егін және мал шаруашылықтарын ұйымдастыруға қатысты құнды мәліметтерді сақтауда.

Мұрағатта, сонымен қатар академик Қ.И.Сәтбаевтың кейбір құжаттары бар. Мұрағат қорларының маңызды бөлігін ғылыми-техникалық құжаттама, фотоүнкүжаттар да құрайды. Құжаттар колекциясы да бар.

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (*Атырау қаласы*)

1928 жылы округтік мұрағат ретінде құрылып, 1937 жылдан бастап ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағатының Орал бөлімшесінің құрамына енген, 1933 жылдан бастап округтік мұрағат, ал 1938 жылдан Гурьев облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 1992 жылдан бері ҚР Атырау облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталып келеді.

Мұрағатта кеңестік дәуірге қатысты құжаттар сақталуда. Кеңес үкіметінің құрылған кезеңіндегі алғашқы жылдар «Кедей», «Қосшы» Одақтарының комитеттері, революциялық трибуналдар, революциялық комитеттер қорларынан көрініс табады. Уездік халық шаруашылық кеңестерінің, округтік, облыстық және аудандық жоспарлы комиссияларының құжаттары да сақталған. Мұнай өнеркәсібінің даму тарихы «Ембімұнай», «Доссор», «Мақат», т.б. қорларға шоғырланған. Балық шаруашылығы мен ұжымдастыру тарихына қатысты мағлұматтар да кездеседі. Халыққа білім беру, денсаулық сақтау ісі, әлеуметтік қамсыздандыру қорларында осы мекемелердің қызметтері баяндалады.

Онда құжаттар колекциясы, жеке тұлғалардың құжаттары, фотоқұжаттар да бар.

Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (*Шымкент қаласы*)

1926 жылы Сырдария губерниялық мұрағаты ретінде құрылған; 1928 жылдан бастап Сырдария округтік мұрағаты; 1931 жылы Шымкент қалалық мұрағаты болып жабдықталған; 1932 жылдан Оңтүстік Қазақстан өлкелік Мемлекеттік мұрағаты; 1964 жылдан бастап Шымкент облыстық Мемлекеттік мұрағаты; 1992 жылдан бастап ҚР Шымкент облыстық мұрағаты; кейіннен қазіргі атауымен аталады.

Мұрағатта негізінен кеңестік кезеңдегі материалдар сақталған. Онда губерниялық, округтік және облыстық атқару комитеттерінің, революциялық комитеттердің, әскери комиссариаттардың, азық-түлік және жер-су

комитеттерінің қызметтері қамтылған. Бұл қорлардан кеңес үкіметін орнатудың алғашқы жылдарындағы шаралар, бастапқы кәсіпорын нысандарын салу, ұлттық кадрларды дайындау, облыс аумағындағы алғашқы зауыттар, мысалы: Шымкент қорғасын зауыты, тас көмір орындары, сондай-ақ химиялық құрылыс материалдарын өндіру секілді іс-шаралар көрініс табады. Облыс аумағындағы су, мақта шаруашылықтарының жай-күйін де мұрағат қорларынан көруге болады. Қорлардан ұжымдастырудың қалай жүргізілгендігін, ел ашаршылық кезінде қандай күйзеліске ұшырағандығын да байқауға болады. Жеке тұлғалардың, коллекциялардың, сурет және үнқұжаттардың қорлары да бар.

Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты (*Қызылорда қаласы*)

1928 жылы округтік мұрағат ретінде қалыптасқан, 1931 жылы оның құжаттары ҚазАССР Қазан революциясы Орталық мұрағаты құрамына өтеді де, Қызылорда қалалық мұрағаты құрылады. 1938 жылы қалалық мұрағат және ҚазАССР ҚРОММ өткізген аумақтық құжаттар негізінде Қызылорда Мемлекеттік мұрағаты ұйымдастырылды. 1997 жылдан бастап ол ҚР Қызылорда облыстық мұрағаты болып аталып келеді.

Мұрағатта кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы: ақ казак бөлімдерімен күрес, жергілікті кеңестерді нығайту, сауатсыздықты жою, ауылдық мектептерді ұйымдастыру, алғашқы ұжымшарлар мен кеңшарларды құру туралы құжаттар сақталып келеді. Жерге халықты орналастыру, күріштің таралуы, майданға көмек және тылдағы жергілікті халық жұмыстары жайында да мұрағат материалдары негізінде сөз өрбітуге болады. Құжаттардан соғыстан кейінгі және қазіргі кездегі мектептер торабының, денсаулық сақтау ісі мен әлуметтік – мәдени нысандар құрылысын білуге болады. Мұрағатта үнфотоқұжаттар да шоғырланған. Жеке тұлғалардың да қорлары бар.

Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты (*Қарағанды қаласы*)

1940 жылы Қарағанды аудандық мұрағаты мен оның аумағына тиесілі құжаттарды өткізген Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты негізінде құрылған. 1992 жылдан бастап қазіргі атауымен аталуда.

Мұрағатта негізінен кеңестік дәуірді сипаттайтын құжаттар шоғырланған. Мұрағат қорларында тас көмір кендерінің ашылуы, пайдалы қазбаларды игеруге қатысты ізденістер, ұжымдастыру, тың жерлерді игеру, кеңшарлар құру, шахталарды керекті жабдықтармен қамтамасыз ету, тау-кеншілердің, соның ішінде ұлттық кадрларды даярлау ісі жайлы мәліметтер сақталуда. Түрлі зауыттардың даму тарихын осындай мекемелер қорынан көруге болады. Әр алуан салада жұмыс жасаған мекемелер (су шаруашылығы,

денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, ауыл шаруашылығы, т.б.) жөнінде де мәліметтер алуға болады.

Мұрағатта жеке тұлғалар қорлары, фотоүнкүжаттар, құжаттар коллекциясы да бар.

Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты (Тараз қаласы)

1940 жылы аудандық Мемлекеттік мұрағаты мен оған тиесілі аумақтағы құжаттарды тапсырған Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстары Мемлекеттік мұрағаттары негізінде құрылған. 1992 жылдан бастап ҚР Жамбыл облыстық Мемлекеттік мұрағаты деп аталынады.

Мұрағат қорлары өткен ғасырдағы кеңес үкіметін орнатудың алғашқы жылдарына, айрықша мақсаттағы отряд бөлімдерін құруға, кеңестік алғашқы сайлаулар мен ауылдарды кеңестендіруге, шойын жол құрлысына (Түрксіб), білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, т.б. мекемелерге қатысты ақпараттарды қамтиды. Әулие – Ата уезі қорында өлкенің дамуына қатысты материалдар бар. Облыстық жергілікті кәсіпорындарды басқару, жоспарлы және сауда мекемелері қорлары жеңіл және азық-түлік өндірістерін ұлттандыру және олардың дамуын, диірмен, қант және темекі кәсіпорындарының дамуын айғақтайды. Облыстағы химия кәсіпорындары, Қаратау – Жамбыл аумақтық өндірістік кешендерін ұйымдастыру мен олардың қызметін, дамуы олармен аттас қорларда сақталуда. Уездік және болыстық жер бөлімдері, жер-су комитеттері, облыстық және аудандық ауыл шаруашылық басқармасы, ұжымшар мен кеңшарлар, МТС құжаттарында жергілікті тұрғындарға жерді қайтару, ұжымдастыру және 1932 – 33 жылдарда болған ашаршылықпен күрес мәселелері келтіріледі. Сондай-ақ олардан ирригациялық торапты кеңейту, ұжымшарларды сумен қамтамасыз ету, Талас, Ассы, т.б. өзендерді пайдалану жолдарының қалайша жоспарланғандығын да көруге болады. Кеңестік дәуірдегі сауда және өндірістік кәсіпорындар қорларында да құжаттар жеткілікті. Халыққа білім беру мен денсаулық сақтау, мәдениет мәселелері, т.б. өз қорларында сақталған.

Мұрағатта құжаттар коллекциясы, фотоүнкүжаттар бар.

Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты (Ақтау қаласы)

Гурьев облыстық Таштық филиалының негізінде құрылған. 1992 жылдан бастап ҚР Маңғыстау облыстық Мемлекеттік мұрағаты болып аталуда.

Мұрағат қорларында облыстағы шаруашылық пен мәдени құрылыс құжаттары бар. Химиялық, мұнай өндіру өнеркәсібі, құрылыс материалдарын шығару тарихын баяндайтын қорларда сақталуда.

Ауыл шаруашылық басқармасының, кеңшарлар мен ұжымшарлардың құжаттарынан Маңғыстаудағы ұжымдастыру мен кеңшарларды ұйымдастыру ісі көрініс табады. Қорларда халыққа білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінің қалыптасуы да баяндалады.

Мұрағатта жеке тұлғалардың қорлары, құжаттар коллекциясы, фотоүнкүжаттар бар.

Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағат филиалы (*Жезқазған қаласы*)

1973 жылы Жезқазған облысының облыстық мұрағаты ретінде қалыптасқан. 1992 жылдан ҚР Қарағанды облыстық мұрағатының филиалы.

Мұрағат қорлары өнеркәсіптің даму тарихын айғақтайды. Оған Тау-кен металлургиялық комбинатының, Қарсақбай мыс қорыту зауытының, Атасу кен басқармасының, Жезді кен басқармасының, Байқоңыр көмір алабының, т.б. кәсіпорындардың материалдары тапсырылған. Құжаттардан кеңестік кезеңдегі мал, егін шаруашылықтарының даму тарихы көрініс табады. Мұрағатта өлкенің өнеркәсіптік тұрғыдан игерілуіне, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру нысандарының құрылысына қатысты құжаттар сақталуда. Ғылыми-техникалық құжаттар да бар. жеке тұлғалардың қоры, кинофотоқұжаттар да облыстағы өндіріс тарихынан хабардар етеді.

Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағат филиалы (*Арқалық қаласы*)

1971 жылы ҚазКСР Торғай облыстық мұрағаты ретінде қалыптасқан. 1997 жылдан бастап ҚР Қостанай облыстық мұрағатының филиалы.

Құжаттар ауылдарды кеңестендіру, кеңестік мекемелерді құру, ұжымдастыру, алғашқы кеңес мектептері, ауруханалар туралы ақпараттар береді. «Вторчермет» секілді облыстық бірлестіктің, Торғай боксит кені басқармасының қорлары облыстағы өнеркәсіптің дамуынан хабардар етеді, оның табиғи пайдалы қазбаларын сипаттайды. Астық өндіретін және мал өсіретін кеңшарлар мұрағаттағы қорлардың негізгі тобын құрайды. Тыңды игеру кезіндегі элеуметтік – мәдени, тұрмыстық нысандардың құрылысына қатысты сауалдарды денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет басқармалары қорларынан көрініс табады. Фотоүнкүжаттар да бар.

Бақылау сұрақтары

1. 1995 жылғы «Мемлекеттік - әкімшілік бөліктерді оңтайландыру» Қаулысынан кейін республикадағы мұрағат басқармаларында қандай өзгерістер болды?

2. Мемлекеттік облыстық мұрағаттар қорларының құрамын мен мазмұнын ашып көрсетіңіз.

III-ТАРАУ

МҰРАҒАТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ

3.1. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету

Мұрағат қызметінің негізгі бағыттарының бірі – құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету төмендегілерден тұрады:

- құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау;
- құжаттарды қоймаларға (мұрағатжайларға) орналастыру;
- қоймалардан істерді пайдалануға беруді ұйымдастыру;
- істің түгендігін және жай-күйін тексеру;
- құнды құжаттардың сақтандыру қорын құру;
- құжаттардың физикалық, химиялық сақтығын қамтамасыз ету.

Құжаттарды сақтауды қамтамасыз етудің оңтайлы жағдайын туғызу үшін арнайы жабдықталған ғимараттармен, мекемелік мұрағат құжаттарын орналастыру үшін бөлінген қоймаларды, ескі ғимараттарды қалпына келтіру керек. Мемлекеттік мұрағаттарға арнайы ғимарат соғылады, онда құжаттарды сақтауды қамтамасыз етудің оңтайлы жағдайы ескеріледі.

Бұл мұрағаттардың бөлмелері төмендегі ретпен бөлінеді: келіп түскен құжаттарды қабылдайтын және өңдейтін бөлме; мұрағат қоймасы; қызметкерлердің жұмыс орны; оқу залы, лаборатория (қалпына келтіру, микрофильмдеу, құжаттардың фотокошірмесін жасауға арналған); ғылыми-анықтамалық аппараттар мен есептік құжаттарды орналастыруға арналған бөлме; ғылыми-анықтамалық қор және қосалқы (келушілерді қабылдауға, күзет қызметі, т.б.) бөлмелер.

Мұрағат қоймаларының бөлмелері құжаттардың сақтау мен тасымалдау құралдарымен жабдықталынады. Мұрағаттарда құжаттарды сақтау құралдарына папкалар, жәшіктер, шкафтар, қорларды орналастыратын стеллаждар, вертикальды картотекаларды сақтауға арналған стеллаждар, каталогтарға арналған шкафтар және т.б. жатады. Құжаттарды тасымалдау құралдарының құрамына арба, лифт, грейферлі және ленталы тасымалдаушылар кіреді.

Барлық ақпарат тасымалдаушылар тозады, сол себепті мұрағатшылар басты міндеті - әртүрлі материалдардағы құжаттардың ұзақ сақталуын мейлінше қамтамасыз ету болып табылады.

Құжатты сақтау ортасын оңтайлы қамтамасыз ету факторларының бірі - жарық режимін сақтау. Табиғи жарық ақпарат тасушылардың барлық түріне әсер етеді, әсіресе қағаздық құжаттардың тез ескіруіне алып келеді. Сондықтан, жарықтан қорғау жолдары технологиялық тұрғыдан негізделген шектеулерді сақтаумен іске асады.

Құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етуде температуралық-ылғалдық пропорцияларына аса мән беріледі. Ақпарат тасымалдаушылардың түрлеріне байланысты олардың ылғалдықты қажет ететін нормалары да әр түрлі болады. Ақпарат көздері (ақпарат тасымалдаушылар) үшін ылғалдылықтың жетіспеушілігі де, көп болуы да зиян. Ылғалдың көп болуы заттың сығымдылығына әсер етіп қана қоймай, әртүрлі биологиялық зиянкестердің пайда болуына, ал құрғақ ауа уақыт өткен сайын материалдың сынғыш болуына алып келеді. Оңтайлы температуралық ылғалдық режимі +17/19°C, ал ауаның ылғалдығы

салыстырмалы түрде - 46/56 ‰ болуы керек. Температура мен ылғалдық арнайы техникалық құралдармен есептелініп отырылады. Оңтайлы жағдайдың орнығуы үшін арнайы бақылау орнатылады. Оның нәтижелері күнде тексеріліп, арнайы журналдарға тіркеледі. Мұрағат қоймаларында шандардан арылту жұмыстары жүргізіледі. Ғылыми-техникалық өңдеу, істерді пайдалануға беру кезінде әрбір бірліктің жай-күйі мұқият тексеріледі, оның бүлінген, қайта қалпына келтіру мен санитарлық-гигиеналық өңдеулерді қажет ететін жерлерінің бар-жоқ екендігі анықталынады.

Құжаттардың сақталуын қамтамасыз етудің жағдайын жасауда қорларды дұрыс орналастырудың маңызы зор. Осы мақсатқа жету үшін қорларды орналастырудың жоспарлы сұлбасы жасалады. Сақтаудың барлық құралдары рет-ретімен нумерацияланып орналастырылады. Қойма, стеллаж, сөре, жәшіктер нөмірленеді. Қорларды орналастыруда нөмірлеу олардың тұрақты сақтау орнын анықтайды, нәтижелері топографиялық көрсеткіштерден көрініс табады. Өз кезегінде топографиялық көрсеткіштер тізімдеуші құжатқа да, мұрағаттың ғылыми-анықтамалық аппаратына да кіреді.

Істерді пайдалануға беру - типтік ережелерге сай белгіленген мерзімнің сақталуын талап етеді. Істер оқу залдарына пайдалану, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін апарылады, қажет болған жағдайда құжаттардың сақтандыру көшірмесін алу, анықтамалар беру үшін де беріледі. Сақтаушы қоймалардан құжаттарды беру және олардың уақытында қайтарылуын бақылауға алуы тиіс.

Жоспарлы түрде істердің түгелдігі мен жай-күйін тексеру сақтауды қамтамасыз етудегі негізгі шаралардың бірі. Бұл жұмысты жүргізудің негізгі мақсаты - істердің түгелдігін және физикалық жағдайын тексеру. Мұндай жұмыстар тіркеу құжаттары бойынша жүргізеді. Құжаттардың түгелдігі тіркеу құжаттары арқылы, ал жай-күйі физикалық жағдайын тексеруден тұрады.

Сақтау бірліктері өз орындарынан табылмаса, онда оларды ескі тізімдерден, куәлік парақтарынан, сондағы қор істерінен іздестіріледі. Істердің түгелдігін және физикалық жағдайын тексеру нәтижесі актімен рәсімделеді.

Сақтау қоры – белгісіз бір жағдайларда құжаттардың түпнұсқасының жоғалмауының алдын алу үшін жасалады. Сақтау қорлары негізінен физикалық күйі нашар аса құнда құжаттарға жасалынады. Сақтау қоры әдетте түпнұсқаның микрофотокөшірмелері болып табылады.

Құжаттардың ұзақ мерзімде сақталуын қамтамасыз ету үшін арнайы зерттеулер мен өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Құжаттардың бүлінуіне әсер ететін бірнеше факторлар бар. Олар құжаттарды әр жаққа тасуда және құжаттармен жұмыс істеу барысында пайда болуы мүмкін жәндіктер, кемірушілер, бактериялар. Жәндіктер мен кеміргіштерді кездестірілген кезде оларды құрту үшін дезинфекция жұмыстары жүргізіледі.

Физикалық жағдайы нашар құжаттарды байқаған кезде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің мақсаты - құжаттың физикалық біртұтастығын сақтау, тасымалдаушы заттың беріктігін орнына келтіру, тасымалдаушының ескіруін тоқтату болып табылады; істерде парақтардың жоғалған беттері болса, олар қалпына келтіріледі. Жаңғырту жұмыстары әрбір іске жекелей келуді қажет етеді, себебі қалпына келтіру материалдары (желім) мәтіннің сақталуына кері әсерін тигізуі де мүмкін.

Айтылған жұмыс түрлерінің бәрін мұрағатшылар арнайы қондырғылармен, құралдармен жабдықталған мұрағат лабораторияларында құжаттардың физикалық-химиялық жағдайларын сақтай отырып жүргізеді.

Ұйымдардың қызметі нәтижесінде шоғырланған құжаттардың маңызы мен құндылығы әрқилы. Кей құжаттар ағымдық сипатта болса, енді біреулері ғылыми-техникалық жетістіктерді көрсететін, мемлекеттік құрылыс пен елдің қоғамдық өмірінен ақпарат беретін тарих пен мәдениет ескерткіштері секілді құндылығы жоғары құжаттар, олар ұзақ, мерзімсіз, дәлірек айтсақ тұрақты түрде сақталады.

Құжаттарды оперативті (күнделікті) түрде сақтауда техникалық құралдардың орны ерекше. Мұндай құжаттардың негізгі бөлігі қағаздардан тұрады. Олар негізінен басқару орындары қызметкерлері қасында немесе оған жақын маңда сақталады. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз етуде лоткалар, кассеталар мен үстел үсті картотекалар сынды бірнеше техникалық құралдар пайдаланылады. Лоткалар мен кассеталар жұмыс үстелінде құжаттарды кешенді түрде немесе жекелей сақтауға мүмкіндік береді. 2-4 ортақ тіреуіштерге негізделген лоткалар жиі қолданылады. Оларды жұмыс үлтеліне бекітсе, Ах4 форматындағы 600-1200 парақ сияды. Құжаттарды сақтауда шаңнан қорғайтын және соққыға қарсы тұра алатын пластмасс материалдардан жасалған қорапшалар да қолданылады.

Құжаттарды кейде тігінен сақтау үшін тумбаны, жазу үстелін, жәшіктерді қайта жаңартуға да болады. Күнделікті құжатты сақтауда механикаландырылған картотекаларды пайдалану өте тиімді. Олар қойма картотекаларынан (құжаттардан) механикалық (автоматты) түрде жұмыс аймағына немесе оператордың жасаған сұранысына сәйкес үстелге жеткізеді.

Құжаттарды бүгінгі күнгі тасығыштарға сақтау әдістік көрсеткіш бойынша жүргізіледі. Бұл жерде сөз, перфокарталар, перфотаспа (перфолента), магнитік материалдар (таспалар, дискілер) секілді технотрондық құжаттар жайында болып отыр.

Машинада оқылатын құжаттарды есептеу, сақтау және пайдалануды арнайы сақтау қызметі күнделікті түрде жүргізіп отырады. Әрбір тасымалдаушыға есептік карточка жасалынады, оған код, тіркеу номері, қысқаша мазмұны, құрылған мерзімі, сақталатын уақыты, тіркеу коды, тасымалдаушы түрі, сақтау орны және т.б. жазылады. Машинада оқылатын құжаттар ілеспелі хатпен бірге беру-алу актілері арқылы тапсырылады.

Сақталуы тиіс құжаттар қатарына енгізу және олардың уақытша сақталу мерзімі Нұсқауда көрсетілген. Онда: «...Документы Национального Государственного архивного фонда передаются на государственное хранение в государственные архивы в упорядоченном состоянии с соответствующим научно-справочным аппаратом, в том числе на особо ценные документы. Подготовка и передача их производится за счет сил средств государственных юридических сил» деп көрсетілген.

Бақылау сұрақтары

1. «Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету» ұғымы түсінігі деген не?
2. Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қандай құралдар пайдаланылады?
3. Құжаттың сақталуын қамтамасыз ететін қандай есеп құжаттарының түрлері?
4. Мұрағат қоймасының бөлмелері қандай талаптарға сай болуы қажет?
5. Сізге құжаттар бүлінуін сақтаудың қандай түрлері белгілі?
6. Құжаттардың сақталуындағы санитарлық-гигиеналық режим деген не?
7. Құжат сақталуында температуралық-ылғалдылық режимі деген не мағына береді?
8. Құжатты сақтауда өртке қарсы қандай шаралар сақталынады?

3.2 Құжаттарды есептеу

Мемлекеттік мұрағат мекемелерінде есептік бірлік саны мен есептеу құжаттарында олардың белгіленуін анықтау мақсатында құжаттар мемлекеттік есептеуден өткізіледі. Есептеу құжаттардың дұрыс сақталуы мен оларды іздеп табу үшін жүргізіледі. Есептеу қор, мұрағат коллекциясы, сақтандыру қоры құжаттарының көшірмесіне, істің тізімдемесіне жүргізіледі. Есептеу жүргізу барысында анықталған мұрағат құжаттарындағы өзгерістер есептеу құжатына енгізіледі. Құжаттарды есептеу жоспарлы түрде немесе қажет жағдайда тез арада атқарылады.

Бірізді мемлекеттік есептеуді іске асыру «Ұлттық мемлекеттік мұрағат қорларын орталықтандырылған мемлекеттік есептеу туралы» 2000 жылғы 11 тамыздағы Нұсқау негізінде жүргізіледі. Нұсқау кейбір дүниелерге келесі мазмұндағы түсініктер береді:

- 1) *государственный учет архивных документов* – установление количества и состава архивных документов в единицах учета и фиксация (регистрация) принадлежности каждой единицы учета к определенному комплексу и к общему объему их количества в учетных документах;
- 2) *централизованный государственный учет документов Национального архивного фонда* – система учета документов Национального архивного фонда в масштабе государства, основанная на сосредоточении в уполномоченном государственном органе по управлению архивом и документацией Республики

Казахстан (далее Республиканский уполномоченный орган) и в местных уполномоченных органах сведений о количестве и составе архивных фондов в единицах учета;

- 3) *учетный документ* – документ установленной формы, фиксирующий поступление, выбытие, количество, состав и состояние архивных документов в единицах учета;
- 4) *единица учета архивных документов* – единица измерения количества документов в архиве;
- 5) *единица хранения архивных документов* – учетная и классификационная единица, представляющая собой обособленный документ или совокупность документов и имеющая самостоятельное значение;
- 6) *депозитарное хранение архивных документов* – хранение в государственном архиве, музее, библиотеке документов Национального архивного фонда на условиях, определяемых договором между собственником документов и соответствующим архивом, музеем, библиотекой, с сохранением за собственником права собственности на архивные документы.

Осылайша, нұсқауда айтылған түсініктік аппаратқа тоқталу мұрағат мекемелеріндегі құжаттарды нақты әрі анық түсінуге жол ашады.

Құжаттарды есептеудің негізгі принциптері орталықтандыру, толықтылық, нақтылық, реттілік және бірізділік болып табылады. Сол сияқты Нұсқауда ҚР Президенті Мұрағатында, ҚРОМ-да, Астана және Алматы қалаларындағы орталық мұрағаттарда, облыс, қала, аудан және олардың филиалдарындағы мемлекеттік мұрағаттарда мемлекеттік есептеуді жүргізудің тәртібі арнайы көрсетілген.

Құжаттарды есептеуді арнайы құрылымдық бөлімшелер немесе мұрағат мекемесінде осы жұмысты атқаратын қызметкерлер жүргізеді. Есептеуді жүргізу арнайы құжаттамаларға тіркеледі, оған есептеуді жүргізудің негізгі ережелері, есептеуді жүргізу кезеңдері және оның нәтижелерін енеді. Бұл шаралар мұрағат мекемелерінің басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Мұрағат қорларындағы құжаттардағы өзгерістер туралы құжаттамалардың арнайы жүйесі жасалады. Оған мынадай есептеу құжаттары жатады: келіп түскен құжаттардың есептеу кітабы, сақтандыру қорының және пайдалану қорының есептеу кітабы, қор тізбесі және мұрағат коллекциясы, мұрағат паспорты, қор парағы, мұрағат тізімдемесі, аса құнды құжаттардың тізімдемесі және өзге де құжаттар.

Есептеуді тура және дәл жүргізу мақсатында істің қоры жасалады, ол төмендегідей бөлшектерден тұрады: қор мен қор құраушының тарихы, тарихи анықтамалықтар, қор сипаттамасының көшірмесі, қордың пайдаланылғаны туралы мәліметтер, қорды өңдеу туралы жұмыс нұсқаулары және қорды өңдеудің өзге де методикалық құралдары, сақтауға жарамайтын (келмейтін немесе мерзімі аяқталған) құжаттарды жоюға дайындалған актілер, орны толмас бүлінген құжаттардың актілері, түгендігін тексеру материалдары және т.б. Егер қор көлемінде құжаттарға өзгерістер енгізілсе,

олар қор ісіне енгізіледі. Қор іс қоры сияқты реттік нөмірден тұрады. Қор ісі ішкі тізімдемеден тұрады, олар нөмірленеді, тігіледі және қолмен рәсімделеді. Есептеу құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету арнайы қызметкерге тапсырылады, оған шкафтары мен сейфтері бар арнайы бөлмелер бөлінеді.

Келіп түскен құжаттар арнайы кітаптарға жазылады, онда қордың аты, қордың нөмірі, сақтау бірлігінің саны рет-ретімен жазылып отырады. Ал, жыл соңына қарай келіп түскен қорлар қорытындыланып, олардың саны айқындалады.

Қор атауы есептеуге керекті барлық мәліметтерден тұруы тиіс, онда мекеменің толық атауы, сондай-ақ көпшілікке танымал қысқартылған атауы, мекен-жайы, қорқұраушы-кәсіпорынның ең соңғы мерзімі, оның жоғарғы органға тәуелділігі, кәсіпорынның (мекеменің) аты өзгерген жағдайда жаңа атауы (соңғы аты), т. б. көрсетіледі.

Жеке қордың атауында: тегі, аты, әкесінің аты, бүркеніш аты (егер бар болса), кәсіби қызметінің түрі, кісінің қызмет жағдайы, қорқұраушының отбасы мүшелері толық көрсетіледі.

Қор парағында түсілімнің алғашқы күні, қор атауы, әрбір қордың соңғы даталары, қордың орны көрсетіледі. Қор парағында қорда сипатталған және сипатталмаған құжаттар жазылады. Сонымен бірге келесі құжаттардың бар болғандығы да ескеріледі: өткізу-қабылдау актілері, құжаттардың табылуы, сипатталуы, қайта өңделуі, тізімдеменің жетілген түрі, есептеу барысындағы техникалық қателіктер туралы мәліметтер беріледі. Қор парағынан басқа қор карточкасы және қордың көрсеткіші жасалады. Карточкалар есептелген қолдағы құжаттар негізінде жасалып отырылады.

Бұдан әрі әрбір қорды тіркеу қабылданған мерзім көлемінде жылына бір рет жүргізіледі. Шығарылып тасталған құжаттар тіркеу негізінде анықталады. Ол үшін келесі құжаттардың бар болуы қажет: құжатты жоюға дайындалған акті, құжаттың қалпына келместей дәрежеде бүлінуіне байланысты акті, өзге мұрағатқа өткізу-қабалдау актісі, құжаттың сипаттамасы және қайта жасалуы, істің табылмауы туралы акт және т.б.

Құжаттарды тіркеу барысында аса құнды құжаттардың орны ерекше. Олар қор тізіміне және аса құнды істердің реестріне түзіледі. Анықталуына қарай аса құнды құжаттар тіркеу құжаттарына (тізбе, қор карточкалары) кіргізіледі.

Құжаттарды есептеу ісінде аса құнды құжаттарды есептеу маңызды орын алады, ол қор тізімі тізімдеме реестрі бойынша жүргізіледі. Анықталуына (табылуына) қарай аса құнды құжат қорлары есептік құжаттар тізіміне (қор тізімдемесі, қор карточкасы) енгізіледі. Аса құнды құжаттардың бірнеше тізімдемесі жасалды. Мұрағаттарда сонымен бірге қордың сақтандыру көшірмелеріне де есептеу жүргізіледі. Бұл есептеу кітаптар бойынша сақтандыру қорларының құжаттар микрофильмдері жасалғаннан соң да түсіріледі. Сақтандыру көшірмесіндегі барлық ақпаратты бекіту үшін тізімдемелер жасалынады.

Бақылау сұрақтары

1. «Құжаттарды есепке алу» ұғымы деген не?
2. Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттар мен құжаттық материалдарды есептеудің негізгі принциптерін атаңыз.
3. Мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарда құжаттарды есептеу қалай жүргізіледі?
4. Мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттарда құжаттарды есепке алуды жүргізудің айырмашылығы неде?
5. Мемлекеттік мұрағаттардағы істер мен олардың жай-күйі қалай тексеріледі?

3.3 Ұлттық мұрағат қорын жасақтау және оны толықтыру көздері

Республиканың Ұлттық мұрағат қорын жасақтау – тарихи, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық, мәдени маңызы, ұлттың құндылығы бар деп танылған мұрағат құжаттарын жүйелі түрде жинақтау болып табылады. Мұрағаттарды толықтыру – құжаттарды ғылыми принципке негіздеп жіктеуден, сараптау қағидалары мен өлшемдерінен, толықтыру көздерін анықтаудан, құжат құрамын анықтаудан және мемлекеттік сақтауға алынатын құжаттарды мұрағатқа қабылдап орналастыру негіздерінен тұрады.

22-желтоқсан 1999 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңында толықтыру көздері анық көрсетілген.

Осы заңға сәйкес мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар көлемінде жинақталған құжаттар толықтыру көздері болып табылды. Қабылданған Заң бойынша Ұлттық мұрағат қоры Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің ведомстволық мұрағаттарымен, Парламент, жергілікті органдар, үкімет министрліктер, мемлекеттік комитеттер, соттар, прокуратура органдары және жеке мұрағаттар құжаттарымен толықтырылады. Сол сияқты Ұлттық мұрағат қоры Қазақстан көлеміндегі, сонымен қатар шетелдерде тұратын заңды және жеке тұлғалардың құжаттарымен, сатып алу, сыйға беру, мұраға қалдыру жолдары бойынша да толықтырылады.

Мемлекеттік сараптау негізінде Ұлттық мұрағат қорына өткізудегі құжаттардың құндылығы анықталады. Уәкілетті органдар мемлекеттік сараптау комиссиясын құрады да, ол туралы Қағиданы бекітіп, Ұлттық мұрағат қорын толықтыратын деректік көздер тізімдерін жасайды.

Мемлекеттік және өзге де кәсіпорындар мен ұйымдар құжаттарының өлшемдері – мұның басқару жүйесіндегі салалық маңызын, олардың қызметінің құжаттардан толымды көрініс табуын, қызметіне сай болуын көрсетуі тиіс. 1999 ж. 14-шілдегі әдістемелік ұсынымдарда (рекомендация) оған тиісті келесі өлшемдер көрсетіледі:

1) салалық жүйедегі мекеменің маңыздылығы өлшемі (кәсіпорынның құқықтық статусы, оған жүктелген миссия, функциональдық-бағыттық мәні);

2) басқа ұйымның қорында ұйымның қызметі туралы толық ақпараттың көрсетілуі өлшемі.

Мұрағаттарды толықтыру белгілі категорияларға сәйкес мекемелер тізімі бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттары толығын дерек көздері мен әлуетті деректемелерінің тізімін жасауға арналған мекеме, ұйымдар мен кәсіпорындарға берілген ұсынымдарда, 1999 ж. 12-шілдеде қабылданған ұсынымдарда ұйымның, кәсіпорынның тізімін жасау, өзгерістер енгізу және рәсімдеу реті көрсетілген.

Мемлекеттік сақтауға жататын құжаттар тізбесі ұсынымдарға сәйкес уақытша, ұзақ уақытқа және тұрақы сақтауға жататынын анықтау, құжаттарды толықтыру ұсынымы бойынша жүргізіледі.

Бақылау сұрақтары

1. «Мұрағатты толықтыру» ұғымы нені білдіреді?
2. Мемлекеттік мұрағат құжаттарын толықтыру жұмыстары қалай жүргізіледі, оларды бағалау өлшемдері қандай?
3. Толықтыру көздері туралы баяндап беріңіз.

3.4 Құжаттар құндылығын сараптау

Құжаттар құндылығын сараптау - мемлекеттік мұрағат қорларына тұрақты сақтауға қабылданатын саяси, ғылыми, мәдени маңызы бар құжаттарды анықтау мен зерттеу мақсатында және олардың сақтау мерзімін белгілеу үшін жүргізіледі. Істердің құндылығын сараптау – құжаттармен жұмыс істеудің негізгі түрі, оның жауапкершілігі жоғары, өйткені бұл процесте құжаттың тағдыры айқындалынады. Құжаттарды сақтауға және жоюға берерде жоғалған материалдардың қайта орны толмайтындығын ескеру керек. Сонымен қатар сақтауға қалдырған кезде құжаттардың құндылы төмендерін де қалдыруға болмайды, сондықтан ол үшін арнайы принциптер мен өлшемдер басшылыққа алынады.

Құжаттар құндылығын сараптаудағы негізгі міндет оларды категорияларға бөлу, құжаттың сақтау мерзімін анықтау болып табылады. Осы мақсатта құжаттар жан-жақты, әрі бірнеше өлшемдердің көлемінде зерттелінеді. Ең бірінші қордың маңызына және қорға, қор жасаушыға ерекше мән беріледі. Құжат құндылығын анықтаудағы келесі қадам істердегі құжаттардың құрамы мен мазмұнын анықтау болып табылады. Алғашқы талдауда ең бірінші ақпараттың толықтығына назар аударылады. Жетіспеген ақпаратты толықтыруға тырысады. Құжаттар құндылығын сараптауда келесі өлшемдер негізге алынады:

- 1) кәсіпорынның (тұлғаның) қызметі нәтижесінде пайда болған құжаттар мазмұнының дәрежесін анықтау;
- 2) құжаттың пайда болған уақыты мен орнын анықтау;
- 3) қор жасаушы құжаттардың заңдық күші;

- 4) құжаттардың түпнұсқалығы, көшірмелігі, қайталамалығы және құрамға енуі;
- 5) құжаттың сыртқы палеографиялық және өзге де ерекшеліктері;
- 6) мұрағат құжаттарының толықтық дәрежесі;
- 7) құжаттың физикалық жай-күйі және т. б.

Құжаттар құндылығын сараптау, алдымен мекеменің іс жүргізуінде істің номенклатурасына сәйкес сақтау мерзімі бойынша анықталады. Іс жүргізу аяқталған соң жыл аяғына қарай істі сақтау мерзімінің дұрыс қойылғандығы тағы да бір рет тексеріледі. Содан соң келесі сараптау мұрағатта жүргізіледі.

Мекемелердегі іс-жүргізу құжаттары бір жыл көлемінде мекеме мұрағаттарында, одан кейін сақтау мерзімі белгіленгеннен соң тұрақты түрде мемлекеттік мұрағатта немесе уақытша ведомстволық мұрағатта сақталынады. Ведомстволық мұрағатта сақтау барысында оларды пайдалану, атқару және өңдеу шаралары іске асырылады.

Жеке құрамдағы құжаттар құндылығын сараптау құжатты ғылыми тұрғыдан бағалау мақсатында және оларды тұрақты сақтауға таңдап алу үшін кешенді жұмыстар аясын жүргізу үшін қолданылады. Құжаттың құндылығы мұрағат мекемелерінің жұмысы барысында жасалған ережелерге сай ұсынымдық принциптер мен өлшемдер негізінде анықталады. Осы жерде әсіресе шығармашылық, биографиялық, эпистолярлық, т. б. материалдар ерекше зерттеледі. Сараптау 3 кезеңде жүргізіледі:

- 1) толықтыру орындарында,
- 2) құжатты сақтауға қабылдау үшін жүргізілген өңдеуде,
- 3) жеке қор құжаттарын пайдалану барысында.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, құжаттар бағалау өлшемдері бойынша белгілі бір топтарға бөлінеді, дәлірек айтсақ, қор ретінде де, құжат ретінде де жіктелінеді. Қорларды бағалау құжаттарды мұрағатқа сақтауға алғанда олардың құндылығын айқындау барысында жүзеге асады. Құжаттар мен қорларды бағалауда төмендегідей өлшемдер ескеріледі:

- 1) қор жасаушының шығармашылық және қоғамдық қызметінің маңызы;
- 2) құжат мазмұнының маңызы;
- 3) қордың тарихы мен оның құрамы;
- 4) құжаттың пайда болу уақыты мен орнының өлшемі;
- 5) қордың өзге құжаттармен, қорлармен өзара байланыс өлшемі;
- 6) сыртқы белгілерінің өлшемдері және т.б.

Осы өлшемдердің негізінде мұрағатқа қабылданатын құжаттар мазмұны жағынан төмендегідей салаланады: биографиялық материалдар; шығармалық материалдар; қызметтік, педагогикалық, ғылыми, қоғамдық қызмет материалдар; хаттар; фотосуреттер мен киноқұжаттар; тарту етілген жазбалар; қор жасаушының мүліктік-шаруашылық және тұрмыстық құжаттары; қор жасаушы туралы материалдар; қор жасаушы жинақтаған материалдар; коллекциялар; қор жасаушының жанұясының құжаттық материалдары; басқа тұлғалардың материалдары.

Жобалық құжаттама құжаттарына сараптау жүргізу құжаттарға жан-жақты кешенді түрде дұрыс баға беру мақсатында жүргізіледі. Онда қоғам өмірі үшін саяси, ғылыми, тарихи, практикалық, т. б. мәні бар құжаттар қарастырылады. Жобалық құжаттаманы бағалауда мамандар зерттеген өлшемдер негізге алынады. Бағалау өлшемдері жалпы және спецификалық болып ерекшеленеді. Жалпы өлшемдер төмендегідей аспектілерді қамтиды: жинақтың толықтығы, авторлығы, заңдық күші, пайда болған уақыты мен орны, физикалық жағдайы, берілген анықтама ерекшеліктері, т. б. Спецификалық өлшемдерге бірегейлік, жаналық деңгейі, тәжірибелік қолданыстағы маңызы, экономикалық әсері, өзектілігі жатады. Олардан басқа да маңыздылық дәрежелері бар.

Жобалық құжаттардың құндылығын сараптау жұмысы 2 кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезеңде экспериментальды типтік, жекеленген, сондай-ақ қайта жаңғыртылған ғимараттар мен құрылыстардың жобалары таңдап алынады. Бірінші кезеңнің соңында жобалардың тізбелерін жасалып, жобалар тізімі бекітіледі. Сараптама жүргізудің келесі кезеңінде жобалық құжаттама сараптамасы бекіткен тізімдеме жасалынады. Тізбені жасаған маман немесе бұл жұмыс тапсырылған тұлға нормативті құжаттарға сүйенуі тиіс.

Киноқұжаттар мен бейнеунхат (видеофонограмма) құндылығын сараптау белгіленген өлшемдерге сәйкес жалпы және спецификалық болып бөлінеді. Киноқұжаттар мен бейнеунхаттардың жалпы құндылық өлшемдері өзге құжаттардың жалпы өлшемдерінен өзгешеленбейді, оларға ұқсас болып келеді. Спецификалық өлшемдер төмендегідей салаларды қамтиды: құжаттың өнер саласына қатысы ерекшелігі, туынды авторының тұлғалық мәні, мағұлұмат тасушының ерекшелігі, т. б. Мемлекеттік сақтауға кинофильмдер, киножурналдар, киносюжеттер, бейнеунхаттар өткізіледі.

Киноқұжаттар мен бейнеунхаттар құндылығын сараптау нормативтік, ғылыми-методикалық, т. б. нұсқаулық құжаттардың негізінде жасалады. Сараптаманың нәтижесі актіге тіркеліп, сосын тізімдеме жасалады.

Құжаттардың құндылығын сараптау «Ұлттық мұрағаттық қорлар және мұрағаттар туралы» Заңына сәйкес ұйымдастырылады. Сараптауды жүргізу үшін арнайы сараптау комиссиясы құрылады.

Сараптау комиссиясы негізінен мынадай міндеттер атқарады:

- құжаттарды сақтауға алуды іріктеуді жыл сайын ұйымдастыру;
- уақытша (10 жыл) және тұрақты сақтауға алынған істердің тізімдемелерін қарастыру;
- құжаттар мен істерді жою туралы актілерді қарастыру;
- тұрақты сақтаудағы құжаттар бүлінсе немесе қайта қалпына келтірілмейтін жағдайларда актілер жасау, мемлекеттік сақтауға алынған тиісті істер табылмаса акт жасау;
- өзге саладағы құжаттарды ведомстволық сақтауға алу мәселесін қарастыру.
- сақтауға алынған құжаттардың сақтау мерзімін анықтау немесе өзгерту;

- іс жүргізудегі құжаттарды ұйымдастыру үшін нормативтік ережелер мен методикалық кітапшалар шығару, құжат құндылығын саралау және оларды мемлекеттік сақтау алу;
- аса құнды құжаттар мен істердің тізбелері мен тізімдемелерін қарастыру, т. б.

Құжаттардың құндылығын сараптауда ведомстволық және мемлекеттік мұрағаттарға қатысты заңдық ережелер, құжаттарды саралауға арналған жоғары тұрған мұрағат мекемелерінің нұсқаулары, сақтау мерзімі белгіленген құжаттардың типтік тізімдемесі, іс номенклатурасы мен әдістемелік нұсқаулар негізге алынады. Онда ең алдымен мекемедегі құжаттанудың жүйесі зерттеледі. Осының негізінде құжаттар тұрақты және уақытша сақтауға алынады. Тұрақты сақтауға құжаттардың түпнұсқасы алынады. Түпнұсқа жоқ жағдайда көшірме алынады.

Жүргізілген жұмыстар сараптау комиссиясының отырысында талқыланады. Құжаттардың белгілі бір топқа жатқызылуының дұрыстығы әрбір парақ бойынша тексеріледі. Өйткені бұл жұмыстың құжат маңыздылығын саралауда алатын орны өте зор.

Сараптау комиссиясының уақытша және тұрақты сақтауға алынған құжаттары тізімдемеге тіркеледі. Тізімдемеге тіркелген құжаттар екі данада рәсімделеді. Тізімдеменің бір данасы мекемеге берілсе, екінші данасы мемлекеттік мұрағатта қалады. Егер құжат тізімдемеге бірінші рет ілінсе оған тарихи анықтама берілді.

Анықтамада құжатты өткізген мекеме жайлы барлық мағлұматтар берілуі қажет. Сонымен қатар қорға енген құжат көлемі, сақтау мерзімі, т.б. көрсетіледі

Тізімдемелер мекеменің өзге құжаттарымен бірге мұрағаттық органдарға өткізіледі де мұрағаттық орган тізімдемені қостаған соң, құжат толығымен мұрағаттың иелігіне өтеді.

Енді құжаттың сақталу, сақталмауын, хронологиялық шеңберін мұрағаттар анықтайды. Жойылуға іріктелген құжаттарға акт жасалып, оны сараптау комиссиясы растайды.

Мұрағаттық органдар тұрақты сақтауға алынған құжаттардың қаншалықты маңызды екенін тексерді.

Егер жоюға іріктелген құжаттардың ішінен маңызды құжаттар табылса, онда оларды тұрақты сақтау құжаттарының тізімдемесіне іліктіру туралы жарғысы шығады.

Сонымен, Сараптау Комиссиясының негізгі мақсатын ҚР Заңы бойынша былайша көрсетуге болады: «...рассмотрение и принятие решений по вопросам совершенствования делопроизводства и архивного дела в государственном..., рассмотрение и принятие решений по вопросам пополнения национального архивного фонда Республики Казахстан, обеспечение его сохранности и использования на стадии временного хранения в ведомственных архивах государственного органа..., осуществление методического руководства и контроля за деятельностью делопроизводственной и архивной служб государственного органа...».

Бақылау сұрақтары

1. «Құжат құндылығын сараптау» ұғымы нені білдіреді?
2. Құжаттарды бағалаудың принциптері мен өлшемдерін атаңыз.
3. Қандай құжаттар құжат құндылығын сараптау жүргізу үшін қажет?
4. Құжаттар құндылығын сараптауды ұйымдастыру туралы баяндап беріңіз.
5. Эксперттік-тексеру комиссиясы қандай мақсатта құрылады?

3.5 Мұрағаттардағы ғылыми – анықтамалық аппарат (ҒАА) жүйесі

Ғылыми-анықтамалық аппарат мұрағат құжаттарын сақтауды және іздестіруді қамтамасыз ету үшін, түрлі сауалдар бойынша құжаттар мен ақпараттарды жан-жақты әрі мейлінше пайдалану мақсатында құрылады. Ғылыми-анықтамалық аппарат құрамына механикаландырылған, автоматтандырылған немесе электронды нұсқадағы анықтамалар (мұрағат тізімдемесі, қор тізімі, каталогтар, жөнсілтер, көрсеткіштер, құжаттар баяны) кіреді.

Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесін ұйымдастыруда саралап жіктеу принципі негізге алынады, яғни анықтамаларды жасаудың өзіндік методикасы, арнайы құрылымы анықталады. Мұрағаттық анықтамалар мұрағатаралық, жалпымұрағаттық, қораралық және қор бойынша болады.

Мұрағатаралық анықтамалар мемлекеттік мұрағаттардағы материалдар бойынша құжаттарды іздестіруге жәрдемдеседі. Жалпы мұрағаттық белгілі бір мұрағат материалдары бойынша іздестірілсе, қораралық – бір мұрағаттың бірнеше қоры бойынша іздестіріледі. Ал қор бойынша іздестіру нақты бір ғана қордың көлемінде жүргізіледі.

Мұрағаттық анықтамаларды басылымға дайындау ғылыми есеп беру жұмысымен аяқталады.

Мұрағаттық тізімдеме – істің мазмұны мен құрамын ашып көрсететін, қор мен есептеу ісіне жүйелі түрде бекітілген мұрағаттық анықтамалық. Тізімдемелер құжаттану ісінде мекемелер мен ведомстволық мұрағаттарда құрастырылады. Мемлекеттік мұрағаттарда тізімдемелер жаңадан түскен, жазылмаған құжаттарға және сапасы төмен тізімдемелерге жасалынады. Мемлекеттік мұрағатта 3 тізімдеме болады. Біріншісі – бақылау, қалған екеуі жұмысқа пайдаланылады. Бақылау данасы мұрағат бөлімшесінде, жұмысқа қажетті екеуі тиісті қоймада, оқу залында болады. Тізімдемелер қор нөмірі бойынша сақталады. Ал қор шеңберінде ол тізімдеме нөмірі бойынша сақталынып тұрады. Тізімдеме келесі сатыда құрастырылады:

- карточкалардағы істерді сипаттау (сақтау бірлігі бойынша);
- сұлба бойынша карточкаларды жүйелеу, оларды редакциялау;
- тізімдемені рәсімдеу.

Барлық қорлардың тізімдемесіне олардың категориясына қармастан, ғылыми-анықтамалық аппараттың келесі құрылымы кіруі қажет:

- титул парағы;
- мазмұны (егер тізімдеме тараулардан тұрса);
- алғысөз;
- қысқартылған сөздердің тізімі.
- шифрлардың аударма таблицалары (керек жағдайда).

Мұрағаттық каталогтар. Мұрағат құжаттарын барынша пайдалану жақсы ұйымдастырылған ғылыми-анықтамалық аппаратсыз мүмкін емес. Бірақ, мұрағаттық толымды ғылыми-анықтамалық аппарат каталогтар жүйесінсіз ешқандай нәтиже бере қоймайды. Каталогтар жүйесі түрлі мазмұндағы, бірін-бірі толықтырып тұратын әрі өзара тығыз байланысты каталогтардан тұрады. Каталогтар жүйесінің жиынтығы ақпаратты іздестірудің сан алуан жолдарын ұсынады.

Мұрағаттарда каталогтардың жүйелілік, пәндік-тақырыптық, пәндік, хронологиялық және басқа да түрлері жасалынады.

Жүйелілік каталогында екінші ақпарат білім салалары немесе қоғамның практикалық қызмет саласы бойынша топтасады да, логикалық тұрғыдан өрбітіледі. Пәндік-тақырыптық каталогтар өз құрамы бойынша жүйелілік каталогтарға ұқсас. Хронологиялық каталогтарда екінші құжаттық ақпарат мерзімі бойынша хронологиялық тұрғыдан беріледі. Пәндік каталогтар әліпбилік (алфавиттік) құрылымда жасалынады. Оларда екінші құжаттық ақпарат әріп ретімен беріледі.

Маңызды анықтамалық-ақпараттық басылымдардың бірі мұрағат қорларының жөнсілтері (путеводитель) болып табылады. Бұл анықтамалықта мұрағат қорларының тізімі сипаттамасымен бірге беріледі. Жөнсілтер мұрағаттағы ғылыми-анықтамалық аппарат негізінде жасалынады. Жөнсілтерде мұрағат қорлары, коллекциясы, құжаттар кешені жүйелі түрде қысқаша беріледі.

Жөнсілтерде қорлардың жеке, топтық сипаты да жазыла береді. Қор сипаттамасын жасаған кезде түрлі санаттағы қорларды саралап жіктеуге де болады.

Сонымен, мұрағат анықтамасын пайдалану халық пен республиканың өткенін қарастыратын зерттеушілер тарапынан үнемі қызығушылық тудырады, сондықтан мұрағат қорларын жан-жақты пайдалану үшін үнемі ғылыми-анықтамалық аппаратты жетілдіріп отырған жөн.

Бақылау сұрақтары

1. Ғылыми-анықтамалық аппарат деген не?
2. Есептік-анықтамалық құжаттардың қандай түрлері кеңінен белгілі?
3. Мұрағаттардың ғылыми-анықтамалық аппараты қандай мақсатта қолданылады?
4. Тізімдемелер қалай құрастырылады?
5. Тізімдеменің мәні мен құрылымы туралы баяндап беріңіз?
6. Жөнсілтер қалай құрастырылады?
7. Жөнсілтердің орны мен құрылымын баяндаңыз.

8. Мұрағат анықтамаларының басқа түрлері қалайша құрастырылады?

3.6 Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын пайдалану

Ұлттық мұрағат қорының құжаттары қоғамның өткен күндерге қатысты ақпараттық сұранымдарын қамтамасыз ету және құжаттарды ғылыми тұрғыдан жариялау үшін пайдаланылады. Сан алуан бағыттағы ақпараттарды қамтыған Ұлттық мұрағат қорының құжаттары түрлі саладағы қоғам қажеттілігін өтейді.

Құжаттық ақпарат өз құрамы мен мазмұны бойынша тарихи, саяси, ғылыми, заңдық, т. б. ақпараттық кеңістіктерге бөлінеді. Өз кезегінде Ұлттық мұрағат қорының құжаттары қоғам өмірінің түрлі салаларында пайдаланылып келеді.

Мемлекеттік, ведомстволық және жеке мұрағаттар қабылданған Ұлттық мұрағат қоры туралы Заң негізінде заңды және жеке тұлғаларға заңдық күші бар мұрағат құжаттарының көшірмелерін бере алады. Мұрағат құжаттары негізінен мекемелерді, зерттеушілерді тақырыптық, әлеуметтік-құқықтық, мәдени-ағарту, ғылыми жарияланым сипатындағы ақпаратпен қамтамасыз етуде, оларды оқу залдарына беруде көп пайдаланылады.

Мұрағат анықтамалары заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сұрастырған өтініштері бойынша да беріледі. Мұрағат анықтамасы дегеніміз – бұл ресми түрде бекітіліп берілген анықтама, ол заңдық күші бар мұрағат құжаты. Жеке тұлғалардың сұрауы бойынша берілетін мұрағат құжаттары негізінен биографиялық сипаттағы мәліметтерден тұрады. Тақырыптық та, әлеуметтік құқықтық та мұрағат анықтамаларын есепке алу ісі жүргізіледі. Анықтамаларды құрастырудың белгілі бір талаптары бар. Дерек көздерінен алынған мәліметтер нақты мағлұматтардан тұруы тиіс, оған ешқандай өзгерістер енбеуі керек, себебі мұрағаттан алынған анықтамалар түпнұсқамен бірдей заңдық күшке ие болады.

Мұрағаттар берген анықтамалар мұрағат көшірмелеріне, түпнұсқа көшірмелерінен бөлінеді.

Сұранымға берілген жауап түпнұсқадан алынады. Анықтама мазмұнында құжат атауы, оқиға болған күн мен мәтін міндетті түрде көрсетіледі, онда сұратылған сауалға қатысты мағлұмат беріледі, сонымен қатар ізденістік мағлұматтарға ден қойылады. Мұрағат анықтамасына мұрағат мекемесінің басшысы қол қояды, сонан соң ол мұрағат мөрімен бекітіледі.

Егер сұратылған сауалға қатысты қажетті мәліметтер табылмаса, оған не себепті тиісті мәлімет жоқ екендігі айтылып жауап жазылады, мұнымен бірге табылуы мүмкін деген басқа мұрағаттарға жөн сілтенеді.

Мұрағат құжаттары көрмелерді ұйымдастыру үшін де қолданылады. Құжаттар көрмесі нақты бір тақырып бойынша құжаттардың құрылымы

мен мазмұнымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылады. Көрмелер стационарлық немесе жылжымалы түрде өткізіледі, онда құжаттар көшірмесі пайдаланылады, құжат түпнұсқасы көрмелерге өте сирек жағдайда ғана шығарылады. Құжат көрмесін ұйымдастырмас бұрын тақырыпқа қатысты әдебиеттер зерттелінеді, бұрын жарияланбаған, сондай-ақ ғылыми айналымға енбеген құжаттар анықталып, таңдап алынады. Материалдарға толымды түсініктеме беріліп, көркемделінеді. Одан кейін таңдап алынған тақырып бойынша құжаттар бір ізге түсіріліп, жәдігерлікке шыққан құжаттың ізденістік мәліметтері көрсетіледі.

Мұрағат құжаттары мерзімді басылымдарда, радио мен теледидар бағдарламаларында да қолданылады. Мұрағат құжаттары негізінен мұрағат оқу залында зерттеулер үшін пайдаланылады.

Бақылау сұрақтары

1. Мұрағат құжаттары қандай мақсатта қолданылады?
2. Мұрағат мекемелерінде анықтамалардың қандай түрлері құрастырылады?
3. Мұрағат анықтамаларын беру тәртібін баяндап беріңіз.
4. Оқу залынындағы зерттеушілердің жұмыс тәртібі туралы айтып өтіңіз.

МҰРАҒАТ ІСІ БОЙЫНША НОРМАТИВТІ АКТІЛЕР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫЛЫМДАР ТІЗІМІ

1. Закон Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах». 22 декабря 1998 г.
2. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах». Астана, 10.11.2001 г.
3. Положение о Национальном архивном фонде Республики Казахстан. Утверждено Постановлением Правительства Республики Казахстан №1538 от 7.10.1999 г.

4. Положение о Комитете по управлению архивами и документацией Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Утверждено Постановлением Правительства Республики Казахстан №543 от 07.15.1999 г.
5. Концепция развития архивного дела в Республике Казахстан на 2001-2005 годы. Одобрена Постановлением Правительства Республики Казахстан №146 от 26.01.2001 г.
6. Программа развития архивного дела в Республике Казахстан на 2001-2005 годы. Утверждено Постановлением Правительства Республики Казахстан №797. от 11.06.2001 г.
7. Инструкция о централизованном государственном учете документов Национального архивного фонда республики Казахстан. Утверждено приказом Председателя Комитета по управлению архивами и документацией Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 11.08.2000 г., №47.
8. Постановление Кабинета Министров республики Казахстан от 30.06.1992 г. «Об утверждении основных правил документирования и управления документацией обиденнениях (предприятиях), учреждениях и организациях всех организационных форм республики Казахстан.
9. Инструкция « О порядке оформления и учета документов, подлежащих хранению, в банках и требованиях по организации хранения документов». Утверждено Постановлением Правления Национального банка Республики Казахстан №351. от 31.12.1996 г.
10. Методические указания по созданию в государственных архивах фондов из материалов учреждений, организаций и предприятий / Главное архивное управление СССР.М.,1963 г.
11. Обеспечение сохранности документов Государственного архивного фонда СССР / Главное архивное управление СССР. М.,1987.
12. Руководство по поддержанию температурного, влажностного режима в архивохранилищах. Методические указания. М., 1982.
13. Положение о создании и организации страхового фонда копии особо ценных документов государственных архивов. М., 1983.
14. Методические рекомендации по работе с особо ценными документами в государственных архивах. М., 1983.
15. Методические рекомендации по отбору, экспертизе ценности, научно-технической обработке и составлению НСА к проектной документации. Алматы, 1998. № 4.
16. Методические рекомендации по составлению Примерного Перечня документов постоянного и долговременного хранения, образующихся в деятельности высших государственных органов и их подведомственных организации. Алматы, 1999.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Основные декреты и постановления Советского правительства по архивному делу. 1918-1919 гг. М., 1985.
2. Валк С.Н. О тексте декретов Октябрьской социалистической революции и необходимости научного их издания // Архивное дело. 1939.№ 3 (51).С 1-22.
3. Пшеничный А.П. О подготовке декрета «О реорганизации и централизации архивного дела в РСФСР» // Советские архивы. 1987. № 6. С 16-17.

4. Максаков В.В. Архивное дело в первые годы Советской власти. М., 1959. С.154.
5. Максаков В.В. История и организация архивного дела в СССР.(1917-1945 гг.). М., 1969
6. Хасанаев М.Ж. Архивное строительство в Казахстане в первые годы установления советской государственности (1920-1922 гг.) / Материалы к курсу «Архивоведение». Алматы, 2000.
7. Основные правила работы государственных архивов СССР. М., 1984.
8. Теория и практика архивного дела в СССР. М., 1980.
9. Архивное строительство в Казахстане (1918-1980 гг.) / Сборник законодательных и руководящих документов. Алматы, 1980.
10. Балгазина Р.О. Архивное строительство в Казахстане (1917-1937 гг.) // Известия АН КазССР, Алматы, 1982. № 6
11. Крайская З.В. Архивоведение. Учебное пособие. Москва, 1997.
12. Хасанаев М.Ж. Сохраняйте архивы // Вечерняя Алма-Ата. 1985. №37
13. Балинов А.М. Комплектование и использование материалаов частных коллекций // Советские архивы. 1974. № 6. С. 96-99.
14. Дмитриев С.С. Личные архивные фонды. Виды и значение их как исторических источников // Вопросы архивоведения. 1979. № 3 С.45-48.
15. Колесник Т.Б. Критерии экспертизы ценности проектной документации (на примере объектов магистрального транспортного строительства) // Советские архивы. 1990. № 3. С. 71-75.

ҚОСЫМШАЛАР

№1

Ведомстволық мұрағаттардың Ұлттық мұрағат қорындағы құжаттардың уақытша сақталуы мен олардың мемлекеттік мұрағаттарға өткізілу тәртібі

1. Мемлекеттік үкімет органдарының қызметі аясында қалыптасқан құжаттар:
ҚР Президенті әкімшілігі
ҚР Парламенті
ҚР Конституциялық кеңесі
ҚР Орталық сайлау комиссиясы
ҚР Жоғарғы соты
ҚР Бас прокуратурасы
ҚР Ұлттық банкі
Министрліктер мен басқа да атқару органдары мен ведомстволар 15 жыл
2. Аумақтық органдар мен басқа да мемлекеттік заңды тұлғалардың, орталық атқару органдарына тиісті мекемелердің ведомстволардың қызметі кезінде қалыптасқан құжаттар 10 жыл
3. Жарғылық капиталында мемлекеттік меншік үлесі басым ұлттық компаниялар мен басқа да мемлекеттік, республикалық заңды тұлғалардың қызметі барысында қалыптасқан құжаттары 10 жыл
4. Жергілікті өкілеттіліктер, атқару органдары, арнайы экономикалық аймақтардағы кеңестер жұмыстары кезінде қалыптасқан құжаттар 10 жыл
5. Облыстық бағыныстағы (Алматы, Астана қ.) заңды тұлғалардың жұмыстары кезінде қалыптасқан құжаттар 10 жыл
6. Қалалық және аудандық бағыныстағы мемлекеттік бағыныстағы заңды тұлғалардың қызметі аясында қалыптасқан құжаттар 5 жыл
7. азаматтық жайттар актілері, шаруашылық кітаптар, нотариаттық іс-әрекеттер, жылжымайтын орталық және сот ісі құжаттары 75 жыл

8. Ғылыми-зерттеу, технологиялық, Патенттік-лицензиялық құжаттама	10 жыл
9. Конструкторлық тәжірибелік құжаттама	15 жыл
10. Жобалық құжаттама	20 жыл
11. Картографиялық құжаттама	25 жыл
12. Геодезиялық құжаттама	25 жыл
13. Телеметрикалық құжаттама	5 жыл
14. Машиналық (электрондық) жеткізушідегі құжаттама	5 жыл
15. Киноқұжаттар, үнқұжаттары мен видеофонограммалар	3 жыл
Фотоқұжаттар	3 жыл

№ 2

Паспорт архива на документы централизованного государственного учета

Наименование и адрес получателя

Кем представляется -----

Наименование и адрес отчитывающейся организации

Паспорт -----архива

на 1 января----- (Название архива)-----

Состав и объем архивных документов

- 1 Документы на бумажной основе
- 2 В. т. ч. управленч. Документация
- 3 Документы личного происх.
- 4 Научно-технич. Документация
- 5 Документы по личному составу

6. Кинодокументы
- 7 Фотодокументы
- 8 Фонодокументы
- 9 Видеодокументы
- 10 Машиночитаемые документы
- 11 Микрографии на правах подлинников
- 12 Итого

№3

Карточка фонда

Дата первого поступления фонда

Дата получения карточки фонда

Место хранения фонда

№ фонда

Категория Форма собствен.

Крайние даты каждого названия фонда
Название фонда
Объем фонда на первое января
Годы
Количество ед.хр.
Неописан. Документов

Оборотная сторона карточки

Название описи, аннотация документов

Нач. годы
Кон. годы

Название описи, аннотация документов

Нач. годы
Кон. годы

Прежний № фонда

Примечание

Дата-----Должность-----Подпись

№4

Схема
построения списка учреждений, организации и предприятий
источников комплектования государственных архивов
Республики Казахстан всех уровней

1. Государственная власть.

- 1.1. Представительная власть
- 1.2. Исполнительная власть

1.3. Судебная власть, юстиция, прокуратура.

2. Планирование, статистика, труд и социальная защита населения.

2.1. Планирование

2.2. Статистика

2.3. Ценообразование, регулирование естественных монополий, защита конкуренции

2.4. Труд и социальная защита населения

2.5. Миграция и демография

3. Промышленность

3.1. Стандартизация, метрология, сертификация

3.1. Надзор за безопасным ведением работ в промышленности и в горном деле

3.2. Электроэнергетика

3.3. Нефтяная и газовая промышленность

3.4. Угольная и топливная промышленность

3.5. Металлургия черная, цветная и редких металлов

3.6. Химическая и нефтехимическая промышленность

3.7. Машиностроение и металлообработка

3.8. Атомная промышленность

3.9. Промышленная добыча драгоценных металлов и алмазов

3.10. Фосфорная промышленность

3.11. Лесная, целлюлозно-бумажная, деревообрабатывающая промышленность

3.12. Промышленность строительных материалов

3.13. Радиоэлектронная и приборостроительная промышленность

3.14. Легкая промышленность

3.15. Мясная и молочная промышленность

3.16. Рыбное хозяйство

3.17. Медицинская, фармацевтическая и микробиологическая промышленность

4. Сельское, водное, лесное хозяйство, земельные ресурсы

4.1. Сельское хозяйство

4.2. Плодоовощное хозяйство

4.3. Лесное и охотничье хозяйство

4.4. Водное хозяйство

4.5. Земельные ресурсы

4.6. Геодезия и картография

5. Охрана и мониторинг окружающей среды

5.1. Охрана окружающей среды

5.2. Связь

6. Транспорт и связь

6.1. Транспорт

6.2. Связь

7. Строительство и архитектура

8. Геология и разведка недр

9. Торговля и общественное питание.

10. Снабжение, заготовка, сбыт,

- 10.1. Снабжение и сбыт.
- 10.2. Заготовки.
- 10.3. Обеспечение нефтегазопродуктами

11. Финансирование, кредитование, развитие малого и среднего бизнес», страхование.

- 11.1. Финансирование.
- 11.2. Кредитование, инвестирование, банки
- 11.3. Развитие малого и среднего бизнеса
- 11.4. Страхование

12. Жилищно-коммунальное хозяйство, сервисное обслуживание населения

- 12.1. Жилищно-коммунальное хозяйство
- 12.2. Сервисное обслуживание населения

13. Государственные доходы, налогообложение, государственное имущество

- 13.1. Государственные доходы
- 13.2. Налогообложение
- 13.3. Государственное имущество

14. Чрезвычайные ситуации

15. Образование , физическая культура и спорт

- 15.1. Здравоохранение
- 15.2. Физическая культура и спорт
- 15.3. Туризм

16. Образование

- 16.1. Высшее образование
- 16.2. Среднее и профессиональное образование

17. Информационная деятельность

- 17.1 Информационная деятельность
- 17.2. Издательская деятельность
- 17.3. Средства массовой информации
- 17.4. Архивное дело

18. Наука и научное соировождение.

- 18.1. Академическая наука
- 18.2. Научные общественные объединения
- 18.3. Защита авторских прав, патентно-лицензионная деятельность

19. Культура и искусство

20. Общественные объединения

- 20.1. Профессиональные союзы
- 20.2. Потребительские общества
- 20.2. Политические партия и движения
- 20.3. Творческие союзы и объединения
- 20.4. Женские неправительственные организации и движения
- 20.5. Детские и юношеские организации по поддержке общественных инициатив

- 20.8. Правозащитные организации
- 20.9. Экологические неправительственные организации
- 20.10. Неправительственные организации по социальной поддержке
- 20.11. Неправительственные организации по защите прав инвалидов
- 20.12. Просветительские неправительственные организации
- 20.13. Медицинские неправительственные организации
- 20.14. Добровольные неправительственные организации
- 20.15. Культурно-национальные объединения

№8

Название государственного архива

АНКЕТА ИССЛЕДОВАТЕЛЯ

Регистрация исследователя

№ карты исследователя

Фамилия, имя, отчество-----

Год рождения-----

Гражданство-----

Место

работы, должность-----

Образование,----- ученая степень-----

звание,-----

Тема-----исследования,----- ее хронологические рамки-----

Цель исследования-----

Адрес, телефон (служебный)-----

С правилами работы в читальных залах государственных архивов ознакомился (ась),
обязуюсь их выполнять и представить в архив один экземпляр опубликованной работы
или библиографическую справку.-----

(Подпись пользователя и дата)

№5

Название государственного архива

Тематическая карта исследователя

Год регистрации исследования----- Карта №-----

Год рождения-----

Национальность -----

Гражданство-----

Образование, ученая степень, звание-----

Место работы, должность-----

По заданию какого учреждения работает в архиве-----

Адрес, телефон (домашний)-----

Адрес телефон (служебный)-----

Серия, номер паспорта, удостоверения-----

Занятия в государственных архивах до обращения в данный архив-----

Оборотная сторона

Номер темы при государственной регистрации-----

Тема исследования-----

Хронологические рамки темы-----

Направление использования документов-----

Форма реализации результатов исследования-----

С правилами работы исследователей в читальных залах государственного архива ознакомился, обязуюсь их выполнять и один экземпляр опубликованной работы представить в архив.

(дата и подпись исследователя)

№6

Название государственного архива

ЗАЯВКА-ТРЕБОВАНИЕ НА ВЫДАЧУ ДЕЛ

РАЗРЕШАЮ ВЫДАЧУ ДЕЛ

Должность
Подпись
Дата

Ф.И.О.-----

Тема исследования-----

Дата заполнения

Подпись

№7

Заказ на копировально-множительные работы

Заказчик-----

Адрес, телефон -----

Уполномоченное лицо

ЗАКАЗ №-----
На копировально - множительные работы

Заказ принят -----200 г-----
(Подпись сотрудника)

Фамилия исполнителя-----
Просим изготовить-----

Приложение -----
(опись документальных материалов и т.д.)
Счет выписать на имя-----
Подпись уполномоченного-----

Оборотная сторона

Счет оплачено-----
По заказу №-----сделано
Выполненную работу принял «-----» -----200-----г.-
(подпись заказчика)

В документах Государственного архива (название архива) имеются сведения о работе Ахметовой Анар Алпысовны (так в документе) в городе (название города) за 1959-1967 гг. в средней школе №15, учителем начальных классов.

Директор Государственного
Архива (название архива)

Гербовая печать

Подпись

Расшифровка подписи

нормативно-методических документов с определением сроков хранения документов

Перечень типовых документов, образующихся в деятельности госкомитетов, министерств, ведомств и других учреждений, организации, предприятия, с указанием сроков хранения. М., 1989

Перечень документов, подлежащих приему в государственные архивы СССР. М., 1973

Перечень научно-технической документации, подлежащей приему в государственные архивы СССР. М., 1969

Перечень научно-технической документации, подлежащей приему в государственные архивы СССР, и методические рекомендации по экспертизе ценности научно-технической документации. М., 1987

Тематический перечень звукозаписей, подлежащих приему на государственное хранение. М., 1980

№10

Форма обложки постоянного и временного хранения дел

Д.№-----
Оп. №-----

Ф.№-----

Наименование учреждения и структурного подразделения

(дата)
на-----лист
Хранить-----

Ф.№-----
Оп.№-----
Д.-----

МАЗМҰНЫ

Кіріспе -----

Негізгі түсініктеме-----

I-Тарау. Қазақстан Республикасында мұрағат ісін ұйымдастыру тарихы, даму кезеңдері және қазіргі жағдайы -----

II-Тарау. Республика мұрағаттарының Ұлттық мұрағат қорларындағы құжаттық материалдар мен қорлардың құрамы және мазмұны-----

III-Тарау. Мұрағат мекемелерінің практикалық қызметі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарды қамтамасыз етуі-----

Қосымшалар-----